

Шығыс Қазақстан облысы  
әкімдігінің білім  
басқармасы  
КМҚК «Геология барлау  
колледжі»



КГКП «Геологоразведочный  
колледж» управления  
образования Восточно-  
Казахстанского областного  
акимата

**1514000 «Экология және жер қойнауын пайдалану  
салаларындағы табиғи ресурстарды тиімді қолдану»  
мамандығына арналған «Геоэкологиялық зерттеулердегі  
аспаптар мен зертханалық әдістер» пәнінен базалық тірек  
конспектісі**

**Оспанова А. К.**

**1514000 «Экология және жер қойнауын пайдалану  
салаларындағы табиғи ресурстарды тиімді қолдану»  
мамандығына арналған «Геоэкологиялық зерттеулердегі  
аспаптар мен зертханалық әдістер» пәнінен базалық тірек  
конспектісі**

Колледждің әдістемелік кеңесінде бекітілген

Әзірленген 2012  
(мерзім)

Қайта өндеген 2017  
(мерзім)

**Семей қаласы, 2017 ж.**

Оспанова А. К. 1514000 «Экология және жер қойнауын пайдалану салаларындағы табиғи ресурстарды тиімді қолдану» мамандығына арналған «Геоэкологиялық зерттеулердегі аспаптар мен зертханалық әдістер» пәнінен базалық тірек конспектісі. – 93 бет.

Базалық тірек конспекті оқу жұмыс бағдарламасына сәйкес 1514000 «Экология және жер қойнауын пайдалану салаларындағы табиғи ресурстарды тиімді қолдану» мамандыққа әзірленген және 3 курс студенттеріне арналған. Ол құрамында «Геоэкологиялық зерттеулердегі аспаптар мен зертханалық әдістер» пәні бойынша 6 тараудан тұрады, негізгі теориялық және тәжірибелік материалдар, сондай-ақ, құрамында бақылау сұрақтары мен тапсырмалары бар. Негізгі түсініктердің анықтылығына, олардың ерекшеліктері мен түрлеріне қысқа мерзімде жаңа ақпараттарды пайдалана отырып студент жауап берे алады және емтиханды сәтті тапсыра алады. Базалық тірек конспектісі студенттерге ғана емес, оқытушыларға да сабакқа дайындалу және оны өткізу кезінде тиімді.

## Мазмұны

Пәннің тақырыптық жоспары		
1.	Тақырып 1. Кіріспе	8-9
I Бөлім. Табиғи ортаның жағдайын талдауға арналған аспаптар мен жабдықтар.		
2.	Тақырып 1.1. Аспаптар мен жабдықтарға қойылатын талаптар	9-10
3.	Тақырып 1.2. Талдаудың фотометриялық әдістерінің мазмұны	10-13
4.	Тақырып 1.2 Талдаудың фотоөлшемдік әдістерінің аспаптары	13-14
5.	<b>Зертханалық жұмыс 1.2</b> КФК – 2, КФК – 3 аспаптарының әрекет ету принципі., жұмыс істеу тәртібі. Аспаптарды жұмысқа дайындау	14-17
6.	Тақырып 1.3. Талдаудың атомдық-спектрөлшемдік әдістерінің аспаптары	17-19
7.	<b>Зертханалық жұмыс 1.3.</b> Атомды-абсорбциялық және атомды –эмиссиялық спектрофотометрлердің қолданылуы, әрекет ету принципі	19-21
8.	Тақырып 1.4. Электрохимиялық әдістердің аспаптары мен жабдықтары	21-24
9.	<b>Зертханалық жұмыс 1.4.</b> Иономерді жұмысқа дайындау. Ерітіндінің pH немесе ионселективті электродтарды пайдаланып, иондардың бірінің концентрациясын анықтау	24-27
10.	Тақырып 1.5. Талдаудың хроматографиялық әдістерінің аспаптары мен жабдықтары	27-33
11.	Тақырып 1.6. Газталдағыштар және индикаторлық түтікшелер	33-35
12.	Тақырып 1.7. Сынамаларды алуға арналған жабдықтар. Су, топырақ, ауа сынамаларын алу әдістемесі	35-39
13.	<b>Зертханалық жұмыс 1.7.</b> Электроаспиратордың құрылышымен және жұмыс істеу тәртібімен танысу, жұмысқа дайындау. Ауа сынамасын іріктеу	39-41
14.	Тақырып 1.8. Өлшеу нәтижелерін өндөу және жазу формасы	41-43
II Бөлім. Атмосфералық ауаны және жұмыс аймағының ауасын талдау.		
15.	Тақырып 2.1. Атмосфералық ауаны және жұмыс аймағының ауасын талдаудың әдістері	43-46
16.	Тақырып 2.2. Ауадағы газтәрізді және аэрозольді қоспалардың болуын өлшеудің нәтижелерін өндөу	46-48
17.	<b>Зертханалық жұмыс 2.2.</b> Сұзгілерді дайындау және	48-52

	орнату. Шаң-тозаңның болуына ауа сынамасын іріктеу. Аудадағы шаңның концентрациясын анықтау	
III Бөлім. Табиғи және пайдаланылған суларды талдау.		
18.	Тақырып 3.1. Табиғи және ағынды сулардағы негізгі ластаушы заттардың тізімі, химиялық құрамының құрлысы мен процесстері. Нәтижелерді өндөу	52-55
19.	Тақырып 3.1. Судынфизикалық көрсеткіштерін анықтау тәсілдері. Су сынамаларын талдаудың физикалық-химиялық әдістері	55-58
20.	Тақырып 3.2. Су сапасының физикалық қасиеттерін анықтау	58-60
IV Бөлім. Топырақты талдау.		
21.	Тақырып 4.1. Топырақтың ластану көздері, негізгі ластаушы заттар	60-62
22.	Тақырып 4.2. Топырақ сынамаларын талдаудың физико-химиялық әдістері	62-66
23.	Зертханалық жұмыс 4.2. Топырақта ауыр металдардың болуын сандық анықтаудың әдістері	66-70
V Бөлім. Радиоактивті ластанулар және оларды өлшеу.		
24.	Тақырып 5.1. Иондаушы сәулеленулердің физикалық табиғаты және олардың затпен әрекеттесуі. Иондаушы сәулеленулердің биологиялық әрекеті	70-74
25.	Тақырып 5.2. Радиоактивті сәулеленулерді анықтау және өлшеу әдістері	74-77
26.	Тақырып 5.3. Дозиметриялық аспаптар, олардың қолданылуы мен сақталуы	77-81
27.	Тақырып 5.4. Радиометриялық өлшеулер	81-84
VI Бөлім. Геологиялық объектілерді талдау.		
28.	Тақырып 6.1. Геологиялық объектілерді талдау	84
29.	Тақырып 6.2. Материалды талдауға дайындаудың негіздері	84-89
30.	Тақырып 6.3. Химиялық және физикалық-химиялық талдау	89-93
31.	Қолданылған әдебиеттер тізімі	93

### 3. Пәннің тақырыптық жоспары мен мазмұны

№ п/ п	Бөлімдер мен тақырыптардың атауы	Оқытудың күндізгі формасындағы оқу уақытының көлемі (сағат).		
		барл ығы	тео рия	Зерт тәж
1.	<b>Kіріспе.</b>	2	2	
2.	<b>I Бөлім. Табиғи ортаның жағдайын талдауға арналған аспаптар мен жабдықтар.</b>			
3.	Тақырып 1.1. Аспаптар мен жабдықтарға қойылатын талаптар.	2	2	
4.	Тақырып 1.2. Талдаудың фотоөлшемдік әдістерінің аспаптары.	6	4	2
5.	Тақырып 1.3. Талдаудың атомдық-спектрөлшемдік әдістерінің аспаптары.	4	2	2
6.	Тақырып 1.4. Электрохимиялық әдістердің аспаптары мен жабдықтары.	7	5	2
7.	Тақырып 1.5. Талдаудың хроматографиялық әдістерінің аспаптары мен жабдықтары.	2	2	
8.	Тақырып 1.6. Газталдағыштар және индикаторлық түтікшелер.	2	2	
9.	Тақырып 1.7. Сынамаларды алуға арналған жабдықтар. Су, топырақ, ауа сынамаларын алу әдістемесі.	4	2	2
10	Тақырып 1.8. Өлшеу нәтижелерін өндеу және жазу формасы.	2	2	
	<b>II Бөлім. Атмосфералық ауаны және жұмыс аймағының ауасын талдау.</b>			
11	Тақырып 2.1. Атмосфералық ауаны және жұмыс аймағының ауасын талдаудың әдістері.	6	4	2
12	Тақырып 2.2. Ауадағы газтәрізді және аэрозольді қоспалардың болуын өлшеудің нәтижелерін өндеу.	2	2	
	<b>III Бөлім. Табиғи және пайдаланылған суларды талдау.</b>			
13	Тақырып 3.1. Су сапасының физикалық көрсеткіштерін анықтау. Су сынамаларын талдаудың физикалық-химиялық әдістері.	8	6	2
	<b>IV Бөлім. Топырақты талдау.</b>			

14	Тақырып 4.1. Топырақтың ластану көздері, негізгі ластаушы заттар.	4	4	
15	Тақырып 4.2. Топырақты талдаудың негізгі әдістері.	6	4	2
	<b>5 Бөлім. Радиоактивті ластанулар және оларды өлшеу.</b>			
16	Тақырып 5.1. Иондаушы сәулеленулердің физикалық табигаты және олардың затпен әрекеттесуі. Иондаушы сәулеленулердің биологиялық әрекеті.	2	2	
17	Тақырып 5.2. Радиоактивті сәулеленулерді анықтау және өлшеу әдістері.	2	2	
18	Тақырып 5.3. Дозиметриялық аспаптар, олардың қолданылуы мен сақталуы.	2	2	
19	Тақырып 5.4. Радиометриялық өлшеулер.	2	2	
	<b>6 Бөлім. Геологиялық объектілерді талдау.</b>			
20	Тақырып 6.1. Геологиялық объектілерді талдау.	2	2	
21	Тақырып 6.2. Материалды талдауға дайындаудың негіздері.	3	3	
22	Тақырып 6.3. Химиялық және физикалық-химиялық талдау.	3	3	
	<b>Пән бойынша барлығы</b>	<b>73</b>	<b>59</b>	<b>14</b>

## *Сабак №1*

### *Kipicne.*

**Тақырыбы** : Kipicne. Басқа пәндермен байланыс.

### **Жоспар:**

1. Қала агломерациялары мен өнеркәсітік кешендердің геоэкологиялық зерттеулердің міндеттері.
2. Басқа пәндермен байланысы
3. Қоршаған табиғи ортаны бақылаудың негізгі әдістері
4. Аспаптар бойынша жалпы мағлұмат

1. Геоэкологиялық зерттеулердің негізгі бағыттары төмендегідей:

- a) Табиғи орта компоненттерін оқу (аяу, су, топырак)
- б) Топырақтың пестицидтармен, гербицидтармен (топырақтың ластануын анықтау)
- в) Құрғатылған және суармалы жерлердегі қолайсыз процестерді анықтау
- г) Жазықтықтағы өзендердегі ГЭС, үлкен су қоймаларының жағымсыз әсерінің сипаттамасы
- д) Тау-кен аймақтарында ландшафттардың бұзылуын, қоршаған ортаның ластануын оқу
- е) Тау-кен аймақтарында топырақтың ластануын, жер үсті және жер асты суларының ластануын оқу.
- ж) Геоэкологиялық жұмыстар жүргізу үшін ландшафтылы-геохимиялық жағдайларды зерттеу, оқу

Геоэкологиялық зерттеулер дайындық, далалық, аналитикалық камералдық жұмыстардан тұрады.

ГЭ зерттеулер экологиялық апат аймақтарында, экологиялық аномалиялар аймақтарында жүргізіледі. ГЭЗ-дің негізгі ерекшеліктері – геохимиялық, геоэкологиялық гидрогеологиялық және т.б. зерттеулер нәтижесінде кешенді түрде зерттеулер жүргізу. Зерттеулер арнайы аспаптарды пайдаланып, зертханалық түрде өткізіледі. ГЭЗ-тің соңғы нәтижесі ретінде:

- а) Табиғи және техногенді факторлардың бірлігін бағалау
- б) ҚО тиімді пайдалану және қорғау бойынша әр түрлі шаралар жүргізу

ГЭЗ-дің негізгі міндеттері:

- а) Әр түрлі техногенді әсері бар аймақтары бар және карталау
- б) Табиғи ортаның жағдайын және онда болып жатқан экологиялық процестердің әсерін анықтау
- в) Техногендік әсер нәтижесінен қоршаған ортаның өзгерістерін оқу
- г) ҚО жағдайы туралы құзырлы орындарға, табиғат қорғау органдарына қауіпті, қауіпсіз экологиялық жағдайлар жайында шүғыл ақпарат беру
- д) ҚО-га зиянды және зиянсыз процестердің әсері бойынша ұсыныстар дайындау

2. «Геоэкологиялық зерттеулердің аспаптары мен зертханалық әдістері» пәні көптеген пәндермен байланысады: органикалық, бейорганикалық химия, қоршаған орта жағдайларын бақылау, физ-хим талдау негіздері, физколл. химия, гидрогеология, геофизика, геохимия және т.б.

3. Талдаудың химиялық әдістері заманауи талаптарға сай келе бермейді. Табиғаттағы технологиялық, биологиялық процестерді басқару үшін талдаудың тез, шүғыл жүргізілетін түрлері қажет. Соңықтан тез жүретін «экспресс» әдістер табылған. Олардың физикалық және физ-химиялық әдістері өте сезімталдығымен ерекшеленеді. Мысалы: радиометриялық анализ кейбір қоспаларды 10<sup>-9</sup>% дейін анықтайды.

Бақылау әдістері

#### **Визуальді**

- Колориметрлік
- сыйықты-колориметрлік
- титриметрлік
- хромотографиялық

#### **Аспапты (инструментальді)**

- аспираторлы (көрікті, электроаспиратор)
- гравиметриялық (анал. таразы)
- потенциометриялық (иономер 74)
- фотометриялық (СФ-26, СФ-46, КФК-2,

КФК-3)  
-хромотография (хромотограф. ЛХМ-8МД)

Қоршаған орта жағдайын бақылауда, агрохимиялық қызмет саласында аспапты әдістер үлкен орын алады. Сандық талдауда үлкен орынды метематикалық әдістер, мысалы: ЭВМ-да нәтижелерді өндөу, тәжірибелі жобалау және т.б. алады.

Заттарды талдауда қолданылатын түрлі аспаптарды әдістердің аралас өткізілуі заманауи «гибридті» әдістерді береді. Мысалы: хромотографияның фотометриямен үйлесуі хромотофотометрияны береді. Хромотомасс-спектроскопия қолданылады. Автоматтанған талдағыштар үлкен мағынаға ие болды.

Заманауи аналитикалық химия, физика, кванттық механика, радиоэлектроника, жартылай өткізгіш техника жетістіктерін пайдаланады.

Терең орналасқан электрондарды зерттеуге талдаудың физикалық әдістеріне негізделген эмиссионды, флуоресцентті, рентгенспектрлі әдістер пайдаланылады. Ядролы-магнитті резонансты (ЯМР) және электронды-парамагнитті резонансты (ЭПР) әдістер пайдаланыла бастады.

Атмосфералық ауаны зерттеуде «УГ-2», «Палладий-3», «ГИАМ» газталдағыштарын қолданады. Ауадағы зиянды қоспаларды анықтауда сорбциялық тұтіктер, сіңіргіш аспаптар көмегімен ауаны сорып, ерітінділердің сіңіргіштігіне талдау жүргізеді. Олар КФК-2, КФК-3, т.б. фотометриялық тәсілмен анықталады.

Автокөліктің шығарған газдарындағы СО мөлшерін анықтауға 121-ФР-01 газталдағыштары және инфралиптің көптеген түрлері қолданылады. Ол үшін колибрлік графиктер түрғызыу керек.

Газталдағыштар бірнеше түрлі болады: газиндикаторлық, оптико-акустикалық, электрохимиялық.

Зиянды заттарды анықтау үшін индикаторлық тұтіктер, фильтрлеуші патрондар қолданылады.

Судың химиялық көрсеткіштерін зерттеуге барлық әдістерді пайдаланады.

Атомды-эмиссионды әдіспен спектроскопиямен  $\text{Na}^+$ ,  $\text{K}^+$ ,  $\text{Ca}^{2+}$ , яғни судың құрғақ қалдығындағы сілтілік металдарды анықтауға болады.

Атомды-абсорбциялық спектроскопия әдісімен судағы ауыр металдарды, бағалы металдарды ( $\text{Au}$ ,  $\text{Ag}$ ) ерітіндіде анықтауға болады.

Фотометриялық әдіс кеңінен қолданылады. Бұл әдіспен судағы барлық зиянды заттарды анықтауға болады.

Хроматографиялық әдіспен хлорорганикалық пестицидтер мен мұнай өнімдерін, фенолдардың концентрациясын анықтауға болады.

**Бақылау сұрақтары:**

1. Қала агломерациялары мен өнеркәсітік кешендердің геоэкологиялық зерттеулердің міндеттері қандай?
2. Басқа пәндермен байланысы қандай?
3. Қоршаған табиғи ортаны бақылаудың негізгі әдістері не?

**Сабак №2**

**I бөлім. Табиғи орта жағдайларын талдауга арналған аспаптар мен жабдықтар.**

**Тақырып 1.1 :** Аспаптар мен жабдықтарға қойылатын талаптар

**Жоспар:**

1. Аспаптар мен әдістердің сезімталдығы
  2. Анықтау шектері
  3. Талдау әдістерінің сезімталдығы
  4. Өлшеу нәтижелерінің дұрыстығы және жаңғыртылуы
  5. Метрология жайында мағлumat
1. Талдау әдісін таңдамас бүрын талдаудың мақсатын, міндеттерін, жетістіктері мен кемшіліктерін нақты білу керек.

Әдіс дегеніміз – анықталатын заттың талдау әжісінің негізіне қаланған принциптер жиынтығы. Талдау әдісін таңдауда анықталатын компоненттің құрамын, анықталатын заттың концентрациясын ескеру қажет. Зат концентрациясы талдау барысында көп өзгеруі мүмкін. Әдістің сезімталдығын заттың ең кіші (минималды) мөлшерімен, берілген әдіспен, берілген әдістемемен анықтауға болады. Анықталатын құрамның төменгі шегі әдістің мүмкіншіліктерін, нәтижелерін көрсетеді.

Әр түрлі әдістердің сезімталдықтарын зертханашы салыстыра отырып, әдіс түрін таңдайды. Мысалы: Силикатты кендерде Na мөлшерін анықтау үшін гравиметриялық әдіс қолданылады, онымен Na-дың миллиграммдық мөлшерін анықтауға болады. Микрограммық мөлшерін анықтау үшін жалынды фотометрияны, аса таза судағы Na-дың нано және пикограммық мөлшерін анықтау үшін лазерлі спектрофотометрияны қолданады. Аспаптың сезімталдықтары техникалық құжаттарында (төлкүжаттарында) көрсетіледі.

2. Анықтау шегі дегеніміз – бұл берілшен әдістеме бойынша сенімді ықтималдығы бар белгілі бір құрамдас бөліктің болуын анықтауға мүмкіндік беретін ең кіші құрам. «Анықтау шегі» ұғымы сапалық талдауда қарастырылып сенімді ықтималдығы жоғары болатын компоненттің ең кіші мөлшерін анықтауда қарастырылады. Анықтау шегі минималды аналитикалық сигналмен беріледі. Минималды анықталған аналитикалық сигнал және анықтау шегі ауытқудың орташа мәніне қарағандағы тербелісімен есептеледі. ( $S_{\text{фон}}$ )

$S_{\text{фон}}$  – фонның аналитикалық сигналының стандартты ауытқуы

Сандық химиялық талдауда анықталатын қоспалар диапазонын келтіреді. Бұл жоғарғы және төменгі шекаралы белгіленген анықтау облысы.

Жоғарғы шек – берілген методика бойынша анықталатын компоненттердің ең көп мөлшері. Химиктер әдетте анықталатын қосылыстардың төменгі шектерін пайдаланады.

Төменгі шек – бұл құрамды анықтау аралығын шектейтін, құрам анықтаудың ең кіші мәні. Анықтау шегін есептеудің бірнеше әдістемелері бар.

3. Талдау әдісін немесе әдістемесін таңдау талданатын үлгінің қасиеттері мен ерекшеліктеріне байланысты болады. Әрқашан объектінің физикалық қасиеттерін ескеру керек:

- ✓ агрегаттық жағдайын
- ✓ ұшқыштығын
- ✓ механикалық төзімділігін
- ✓ гигроскопиялығын

Талдау әдісін таңдауда үлгінің химиялық қасиеттері үлкен орын алады. Үлгінің барлық қасиеттерін біле отырып, талдау әдісін таңдайды. Егер әдіс немесе әдістеме бір ғана компоненттен анықтаса, ондай әдіс спецификалық немесе арнайы деп аталады. Жоғарғы сезімтал әдістер ретінде ионометрия, AAA, ферментативті әдістер қарастырылады.

### Бақылау сұрақтары:

1. Аспаптар мен әдістердің сезімталдығы дегеніміз не?
2. Анықтау шектері қалай анықталады?
3. Талдау әдістерінің сезімталдығы
4. Өлшеу нәтижелерінің дұрыстығы және жаңғыртылуы
5. Метрология жайында мағлumat беріңіз.

## Сабак №3

**Тақырыбы 1.2.** Талдаудың фотометриялық әдісінің қолдану аймақтары. Жарық жұтылу заңдары.

### Жоспар:

1. Жарық жұтудың негізгі заңдылықтары
2. Фотометриялық талдаудың қолдынылуды
3. Фотометриялық талдаудың метрологиялық сипаты.

1. Фотометриялық әдістерде талданатын заттар молекуласымен жарықты таңдал жұтылуы қолданылады. Сініру нәтижесінде жұтқыш заттың молекуласы минимальді  $E_1$  энергиясы негізгі күйден аса жоғарғы энергиялық күйге  $E_2$  ауысады. Жарық энергиясының нақты анықталған кванттың жұтылуымен шакырылған электронды ауысулары, ол электронды спектрлерде сініргіш молекулалардың нақты белгілі сініру жолағының болуымен сипатталады. Бірақ жарық жұтылуы квант энергиясы  $\Delta E$  мен сінірілетін квант энергиясы айырмалары сәйкес келгенде ғана болады, яғни ( $E_2$ ) және бастапқы ( $E_1$ ) қалыптағы жұтушы молекуласының квантталған энергетикалық деңгейі арасында сәйкестік болған кезде болады.

$$\hbar\nu=\Delta E=E_2 - E_1$$

$$\hbar - \text{Планк тұрақтысы} (\hbar=6,62 * 10^{-34} \text{Дж/с})$$

$\nu$  – жұтылуудың жиілігі

Фотометриялық әдістер туралы және жанама болып бөлінеді. Тікелеі әдісте анықталатын ион M R-реагент көмегімен жарық жұтқыш қосылыс MR-ға айналдырып, соңынан осы қосылыс ерітіндісінің жарық жұту қарқындылығын өлшейді. Жанама әдісте қосымша қосылыстарды пайдаланады, мұнда олар анықталатын ионмен өзі бұзылады немесе жаңа жарық жұтқыш қосылысқа айналады.

Интенсивтілігі  $J_0$  жарық ағыны сініргіш заттың (ерітіндінің) қабатынан өткенде сініру нәтижесінде, шашырауда, шағылысуда  $J$  мәніне дейін азаяды. Түскен жарық ағынының интенсивтілігі  $J_0$  және ерітіндіден өткен  $J$  жарық ағынының интенсивтілігін тәжірибе жүзінде анықтауға болады.

$J_0$  және  $J$  интенсивтілігі аралығындағы қатынас Бугер-Ламберт заңымен анықталады  
Бугер – Ламберт – Бер заңы:

$$J=J_0 * e^{-ac}$$

$e$  – натуран логарифм

$a$  – сініру коэффиценті

$c$  – сініру қабатының қалындығы

$$T=J/J_0 \text{ қатынасы өткізу деп атайды, \% есептейді.}$$

Егер  $T$  1 см қабат қалындығында қарастырылса, онда өткізу коэффиценті деп аталады.  
Сәулеленудің сінірілуі оптикалық тығыздықпен сипатталады

$$\Delta = \lg(J_0 / J) = -\lg T$$

Сініруші ерітіндінің концентрациясы мен оптикалық тығыздығы  $\Delta$  арасындағы байланыс  
Бер заңы бойынша:

Ерітіндінің оптикалық тығыздығы  $\Delta$  еріген заттың концентрациясына тұрақты қабат қалындығына тұра пропорционал:

$$\lg(J_0 / J) = \kappa C$$

$\kappa$  – пропорционалдың коэффиценті

$C$  – еріген зат концентрациясы

Боялған ерітінді қабатынан өткен жарық ағынының монохроматты интенсивтілігінің түскен жарықтың интенсивтілігіне, боялған ерітіндінің концентрациясына, ерітіндінің қабат қалындығына тәуелдлігі Бугер-Ламберт-Бердің біріккен заңымен анықталады. Бұл заң фотометриялық талдау әдістерінің негізіне жатады.

$$J=J_0 * 10^{E\lambda CL}$$

Боялған бір заттың ерітінділері бірдей концентрацияда, бірдей қабат қалындығында немесе басқа бірдей жағдайларда түскен жарықтың бірдей мөлшерін сініреді, яғни мұндай ерітінділердің жарық сініруі бірдей.

Жарық сінірудің негізгі заңын сактағанда ерітіндінің оптикалық тығыздығы  $\Delta$  сінірудің молярлық коэффицентіне, сінірілген зат концентрациясына  $C$ , ерітіндінің қабат қалындығына тұра пропорционал:

$$A = -E_{\lambda}cI$$

Графикалық сызбасында С мен Д (тұракты қабат қалыңдығында) тәуелділігі координата басынан өтетін түзузық.

## 2. Фотометриялық талдаудың қолданылуы

Фотометриялық талдау фотоэлементті қолдануға негізділген, ол металл пластинаға жағылған жартылай өткізгіш қабаты.

Фотоэлементке түскен жарық ағыны электр тоғын туғызады, оның күші жарықтанудың интенсивтілігіне байланысты. Онымен қоса түстің бақылануы гальвонометрдің көрсеткішімен өлшенеді.

Фотоколориметрдің 2 түрі бар:

1. тұра әрекетті немесе бір сәулелі (КФК-2)
2. дифференциалды немесе 2 сәулелі (ФЭК-56М)

1-шісі 1 фотоэлемент, ал 2-шісі 2 фотоколориметр оптикалық немесе электрлі компенсациялы деп атайды.

ФМА кең қолданылады, әдістемелері қарапайым, сезімталдығы және көптеген реакциялардың талғамдылығы (селективтілігі) анықталды. Көбінесе өсімдік, топырақ, кендергі, хим. балқымалардағы, химиялық реактивтердегі әр түрлі элементтерді көрсетеді. Бұл әдіс көмегімен атмосфералық ауадағы зиянды заттардың топырақтағы, судағы мөлшерін анықтауға болады.

Ауыл шаруашылық, химия, тамақ, медицинада және т.б. қолданады.

## Фотометриялық талдаудың метрологиялық сипаттамалары

1. Анықталатын құрамдардың төменгі шегі. Фотометриялық талдаудың әдістерімен анықталатын концентрацияның минималды мәні  $10^{-7}$  м (көбіне  $10^{-6}$ ,  $10^{-9}$  м) құрайды, яғни бұл әдіс орташа сезімталды әдістерге жатады.
2. Жаңғыртылуы: Фотометриялық анықтаулардың жаңғыртылуына негізделген кездейсоқ қателер келесі себептерге байланысты болады:

- талданатын ерітінділердің дайындау кезіндегі қателер
- фотометренетін қосындыға анықталатын компоненттің толық енгізілуі;
- сыртқы компоненттердің әсері;
- бақылау тәжірибесіндегі қателік;
- кюветаның қалыңдылығының әртүрлілігіне байланысты қателіктер, олардың жұмыс істеу шегінің жағдайы, сондай-ақ олардың кювета ұстағыштағы орнатылуының жаңғыртылуы;
- керекті бір қою жіне тіркеу жүйесінің 0-ге түзетілуі, 100 % өткізгіш қателігі;
- жарықтандыру көзінің және қабылдау-қүшеткіш жүйесінің тұрақсыз жұмысы.

## Селективтілігі.

Селективтілікті шектейтін негізгі факторлар – ерітіндідегі сіңіруші молекулалар сыйығының спектрлік ені және спектр компоненттерін жабатын спектрлік кедергілер болып табылады. Сонымен қатар сіңіру спектрінің комплексі жиі сіңіру реагентіне негізделген. Сондықтан фотометрлік әдістер спектрлі және селективті емес болып табылады. Мұнда селективтілік басты тұрде сынама дайындау кезеңінде реагент дайындау, анықталатын заттың боялған затпен өзара селективті әрекеттесуімен қамтамасыз етіледі.

Фотометриялық талдаудың жаңғыртылуы кездейсоқ қателіктердің 2 түріне негізделген аналитикалық (әдістемелік және химиялық) инструменталды.

Фотометриялық талдаудың абсолютті жаңғыртылуы мұндағы зерттелетін және стандартты ерітіндінің оптикалық тығыздығына қатысты таза еріткіш немесе ерітіндінің «бос тәжірибесімен» өлшенеді, аналитикалық сигналдың өлшеміндегі қателікке негізделген.

**Бақылау сұрақтары:**

1. Жарық жүтудың негізгі заңдылықтары қандай?
2. Фотометриялық талдау қайда қолданылады?
3. Фотометриялық талдаудың метрологиялық сипаттамалары қандай?

#### **Сабак №4**

**Тақырыбы 1.2 :** Талдаудың фотометриялық әдістерінің мазмұны

**Жоспар:**

1. Түстің қанықтылығын өлшеу әдісі
  2. Талдаудың фотометриялық әдісінің аспаптарының әрекет ету принципі, жұмыс істеу тәртібі
  3. Талдаудың фотометриялық әдісінің аспаптары
1. Электромагниттік сәулеленудің жұтылуының қарқындылығын өлшеудің кез келген әдісінің негізіне осы сәулеленудің қарқындылығының зерттелетін ерітіндіден өткеннен кейін бәсендедеуі жатады. Ол үшін әдетте электромагниттік сәулеленудің екі ағынын салыстырады: бірінші – зерттелетін ерітіндіден өткен ағын, ал екінші – анықталған белгілі стандарт ерітіндіден немесе еріткіштен өткен ағын. Егер анықталатын компоненттің қосылысы көрінетін аймақта электромагниттік сәулеленуді сініретін болса, онда 2 жарық ағынын визуалды және фотоэлектрлік аспаптардың көмегімен салыстыруға болады. Егер бақылауды тек визуалды түрде жүргізетін болсақ, онда ерітінділердің бояуының түсінің ерекшіліктерін ғана байқай аламыз, олардың айырмашылық дәрежесін бағалау, дәлдеу мүмкін емес. Техниканың дамуымен фотоэлектрлік аспаптардың шығарылударына байланысты визуалды әдістер өз мағынасын жоғалтты, көбінесе қолданылмайды.

Фотоэлектрлік әдістердің жетістіктері, артықшылықтары:

- талдау жүргізетін аналитиктің көз жанарының шаршауын болдырмау, жұмысын женілдету
- өндірісті, өнеркәсіпті бақылауды автоматтандыру
- ерітінділерді УК және ИК спектр аймақтарында оптикалық тығыздығын өлшеу, фотометриялық талдау әдісінің қолдану аймағын көңейту.

2. Барлық фотоэлектрлік колориметрлердің әрекет ету принциптері: зерттелетін ерітіндісі бар немесе еріткіші (салыстыру ерітіндісі) бар кюветадан өткен электромагниттік сәуле ағыны фотоэлементке түседі және сәулелену энергиясын электр энергиясына айналдырады.

Фотоэффект заңдары бойынша: пайда болған фототоктың күші фотоэлементке түсетін электромагниттік сәулеленудің интенсивтілігіне тұра пропорционал. Осыған байланысты электромагниттік сәулелену ағындарының интенсивтіліктердің катынасын Бугер занында фототоктардың катынасымен ауыстыруға болады. Басқаша айтқанда ерітінділердің оптикалық тығыздығын фотоэлектрлік анықтауда электромагниттік сәулелену ағындарының әлсіреуін өлшемейді, керісінше электромагниттік сәулеленудің әсерінен пайда болған фототоктың өлшемін алады.

#### **Жұмыс істеу тәртібі**

Фотометр, фотоколориметрде, спекtroфотометрде жұмыс іstemес бұрын аспаптың төлкүжатымен, жұмыс істеу тәртібімен мұқият танысу керек. Аспаптарда өлшеулерді желіге қосқаннан кейін 15-20 минуттан соң жүргізеді. Осы уақыт ішінде жарықтандыру шамы қызып, жұмыс режимі қалыптасады.

Қолданылатын кюветалардың тазалығы да үлкен орын алады. Жұмыс соңынан кюветалар тазалап, жуылып, төңкерілген қалыпта сүзгіш қағазында үстін шыны қалпақпен жауып сақталады. Жұмыс барысында кюветаларды электромагниттік сәулелену тогы отпейтін қабырғасынан ұстau керек.

Стандартты және зерттелетін ерітінділердің оптикалық тығыздығы салыстырмалы (нольдік) ерітіндімен қатынасы бойынша өлшенеді. Осындай ерітітінді ретінде еріткішті қолданады, бірақ зерттелетін ерітіндін реагенттің қоспасынсыз алуға да болады. Егер берілген толқын ұзындығында қолданылатын реагент электромагниттік сәулені сіңірсе, онда салыстыру ерітіндісі ретінде реагенттің ерітіндісін еріткіште ерітіп қолданады. Реагенттің концентрациясы зерттелетін сынаманың концентрациясынан аспау керек

## **Талдаудың фотометриялық әдісінің аспаптары**

ФЭК-56М фотоэлектроколориметрі

2 сәулелі боялған түсті ерітінділердің концентрациялардың олардың абсорбциялылығын және салыстырмалы ерітіндінің абсорбциялылығымен салыстыру арқылы өлшеуге арналған құрал. Ол 315-670 нм толқын ұзындығының диапазонында жұмыс істейді.

КФК-2, КФК-3 фотоколориметрлері.

1-сәулелі аспап. Ерітінділердің абсорбциялылығын және өткізу коэффициенттерін 315-980 нм диапозондарында өлшеуге негізділген. Ерітінділердегі заттардың концентрациясын градиурлеу графиктерін түрғызу әдісімен, стандарттау қоспа қосы әдісімен анықтайды.

СФ-26, СФ-46 спектрофотометрлері

1-сәулелі, өткізу коэффициентін жіне оптикалық тығыздықты 186-1100нм спектр аймағында өлшеуге арналған құрал.

**Бақылау сұрақтары:**

1. Фотоэлектрлік әдістердің жетістіктері, артықшылықтары қандай?
2. Талдаудың фотометриялық әдісінің аспаптарының әрекет ету принципі қандай?
3. Талдаудың фотометриялық әдісінің аспаптарының жұмыс істеу тәртібі қандай?

### ***Сабак №5***

#### ***Зертханалық жұмыс 1.2***

**Такырыбы:** КФК – 2, КФК – 3 аспаптарының әрекет ету принципі., жұмыс істеу тәртібі. Аспаптарды жұмысқа дайындау.

**Максаты:** Студенттерді КФК – 2, КФК – 3 аспаптарында өлшеу жүргізуге үйрету.Олардың әрекет ету принципімен, техникалық құжаттармен, жұмыс істеу тәртіптерімен таныстыру.

**Құрал – жабдықтар:** КФК – 2, КФК – 3, жалынды СФ, сызбалар.

**Жоспар:**

1. КФК – 2 құрылышы, қолданылуы, жұмыс істеу тәртібі.
2. КФК – 3 құрылышы, қолданылуы, жұмыс істеу тәртібі.

**Жұмыс барысы:**

#### **Kaуіпсіздік шаралары: КФК – 3**

1. КФК аспабында шаң – тозаңсыз, қышқыл сілтілердің буынсыз таза бөлмелерде жүргізіледі.
2. Аспаптың қасында басқа үлкен заттар болмауы керек.
3. Колориметр жерге сенімді қосылуы керек.
4. Электр сымдары оқшауланған, ашық жерлері болмауы керек.
5. Барлық реттеу жұмыстары колориметрдің желіден айырғаннан кейін жүргізіледі.

#### **Kaуіпсіздік шаралары: КФК – 2**

1. КФК аспабында шаң – тозаңсыз, қышқыл сілтілердің буынсыз таза бөлмелерде жүргізіледі.
2. Аспаптың қасында басқа үлкен заттар болмауы керек.
3. Фотометр жерге қосылуы керек.
4. Электр сымдары оқшауланған, ашық жерлері болмауы керек.
5. Тоқтың ашық мөлшерінде фотометрдің предохранителі, а кернеу желісін өшіргіш тетігі болуы керек. Сымдардың маркалары мен предохранительдердің түрлері фотометрдің техникалық құжаттарына сай болуы керек.

6. Қоректену желісіне қосудың жарықтық индикациясы болып сандық таблода ПУСК басқышын басқаннан кейін ақпараттардың көрінуі табылады.

#### **Фотометрді жұмысқа дайындау:**

1. Фотометрді күн сәулесі түспейтін жұмыс орнына орнатады.
2. « Сеть » тумблерін қойып, кювета бөлімінің қақпағын жауып қояды,
3. Фотометрді 220 В, 50 Гц желіге қосады. « Сеть » тумблерін басады. Фотометр автоматты түрде жұмысқа дайындалады.
- Индикаторда шығарушы заводтың белгісі « АОА ЗОМЗ » шығады, кейін « ПРОГРЕВ ПРИБОРА » а уақытты кері санау жүреді.
- 1 минут өткеннен кейін индикаторда « Автоградуировка » жазуы шығады, бұл кезде « нөлдік санау » автоматтыесептеледі, а сәулелену көзі қосылады;
- индикаторда толқын ұзындығының мәні а таймер көрсеткіші шығады.

$$\lambda = \text{XXXXnm}$$

- 10 минут өткеннен кейін фотометр дыбыстық сигнал береді а индикаторда « ГОТОВ К РАБОТЕ » « ВВЕДИТЕ РЕЖИМ » сөзі шығады.

#### **Жұмыс істеге тәртібі:**

1. Фотометрді жұмысқа дайындалап алады.
2. Толқын ұзындығын қоятын бұрағыш арқылы керекті толқын ұзындығын қояды.
3. Кювета бөліміне « бос сынама » а зерттелетін сынаманы орналастырылады. « Бос сынамасы » бар кюветаны кюветаұстағыштың арғы ұясына, зерттелетін сынаманы жақын ұясына қояды. Ауыстыру тұтқасы арқылы шеткі сол жаққа бұрайды, жарық ағынына « бос сынама » енгізіледі. Кювета бөлімінің қақпағын жабады.
4. Режим таңдау басқышымен « Д » («С») қажетті өлшеу режимін таңдайды. « τ - өткізу коэффиценті », « А – оптикалық тығыздық ».
5. « # » басқышын басамыз. Индикаторда « градуировка » сөзі шығады, 3-5 секундтан кейін оың орнына « измерение » шығады.

$$\tau = 100 \pm 0.2 \% \quad (A = 0,000 \pm 0,002)$$

Егер «100» (0,000) мәндері үлкен ауытқумен шықса, қайтадан « # » басқышын басады.

6. Кювета ауыстырғыш тұтқаны оңға толық бұрайды. Бұл кезде жарық ағынына зерттелетін сынама енгізіледі. Индикаторда сынаманың өткізу коэффиценті немесе оптикалық тығыздығы көрсетіледі.

#### **Ерітіндідегі зат концентрациясын фактор бойынша анықтау алдын ала:**

1. Толқын ұзындығын таңдау.
2. Кювета таңдау.
3. Градуирлеу графигін салып, факторизация коэффицентінің ( F ) мәнін анықтау.
4. Микропрессорлы жүйенің жадына F мәнін енгізу.
5. Зат концентрациясын анықтау жұмыстарын жүргізу керек.

#### ***I. Градуирлеу графигін салу және факторизация коэффицентін анықтау.***

Градуирлеу графигін салу келесідей жүргізіледі:

Берілген заттың белгілі концентрациядағы ерітінділер қатарын дайындауды. Барлық ерітінділердің оптикалық тығыздықтарын өлшеп, горизонталь оське белгілі концентрацияларды, ал вертикаль осьте соларға сәйкес оптикалық тығыздықты салады. Концентрацияның оптикалық тығыздықтан тәуелділік графигі түзу сызық болады. График бойынша факторизация коэффицентін есептейді. Ол үшін графиктің орта бөлігіндегі концентрациясы (C) а осы бөлікке сәйкес оптикалық тығыздықты (D) алады.

$$F = C/D$$

Егер график салу барысында оптикалық тығыздық пен концентрация арасындағы тәуелділік түзу сызықты болмаса, онда факторизация коэффицентін анықтайды. Бұл жағдайда концентрацияны градуирлеу графигі бойынша анықтайды.

## ***II. Факторизация коэффицентін микропроцессорлы жүйе жадына енгізу.***

1. Фотометрді жұмысқа дайындайды.
2. Қажетті толқын ұзындығын қою.
3. Кювета бөліміне « бос сынаманы » а зерттелетін сынаманы қою.
4. «Д» басқышын басып фактор бойынша концентрация өлшеу режимін таңдау. Бұл кезде индикаторда « Сф – КОНЦЕНТРАЦИЯ ПО ФАКТОРУ » шығады.
5. «В» басқышын басады. Индикаторда «ВВЕДИТЕ Кф = 0,000» шығады. Бұл кезде курсор Кф мәнінің бірінші разрядында болады. «В» басқышын басу арқылы курсорды оңға немесе «А» басқышын басып курсорды солға жылжытып, қажетті санды басып МЖП жадына Кф факторизация коэффицентінің мәнін енгізеді. Егерде теру барысында қате жиберілсе, онда курсорды керекті разрядқа қояды а сәйкес сан басқышын басады.
6. «Д» басады. Индикаторда «Актив = X.XXX» «К =X.XXX». Курсор жоғалып кетеді. «К» енгізу аяқталды.
7. «Д» басады. Төменгі индикаторда «КИНЕТИКА» шығады. Фотометр жұмысқа дайын.
8. « # » басады. «Градуировка» шығады. 3-5 секунд индикаторда «Нажмите – \* А = 0.000 ± 0.002» градуирлеу аяқталды.
9. Зерттелетін ерітіндіні жарық шоғына қояды. « \* » басқышын басады, фотометр активтілікті өлшейді. Нәтижені 15 сек. береді.

Индикаторда жоғарыда – реакцияның жүру уақыты

$$\text{төменде} - dt = 15 \text{ с уақыттағы активтілік}$$
$$\langle t = xx : xx$$
$$dA/dt = x.xxx \rangle \text{ көрсетіледі.}$$

10. Активтілік А формула бойынша анықталады:

$$A = A_i - A_o / t * K$$

$A_i$  – зерттелетін ерітіндінің реакцияға дейінгі оптикалық тығыздығы;

$t$  – реакция уақыты;

$K$  – априорлық коэффицент;

$i$  – уақыт интервалының реттік номері.

### **Тапсырма:**

- 1) Аспаптарды әдістеме бойынша оқу.
- 2) Аспап сыйбасын салу.
- 3) Ерітіндінің оптикалық тығыздығын КФК-3 анықтау.

### **Бақылау сұрақтары:**

- 1) КФК-2, КФК-3 не өлшеуге арналған?
- 2) Олардың әрекет ету принциптері қандай?
- 3) КФК-2де жұмыс істеу тәртібі қандай?
- 4) КФК-3те жұмыс істеу тәртібі қандай?
- 5) Факторизация коэффиценті қалай анықталады?
- 6) КФК-3те оптикалық тығыздық қалай өлшенеді?
- 7) Жалынды СФ қолданылуы а әрекет ету принципі қандай?
- 8) ФПЛ-1де жұмыс істеу тәртібі қандай?

### **Ескерту:**

- 1) МПЖ жадысына енгізілген Кф мәні фотометаді өшіргенде сақталады.

- 2) Егер МЖП жадысына алдын ала Кф мәні енгізілсе, алғашқы кезде мәлімет индикаторда көрсетіледі, яғни «Кф = x.xxx».
- 3) «Д» немесе «С» басқышын басады. «Сф – концентрация по фактору» режимін таңдау.
- 4) «#» басу. Төменгі индикаторда «Градуировка» сөзі шығады. Градуирлеу аяқталған соң «Измерение: Сф = 0.000 ± 0.002» шығады. Егер «0.000» мәнінде үлкен ауытқу болса, қайта «#» басылады.

### ***III. Ерітіндінің оптикалық тығыздығының өзгеру жылдамдығын анықтау.***

- 1) Фотометрді жұмысқа дайындау.
- 2) Толқын ұзындығын қою.
- 3) Кювета бөліміне сынамаларды орналастыру.
- 4) Активтілікті өлшеу режимін таңдау. «Д» басқышын басады, «Кинетика» индикаторда шығады.
- 5) «А» басқышын басады. «ВВЕДИТЕ: ткинети = Хмин» шығады. Ол үшін тмин кинетикалық өлшеулер уақытын енгізіледі..1-9 дейінгі сандар енгізіледі
- 6) «Д» басқышын басады. Индикаторда «Кинетика» сөзі, қосымша тмин уақыты жадыға енгізіледі.
- 7) «В» басқышын басады. Индикаторда «Актив = x.xxx  
К = x.xxx» шығады.
- 8) «А» басқышын басады. Индикаторда курсор пайдада болады

#### ***Сабак №6***

***Тақырып 1.3 :*** Талдаудың атомды- спектрометриялық әдістерінің аспаптары.

***Жоспар:***

1. Талдау әдісінің мәні
2. Қолдану аймағы
3. АЭС спектрофотометрлердің әрекет ету принципі
4. AAC спектрофотометрлердің әрекет ету принципі

1. Спектрофотометрлік талдау: Бугер – Ламберт – Бердің жарық сініру заңына негізделген, монохроматты сәулелену ерітінділерімен жарық сінірілуін өлшеу әдістерін топтастырады. Монохроматты сәулеленуді пайдаланудың артық шығыны – спектрдің төмен аймағында жарық сінірілуді өлшеуді дәл жүргізуде. Аспаптардың оптикалық құрылышындағы айырмашылықтар жарфқтың спектртеге ыдырауы спектрофотометрлерді УК, көрінетін және ИК спектр аймақтарында пайдалануға мүмкіндік береді. Латын компоненттің сініру максимумына жуық спектр аумағында басқа жарық сініргіш заттар қатысында өлшеуді жүргізуге болады. Спектрофотометрлік анықтауларда көбіне қоysлыстардың жарық сініруі жоғары реакцияларды қолданады. Спектрофотометрлердің көбі аборбциялықты, өткізгіштікі, оптикалық тығыздықты, концентрацияны анықтайды. Сондықтан анықталатын заттың концентрациясын есептеу үшін бірнеше әдістерді қолданады:

А) графикалық – градуирлеуграфигін пайдалануға негізделген

Б) есептеп анықтау – егер ерітінділерді талдау жарық сініру заңына бағынса, 2 ерітінді дайындаиды: эталонды – белгілі концентрациялы және зерттелетін. Анықтау нәтижелері бойынша анықталатын заттың С анықтайды.

$$\tilde{N}_{\delta} = \frac{A_x \tilde{N}_y}{A_y}$$

2. Спектрофотометрлік талдауды ерітінділердің аз концентрациясында бір компонентті анықтауға қолданады.

а) AAA қолданылуы

AAA атомды-абсорбциялық спектроскопия периодтық жүйенің көптеген элементтерін анықтауға қолданады. Әдісітің талғамдылығы, сезімталдығы және жоғарғы дәлдігі, жылдамдығы және анықтау жүргізілуінің автоматтандырылуының қарапайымдылығына байланысты әдіс кең қолданыс тапқан. Бұл әдіс метеллургияда, тау-кен ісінде, химия өнеркәсібінде, ауыл шаруашылығында, экологиялық зерттеулерде, тамақ өнеркәсібінде, биохимияда және медицинада қолданылады.

Агрехимиялық салада AAA топырақтағы Na, K, Ca, Mg иондарының алмасуын анықтауға қолданылады. Экологиялық зерттеулерде топырақ құрамындағы ластаушы заттардың ауыр металдардың минималды мөлшерін анықтауға қолданады. Өсімдік материалдарында (сұлы және құрғақ құлденуден кейін) AA әдіспен микроэлементтердің: Zn, Mn, Fe, Mg және т.б. мөлшерін анықтайды. Ал тамақ құрамында металлдар пайдалы минерал немесе зиянды элемент ретінде болуы мүмкін. Мысалы: ет және сүт өнімдерінде Pb, Cu, Hg, As мөлшерін анықтайды. Металл қалдықтарын сок және жеміс шырындарында анықтайды. AAC табиги суларды (теңіз, өзен) және ағын, қалдық суларды металдарға талдауға қолданылады.

### б) АЭС қолданылуы

Эмиссионды талдауды агрехимиялық, топырақ зерттеулерінде, химия өнеркәсібінде, биологияда және медицинада қолданылады. Агрехимиялық салада сілтілік (K, Na) және сілтілік жер (Mg, Ca, Ba, Sr) металдарды анықтауда қолданады.

### 3. АЭС спектрофотометрлердің әрекет ету принципі.

АЭС жоғарғы температура әсерінен бос атомдар қозады, сонаң соң қалыпты құйге оралғанда жарық шығарады.  $A \rightarrow A^*$ ,  $A^* \rightarrow A + h\nu$ . Шыққан жарықтың жиілігі (толқын ұзындығы) сапалық көрсеткіш болады, ал спектр сызықтарының интенсивтілігі зат концентрациясына тұра пропорционал болады.

$$J=a^*\epsilon$$

а – эмпирикалық өлшем


АЭС әдісі бос атомдардың немесе бір атомды иондардың термиялық қоздыруға және қоздырылған атомдардың шығару оптикалық спектрін тізімге алуға негізделген. Бірақ сәулеленудің интенсивтілігі қоздырылған бөлшектердің санына тұра пропорционал.

Талданатын ерітінділер горелка жалынына енгізіледі. Онда талданатын заттың атомы жалын энергиясын сініріп, қозады – кейбір электрондары ядродан алыс электрондарға қосылады, сонынан қайта ауысу нәтижесінде жарықтанып белгілі толқын ұзындығындағы жарық шығарады. Осы шыққан жарықты шығару спектрі немесе эмиссиялық деп атайды.

Эмиссиялық спектрлер қарапайым бірнеше спектрлік сызықтардан тұрады, олар бір-бірінен әрбір элементке сәйкес толқын ұзындығында болады. Бұл талдау жүргізгенде металдарды бөлуді, сандық және сапалық талдау жүргізуге қолдануға болады. Элементке сәйкес спектр сызығын жарық фильтрі арқылы беліп, фотоэлементке бағыттайты. Онда пайда болған тоқтың мөлшерін гальванометрмен өлшеп, қарақындылығын анықтайды. Концентрацияны колибрлік график әдісімен табады. Әдіс – сезімтал, сілтілік металдар үшін 0,1 - 0,001 мкг в 1 мл.

### 4. AAC спектрофотометрлердің әрекет ету принципі.

ААС бос атомның жарықты сініруіне негізделген.



Өткен жарық интенсивтілігі кемиді. Атомдардың жарық сініруі Бугер-Ламберт-Бер заңына негізделген.

$$\lg \frac{J_0}{J} = \kappa cl = A$$

$\kappa$  – сінірудің атомдық коэффиценті

$A$  – атомдық сініру

$l$  – қабат қалындығы

AAC да абсорбциялық резонансты сәулелену болады, электрондар негізгі құйден жақын орналасқан Жоғарғы энергетикалық құйге ауысады. Анықтау барысында үлгінің бір бөлігін

аэрозольге айналдырады және осы будың сінірілуін, яғни анықталатын сай сәулеленуді өлшейді. Атомизация нәтижесінде атомдардың біраз бөлігі жалынмен қоздырылып, көп бөлігі қозбаған күйде болады. Қозбаған атомдар әр элементке сәйкес резонанстық сәулеленуді сініреді. Бұл кезде атом электрондары жарықты сініріп, жоғарғы энергетикалық күйге ауысады.

Әдіс - өте сезімтал  $10^{-4}$ ; қателік мөлшері 1-5% болуы мүмкін. Атомдардың жарықты сініруі монохроматор арқылы откен жарықтың J әлсіреуін көрсетеді, ол қабат қалындығы және сініретін атомдардың концентрациясына байланысты. Бұл тәуелділік жарық жүту заңымен сипатталады.  $A=E_{xcl}$  графикалық түзу сзықпен суреттеледі. AAC жіңішке сзықты сәулеленуді тіркейді.

Қазіргі кезде атомды абсорбциялық принцип негізінде өлшеудің бірнеше модификацияланған аспаптары бар: «Спектр-5М» аспаптың спектральді диапозонының ені 190-800 нм, бір талдау жүргізу уақыты – 1мин, «КВАНТ-АФА», «КВАНТ-З.ЭТА», «МГА-915». Заманауи талаптарға сәйкес әлемдік фирмалардың шығарған электронды компьютерлік бағдарламалы «SPECORD», «VARIAN» атомды абсорбциялық спектрофотометрлері кең қолданылады.

Ал атомды-эмиссиондық спектрометрлерге «ЭРИДИАН-500», «СПЕКТРОСКАН», «ИКМЕТ-01», «ИНЛАН-РФ» сериясындағы аспаптар жатады.

### **Бақылау сұрақтары:**

- 1.Атомды-эмиссиялық әдістің мәні неде?
- 2.Атомды-эмиссиялық спектрофотометр не үшін қажет?
- 3.Аспаптың құрылышы қандай?
- 4.АЭС әрекет ету принципі неге негізделген?
- 5.Атомды-абсорбциялық спектрофотометрдің әрекет ету принципі қандай?
- 6.Спектрофотометрдің жұмыс істеу тәртібі қандай?
- 7.Әдіс қайда қолданылады?

### **Сабак №7**

#### **Зертханалық жұмыс 1.3.**

**Тақырыбы:** Атомды-абсорбциялық және атомды –эмиссиялық спектрофотометрлердің қолданылуы, әрекет ету принципі

**Мақсаты:** атомды-абсорбциялық спектрофотометрдің жұмыс істеу принципімен таныстыру. ФПЛ-1 аспабының сыйбасы бойынша құрлысымен, әрекет ету принципімен, атомды-эмиссиялық спектрофотометрдің жұмыс істеу тәртібімен таныстыру.

**Құрал-жабдықтар:** аспаптың сыйбасы.ФПЛ-1 аспабының сыйбасы.

**Жоспар:**


1. Атомды-абсорбциялық спектрофотометрдің әрекет ету принципі.
2. Жұмыс істеу тәртібі.
3. Жалынды фотометрдің принципиальді сыйбасы
4. ФПЛ-1
5. Жұмысқа дайындық

### **Бақылау сұрақтары:**

- 1.Атомды-абсорбциялық спектрофотометрдің әрекет ету принципі қандай?
- 2.Спектрофотометрдің жұмыс істеу тәртібі қандай?
3. Әртүрлі элементтерді анықтау үшін қандай жалынды қолданады?
4. Концентрацияны қалай табуға болады?

*Әрекет ету принципі.*

Анықталағын элементтің сыйықтық спектрін шығаратын разрядты түтікшенің жарығын зерттелетін заттың аэрозолі шашыратылған горелканың жалынынан өткізеді. Өлшенетін резонансты сыйықтың орналасуына сәйкесспектр аймағын монокроматормен бөледі. Содан кейін сыйықтан бөлінген сәулө фотокөбейткішке түседі. Шығарушы күшеттікшпен күшеттіледі және сыйықтық гальванометрмен тіркеледі. Монокроматордағы сәулеленің дисперленуіне призмалар немесе дифракциялық торлар қызмет етеді. Әртүрлі элементтердің автоматизациясы үшін жалын қолданылады: ауа-пропан, ауа-сүтек, ауа-ацетилен, ауа-оттегі.




### *Жұмыс істеме тәртіби.*

Шамды азық катодпен қоректену көзінде қосады және шамның қалыпты жұмысын қамтамассыз ететін тоқ күшін орнатады. Газ бергішті ашады, жалынды жағады және оның биіктігін орнатады. Компрессорды қосады. Тазартылған су бойынша аспапты нөлге келтіреді. Содан кейін эталонды ерітінділерді талдайды, оларды жалынға концентрацияларының өсу ретімен енгізеді. Этalonды ерітінділердің концентрациясын өлшеп, концентрацияның абсорбциялылығына байланысты градуирленген график құрады. Жалынға талданатын сынаманы енгізеді, оның абсорбциялылығын өлшейді және градуирленген график арқылы анықталағын элементтің концентрациясын табады.

#### **1. Жалынды фотометрдің принципиальді сыйбасы:**

Эмиссионды жалынды фотометр 3 негізгі түйіннен тұрады: шашыратқыш, өлшегіш құралдың жарықфильтрі және монокроматоры.



усилитель; 13 - стрелочный гальванометр

Суретте көрсетілген: 1-зерттелетін ертінді; 2-шашыратқыш; 3-шамның жалыны; 4-жарықфильтрі (монохроматор); 5-фотоэлемент; 6-гальванометр.

Зерттелетін ертіндіні (1) шашыратқыш арқылы (2) аэрозольге айналдырады (сығылған ауа немесе оттегі арқылы жұмыс) және жалынға (3) жанғыш ауа қоспасын немесе оттегі, сутегі (кейде қандай да бір көміртек: ацетилен, пропан, бутанмен) енгізеді. Жалынды фотомерлік анықтаулардың нақтылығы және сезімталдығы оның ертінді шашырату қабілеті және шамның жұмыс істеуіне біршама байланысты. Жарықфильтр (4) спектрден өлшеуге қолданылатын арнайы спектрлік сзықты бөледі. Фотоэлемент (5) сонымен қатар гальванометр (6) спектрлік сзықтың қарқындылығын өлшеуге қолданылады.

Бұл әдісте жалынның температурасы өте маңызды. Пропан, бутан қоспасы бар ауа жағуда температура 1700-1900°C дейін жетеді және сілтілі металлдың атомы ғана қозады. Сілтілі-жер металлдарды анықтау үшін ацетилен қоспасы бар ауа жалыны қажет, ол 2300°C дейін температураны береді. Әмбебап болып оттекті сутегі бар қоспа (2500°C) немесе ацителен (3150°C) жалынын есептейді.

2. **ФПЛ-1** калий, кальций, натрийдің сандық анықтауына арналған. Спектрдің қозу көзі-жанғыш қоспа жалыны: пропан-бутан-ауа. Ауа шашырату камерасынан араластыру камерасына шыққанда, ол капиллярлы тұтқышеде разрядталады. Ертінді капиллярға стаканнан енеді және аэrozоль түрінде жалынға беріледі. Аэrozоль шам жалынына түседі, одан кейін ол жанады және жалын энергиясының әсерінен анықталатын элемент атомдары қозу күйіне өтеді, бірақ кейін электрондардың кері айналу нәтижесінде-энергия сәулеленуге тән нақты толқын ұзындығының сәулесі түрінде шыгады.

Жарық ағыны жарықфильтрден отіп фотоэлементке түседі. Фотоэлементте туындаған фототок лампалы күшеткішке өтеді және стрелкалық микроамперметрде көрсетіледі.

3. **Жұмысқа дайындық**. Аспапты желіге қосады, жанғыш газы бар баллонның редукторының вентилін ашады және сулы монометр бойынша қысымын қояды. Шамды жағып, компрессорды қосады және монометр көмегімен қысымды бақылайды. «Газ» және «ауа» вентильдерін түзету арқылы шамның жалыны көгілдір, ақырын жануы үшін жарқылдаусыз болуына дейін жөндейді. Жарықфильтрін орнатады, микроамперметрді «нөлге» келтіреді. Эталонды ертінділерді фотометрлейді, одан кейіе график түрғызады. Стандартты жұмыстар фотометрдің жалынды шашыратқышына анықталатын элемент концентрациясының өсу ретімен түседі. Әрбір стандартты ертінді үшін орташа есебін жазады. Анықталатын сынаманы жалынға енгізеді және график бойынша зат концентрациясын табады.

$m=C_x V$       V-колба көлемі.

#### Бақылау сұрақтары:

1. Атомды-эмиссиялық әдістің мәні неде?
2. Атомды-эмиссиялық спектрофотометр не үшін қажет?
3. Аспаптың құрылышы қандай?
4. АЭС әрекет ету принципі неге негізделген?
5. ФПЛ-1-дің жұмыс істеу тәртібі қандай?
6. Әдіс қайда қолданылады?

#### Сабак №8-9.

**Тақырыбы 1.4 :** Талдаудың электрохимиялық әдістеріне арналған аспаптар мен жабдықтар. Әдістерді қолдану. Ион сұрыптаушы электродтар.

#### Жоспар:

1. Электрохимиялық әдістердің негізі
2. Потенциометрия, электродтар түрлері
3. Ионометрия
4. Классикалық полярография

## 5. Вольтамперометрия

1. Электрохимиялық талдау әдістерінде ток, потенциал немесе электроөткізгіштіктің ерітінді концентрациясына тәуелділігін зерттейді немесе ерітіндін қолайлы титрантпен титрлеп, эквивалентті нүктені анықтау үшін аталған параметрлерді өлшейді. Тоқты және потенциалды өлшеуге де, сырттан беруге де болады. Өлшенетін және берілетін параметрлерді комбинациялауға негізделген бірнеше әдіс бар. Олар патенциометрия, вольтамперометрия, кулонометрия, кондуктометрия, электрогравиметрия.

Потенциометриялық талдау – бұл таладнатын ерітіндіге салынған электрод потенциалының өзгеруіне немесе, басқаша айтқанда, гальвани элементінің электрқозғаушы күші (ЭҚК) бойынша ион концентрациясын анықтауға негізделген талдаудың электрохимиялық әдістерінің бірі.

Гальвани элементі екі электродтан тұрады, ал оның ЭҚК осы электродтар потенциалдарының айырмасын құрайды.. Потенциометриялық талдау үшін, индикаторлық электрод пен салыстырма электродтан тұратын, гальвани элементтерін қолданады. Біріншісінің потенциалы ерітіндідегі анықталатын ионның концентрациясына тәуелді, ал екіншісінің потенциалы осы ионның концентрациясын тәуелді емес. Сондықтан гальвани элементінің ЭҚК ерітіндідегі анықталатын (потенциаланықтаушы) ионның концентрациясына ғана тәуелді.

Потенциометриялық талдау әдісі тұра потенциометрия (ионометрия) және потенциометриялық титрлеу болып екіге бөлінеді. Тұра потенциометрия әдісі зерттелетін ерітіндіге батырылған индикаторлы электрод потенциалын өлшеп, Нерист тендеуі бойынша ион концентрациясын есептеуге негізделген.

$$E = E^0 + \frac{RT}{nF} * \ln \frac{a}{a_{red}} = E^0 + \frac{RT}{nF} \ln \frac{[OX]}{[Red]} * \frac{y_{ox}}{y_{red}}$$

$E^0$  – редокс жүйесінің стандарт потенциалы

R – универсал газ тұрақтысы, 8,312 (Дж/моль/к)

T – абсолюттік температура, К

F – Фарадей тұрақтысы, 96500 (Кл/моль)


n – Электродтың теакцияға қатысқан электрод саны

$a_{ox}$ ,  $a_{red}$  - редокс жүйесіндегі қатысқанжәне тотықсыздандын формалардың активтілігі

[OX], [Red] – олардың молярлы концентрациясы

$Y_{ox}$ ,  $Y_{red}$  – активтілік коэффиценттері

Мысалы:



$$\text{Нерст тендеуі бойынша: } E_{\text{Zn}^{+2}/\text{Zn}} = E^0_{\text{Zn}^{+2}/\text{Zn}} + \frac{RT}{2F} * \ln \frac{a_{\text{Zn}^{+2}}}{a_{\text{Zn}}}$$

Бос металл активтілігі тұрақты болады, сонда потенциал тек  $\text{Zn}^{+2}$  ионының концентрациясына тәуелді болады. Тұра потенциометрия сутегі иондарының концентрациясын немесе ерітінділердің pH анықтау үшін қолданылады. Потенциометрия мембраналық (ионсұрыптаумен) және металдың индикаторлық электродтарды қолданады. Ионсұрыптаушы (мембраналық) электродтардың пайда болуы электрод – ерітінді шекарасында ионалмасулар болуына негізделген. Ал металл электродтардың потенциалы электрон алмасу процестерімен фазааралық шекарада анықталады.

Ионсұрыптаушы электродтар – бұл өте сезімтал элементтер, датчиктер болады, олардың потенциалы ерітіндідегі анықталатын ионның активтілігіне сзызықты тәуелді болады.

Құрылышы бойынша бұл электродтардың басым бөлігін жартылай өткізгіш мембранадан тұрады. Ол жұқа пленка, ол электродтың жұқа бөлігін бөліп тұрады. Ол тек қана бір түрлі иондарды ғана бөлу дәрежесіне ие. Мембранның белгілі заряд белгісі бар иондарды өткізу қасиеті ионогенді топтардың болуына негізделген. Егер мембрана A\* ионды екі ерітіндімен (активтілігі  $a_1$  (талданатын ерітінді) және  $a_2$  (ішкі ерітінді) әрекеттессе, онда ішкі және сыртқы

мембранада ионалмасу болады.  $A^+$  иондардың активтілігі әр түрлі болғандықтан ерітіндіде және мембранада шекаралық  $E_1$  және  $E_2$  потенциалдар пайда болады. Ішкі және сыртқы ерітінділерге салынған электродтар көмегімен  $E_1$  және  $E_2$  мембраналық потенциалдар айырмасын өлшеуге болады.

$$E_m = E_1 - E_2$$

Ионсұрыптаушы электродтар бірнешеге бөлінеді:

- 1) біріншілік – кристалдық мембраналы
- 2) қатты матрицалы
- 3) қозғалмалы таратқыштары бар – он зарядталған, теріс зарядталған, зарядталмаған
- 4) Сенсибимуированды

Шыны мембраналар арналы шынылардан жасалады. Олардың құрамы мембрана жоғары талғамды, бір ионды басқа иондардың қатысында анықтай алатында етіп жасалады. Ең бірінші шыны электрод pH өлшеуге жасалған. Электродтың негізгі бөлігі – жіңішке pH сезімтал мембрана. Ішкі ерітінді ретінде  $AgCl$  қанықан 0,1м HCl ерітіндісі қолданылады. Шыны электордтың әрекет етуі жұқа шыны қабатпен сулы ерітінді арасындағы пайда болған потенциалдар айырмасына негізделген.

Шыны тұтіктің ұшына шыны қабат жапсырылады немесе арналы шыныдан жасалған жұқа қабатты шарик үрленеді. Тұтік іші 0,1 м HCl ерітіндісіне толтырылады. Бұл тұтікті зерттелетін ерітіндіге батырып, әл.кілтпен стандартты электродпен қысады. Осындағы тізбектің ЭҚК-і Н активтілігімен байланысты. Шыны электродтарды әртүрлі ерітінділердің pH анықтауға, ал кристалл мембраналы электродтарды  $F^-$ ,  $Cl^-$ ,  $I^-$ ,  $NO_3^-$  және т.б. анықтауға қолданады. Индикаторлық электродтар ерітіндінің компоненттерімен әрекеттеспеуі керек, сондықтан оларды химиялық инертті металдардан жасайды.

Активті және инертті металл электродтарға ажыратылады. Активті металл электродтар- түр жүйесінде қайтымды тотықсызданған форма түзетін металдардан жасайды. Мұндай электродтардың потенциалдары өз иондарының активті факторлары болады.

Мысалы:  $Ag^+ + e^- \leftrightarrow Ag$ ;  $E = E_{Ag^+/Ag}^0 + 0.059lg a_{Ag^+}$

Мұндай электродтар 1 ретті электродтар деп аталады.

Инертті металл электродтар бағалы металдардан (Pt, Au) жасалады. Олар тотыққан және тотықсызданған формадағы электрондарды тасымалдаушы қызметін атқарады, олардың потенциалы тотыққан, тотықсызданған формадағы активтіліктер факторының қатынасы болып табылады. Бұл электродтарды потенциометриялық тотығу тотықсыздану титрлеуде қолданады.

### Потенциалды өлшеу

Ионды электродтары бар ұшықтардың кедергісі өте үлкен ( $10^8$  Ом) амперметр қажет. Оның кіретін кедергісі ұшықтың кедергісінен бірнеше рет жоғары болу керек. Аналитикалық зертханаларда сандық вольтамперметрлерді немесе шкалалы, pH бойынша колибрленген вольтметрлерді қолданады. Бұл аспаптар иономерлер (pH метр) МВ-милливольты деп аталады.

### Салыстыру электродтары

Бұл электродтар өлшенетін индикаторлық электродтарға қарағанда этalon ретінде қызмет атқарады. Олардың потенциалдары түрақты және ерітіндінің концентрациясына тәуелді емес. Түрлері:

1. коломельді – сынаптан, коломельден және  $KCl$ -дан жасалған.
2. хлоркүміс электроды – күміссымын қанықкан  $KCl + AgCl$  ерітіндісіне батырылған, электр тогын жақсы өткізеді.
3. Сынапты-сульфатты –  $Hg$  сульфаттан, электролит 1 м  $H_2SO_4$  ерітіндісінен тұрады.
2. Ионометрия

Индикаторлық электрод ретінде ион электродтар қолданылатын тұра потенциометрия әдісін ионометрия деп атайды. Бұл ынғайлы, экспресс заманауи әдіс. Талдау жүргізу уақыты тек қана сынама дайындауға кетеді, өлшеу жүргізуге 1-2 мин кетеді. Басқа физ-хим

әдістерден ионометрия қаралайымдылығымен, арзандылығымен ерекшеленеді. Заманауи портативті иономер әр түрлі иондарды, еріген газдарды тек лабораторияда емес, далалық жағдайда анықтауға болады.

Анықтаудың 3 практикалық әдісі бар:

1. электродты градуирлеу әдісі
2. градуирлеу график әдісі
3. қоспа қосу әдісі

#### **Бақылау сұрақтары:**

1. Электрохимиялық әдістердің негізі неде?
2. Потенциометрия, электродтардың қандай түрлері бар?
3. Ионометрия дегеніміз не?
4. Классикалық полярографиялық ұяшықтың құрлысы қандай?
5. Ионсұрыптаушы электродтар нешеге бөлінеді?

#### **Сабак №10**

##### **Зертханалық жұмыс 1.4.**

**Тақырып:** Иономерді жұмысқа дайындау. Ерітіндінің pH немесе ионселективті электродтарды пайдаланып, иондардың бірінің концентрациясын анықтау


**Мақсаты:** ЭВ-74 иономерінің көмегімен судың және ерітінділердің pH анықтауга студенттерді үйрету.

**Жабдықтар:** Аспаптар, ЭВ-74, цилиндрлер, тамызғыштар және өзге химиялық ыдыс, реактивтер.

#### **Жоспар:**

1. ЭВ-74 құрылышы
2. Ерітіндінің pH анықтау
3. Судың физикалық қасиеттерін анықтау.

ЭВ-74 құрылышы (схемасы), аспап.



ЭВ-74 әмбебап ионелшегіш:

1 – pH-милливольтметр; 2 – жұмыс түрін таңдау кнопкasy; 3 – желіні сөндіргіш; 4 – іске қосу индикациясының кішкене тесігі; 5 - өлшеу диапазонын таңдау кнопкasy; 6 – аспапты оперативті басқару саптары; 7 – нөлдің түзеткіші; 8 – электромагнитті клапан; 9 –диаметрі

2мм резенке тұтік; 10 – біржүрісті кран; 11 – микробюретка; 12 – диаметрі 4,5мм резенке тұтік; 13 – қысқыш; 14 – ұш айыр; 15 – груша; 16 – қосымша электрод; 17 – мөлшерлеу тұтігі; 18 – араластырғыш; 19 – штатив; 20 – автоматты титрлеу блогы; 21 – өлшеуіш

### *Ерітіндінің pH анықтау.*

Өлшеудің алдында иономердің айырып-қосқыштарын «t» және «1-19» қалпына орнатыңыз. Иономерді желіге қосыңыз және 20 минут қыздырыңыз.

Электродтары бар стақанды сәл көтеріңіз, үстелді жылжытыңыз, электродтарды тазартылған сумен шайыңыз, судың қалдықтарын сүзгіш қағазбен жойыңыз. Зерттелетін ерітіндісі бар стақанға электродтарды салыңыз. Аспаптың «катиондар/аниондар», «рХ», «-1-19» кнопкаларын бірізді басыңыз.

Көрсететін аспаптың «-1-19» шкаласында тілдің орналасуын байқаңыз, тиісті диапазондағы кнопканы басыңыз. Егер «-1-19» шкаласы бойынша көрсеткіштер 8-9 цифрларының аралығында болса, «4-9» диапазонының кнопкасын басу қажет. «0-5» жоғарғы шкаласы бойынша pH дәл мәнін анықтаңыз. Есептеу 4-тен 9-ға дейін басталады.

Иономер тілінің көрсеткіштерін жазып алыңыз. Осымен зерттелетін ерітіндінің pH анықтау аяқталды. Кнопкаларды сөндіруді кері тәртіппен жүргізіңіз. Электродтарды тазартылған сумен шайыңыз және таза тазартылған суда қалдырыңыз.

### *Судың физикалық қасиеттерін анықтау.*

#### 1.Фотометриялық әдіспен лайлылықты анықтау.

Сіңіргіш жарығының қалындығы 3-5 мм кюветаға жақсылап араластырылған сынаманы құяды,  $\lambda = 540$  нм кезінде оптикалық тығыздықты өлшейді. Сұзу арқылы уақытша заттар алынып тасталған, сынамалы су бақылай ерітіндісі болып табылады. Лайлылықтың құрамы градустық график бойынша мг/л анықталады.

#### 2.Иісті анықтаудың органолептикалық әдістері.

60<sup>0</sup>C температура кезінде иіс анықталады. Шыны сауытқа 100мл зерттелетін суды өлшеп құяды, шыны сауыттың аузын сағаттық шынымен жабады және 60<sup>0</sup>C суда қыздырады. Шыны сауыттың құрамын бірнеше рет араластырады. Шыныны бір жаққа қарай ығыстырып, иістің сипаты мен қарқындылығын жылдам анықтайды. Иістің қарқындылығы t-20-60<sup>0</sup>C кезінде анықталады (2 кесте).

#### 3.Температура

Оттегілік режим, сонымен қатар өздігінен тазару үрдістерінің қарқындылығы тәуелді болатын, сукоймада жүріп жататын үрдістерге ықпал етеді. Судың t<sup>0</sup>өлшеу үшін, сынамаларды іріктеу орындарында термометрді зерттелетін суға 5-10 минутқа салады.

#### 4.Мөлдірлік

Өлшеу үшін диаметрі 2,5 см, биіктігі 50см шыны цилиндр, 3,5 мм әріптер қарпі қолданылады. Жақсылап араластырылған су сынамасын цилиндрге құяды және цилиндр түбінен 4 см биіктікте қаріптің үстінен орналастырады. Қаріптің оқылуы мүмкін болғанға дейін, цилиндрдегі суды төгеді. Сынаманың мөлдірлігі см беріледі.

Сукоймадағы судың температурасы бір мезетте өтіп жататын, күн радиациясы, булану, атмосфера дағы жылу алмасу, ағыстармен жылудың тасымалдануы және басқа факторлар сияқты, бірнеше үрдіс болып табылады.

Температура – бұл оттегілік режим, өздігінен тазару үрдісінің қарқыны айтарлықтай деңгейде тәуелді болатын, сукоймада жүріп жататын физикалық, химиялық, биологиялық, үрдістерге ықпал ететін, маңызды фактор. Температураларың мәні судың оттегімен қанығу дәрежесін, сілтіліктің түрлі формаларын, карбонатты-кальцийлі күйді анықтау үшін қолданылады.

Су ағзаларының тіршілік әрекеті үрдістерінің нәтижесінде, аэробты және анаэробты жағдайларда органикалық заттардың биохимиялық ыдырауы кезінде, суқойманың құрамындағы компоненттердің, сонымен қатар химия, металлургия, азық-тұлік, мұнай өндеу өнеркәсіптерінің пайдаланылған сularымен химиялық әрекеттесуі кезінде суға түсетін, иісті заттар судың иісін тудырады. Иістің түрі, қарқындылығы мен тұрақтылығы олардың құрамын негіздейтін құрам, гидрогеологиялық жағдайлар, температура, pH, биологиялық жағдай және т.б. сияқты бірқатар факторларға тәуелді.

Судың мөлдірлігі оның түсіне және лайлылығына, яғни ондағы түрлі боялған және өлшенген органикалық және минералды заттардың мөлшеріне негізделеді. Суқоймаға түсірілетін, белгілі бір мөлшердегі ақ пластина байқалатын немесе ақ қағазда белгілі типтегі және көлемдегі қаріп көрінетін бағанның биіктігі мөлдірлік өлшемі болып табылады. Судың мөлдірлігі объектідегі сүзілмеген сынамада анықталады. Өлшеу үшін түбі химиялық тәзімді оптикалық шыныдан жасалған шыны цилиндр қолданылады. Цилиндрдің градустелуі сантиметрмен беріледі. Цилиндрге миллиметрлік қағаздан жіңішке жолақ жапсырылады.

Жерүсті сularының түстілігі гумустық заттардың және  $Fe^{3+}$  болуына негізделген. Түсті анықтаудың 3 әдісі бар:

1. далалық жағдайларда бөтелкедегі су сынамасының түсін зерттеу, еріген және ерімеген өлшенген заттарға негізделген, көзге көрінетін түсті ғана анықтауға болады.
2. визуалды әдістермен су сыманысының түсін анықтау. Әдіс табиғи ауыз сұына, сонымен қатар болмашы түсі бар өнеркәсіптік сularға қолданылады. Түсті визуалды анықтауды титрлеу әдісімен жүргізеді. Ол үшін K бихроматының жән Со сульфатының стандартты ерітіндісін пайдаланады.
3. КФК-2, КФК-3 оптикалық аспаптарының көмегімен түсті анықтау. Түстілік градустармен анықталады.

2 кесте

Иістің қарқындылығы	Иістің пайда болу сипаты	Балл
Жоқ	Білінбейді	0
Өте әлсіз	Маман зертханалық зерттеу жүргізген кезде иіс анықталады	1
Әлсіз	Назар аударғанда ғана иісі білінеді	2
Білінеді (айқын)	Иісі білінеді және суды құйған кезде жағымсыз құй тудырады	3
Өте күшті	Суды пайдалануға жарамсыз ететіндей, иісі күшті	5
Айқын	Иісі су жайлы жағымсыз пікір тудырады	4

#### ***Тапсырма:***

1. Зертхананың шумегінен су сынамасын іріктеу.
2. ЭВ-74 иономерінде судың pH анықтау.
3. Осы судың физикалық қасиеттерін анықтау.

#### ***Бақылау сұрақтары:***

1. ЭВ-74 құрылышы қандай?
2. Судың pH қалай анықтайды?
3. Лайлылықты, иісті, температуралы, мөлдірлікті қалай анықтайды?
4. Судың физикалық қасиеттері қандай мақсатпен анықталады?

## **Сабак №11**

**Тақырып 1.5 :** Талдаудың хромотографиялық әдістерінің аспаптары мен жабдықтары

**Жоспар:**

1. Талдаудың хромотографиялық әдістерінің жалпы сипаттамасы.
2. Сұйықтық хромотография
3. Газды хромотография

I. Хромотографияның талдау негізін салушы орыс физиологы және биохимигі Михаил Семенович Цвет (14.05.1872 ж.т.) 1903 жылы ол өзінің ашқан жаңалығы туралы Варшава Университетінің биология бөлімінің жаратылыс танушылар қоғамының ортасында мәлімдеді. М.С.Цвет адамдардың назарына белгісіз табиғаттың құпиясы – қоспалардың сорбциялық бөлінуін ашып, қолданды. М.С.Цвет хромотография принципін ашып, 126 сорбенттің қасиеттерін зерттеп, сұйықтық және адсорбциялық бағандық хромотографияны жасады. 1931 жылға дейін хромотография баяу дамыды. Хромотографияның гүлденеуі Ледерердің, Винтерштейннің жұмыстарынан кейін басталды. (XX ғ. 30 жылдары.) 1938 жылы Измаилов пен Шрайбер жұқа қабаттың хромотографияны ұсынды. 1941 жылы Мортин мен Синг таралмалы сұйықтық хромотографияны ашады. Кейіннен бұл әдіс қағаз бетінде жүргізіле бастады. 1947 жылы Т.Б. Гапон және Е.П. Гапон, Ф.М. Шемякин ионалмасу хромотографияның негізін қалады. 1948 жылы олар тұнбалық хромотографияны ұсынды. 1952 жылы Мартин мен Джеймс жаңа әдіс - газ сұйықтық таралмалы хромотографияны ұсынды. Хромотографиялық талдау әдісі технологияда, экологияда, қоршаған ортаның ластануын бақылауда таптырмайтын әдіс. Хромотография кеңінен қолданылатын әдіс. Хромотографияның жаңа тәсілдерімен молекулалық массасы 1-ден  $10^6$  дейінгі газтәрізді, сұйық, қатты заттарды анықтауга болады (изотоптар, металлдар, синтетикалық полимерлер, белоктар).

**Хромотография:**

- Фылыми зерттеу зертханаларында
- Биологияда, медицинада
- Формацевтикада, криминалистикада
- Пестицидтердің маңызды кластарын анықтауда
- Қоршаған орта мониторингінде қолданылады.

Хромотография – заттар қоспасын бөлу және талдау әдісі, әдіс заттардың екі фаза қозғалмайтын немесе стационар (СФ) және қозғалмалы фаза (ҚФ) арасында әр түрлі таралуына оның ерігіштігіне және адсорбциялық қабілетіне тәуелді. Хромотографиялық процесс кезінде стационар фаза бойымен қозғалмалы фазамен бірге жылжытын зат сорбциясы мен десорбциясы кезектеліп көп рет қайталанады.

Стационар фаза келесі төрт қасиеттердің біреуіне ие болу керек:

1. Қозғалмалы фазадағы затты физикалық сорбциялауы керек
2. Қозғалмалы фазадағы затты химиялық сорбциялауы керек
3. Бөлінетін заттарды талғамды ерітуі керек.
4. Құрылышы кеуекті болып, бір заттарды өткізу, келесі заттарды ұстап қалуы керек.

Талданатын қоспа коспоненттері қозғалмалы фазамен бірге тұрақты фаза бойымен қозғалады. Стационар фазаны металл немесе шыны тұтікке салып, бағана дап атайды. Оның ішкі диаметрі, ұзындығы белгілі болады. Сорбент бетімен әрекеттесу күштеріне байланысты компоненттері бағана бойымен әр түрлі жылдамдықпен жылжиды. Бір компоненттер жоғары қабатта қалады, ал кейбіреулері әрекеттесу дәрежесінің төмендігіне байланысты бағананың төменгі бөлігінде қалады.

Хромотография – гиридті аналитикалық әдіс, мысалы хромотографиялық бағана – аналитикалық жүйенің бір бөлігі, оған бөлумен анықтау кіреді. Әдіс компонентті қоспаны бөлуге, коспоненттерді бөліп алуға, олардың мөлшерін анықтауга негізделген. Сондықтан сигналдарды детекторлар (оларды жазу және өндөу) үлкен орын алады.

Сорбция дегеніміз – сұйық және қатты сіңіргіштермен (сорбенттермен) заттардың сінірліуі. Бет ауданы үлкен сініретін зат сорбент деп аталады. Егерде сорбент өзінің бетімен сінірсе, оны адсорбент деп атайды, құбылысты адсорбция, сінірілетін затты адсорбтив деп атайды. Егер де сорбен түкіл көлемімен сінірсе оны абсорбент, құбылысты абсорбция, сінірілетін затты абсорбтив деп атайды. Қыздырылғанда сінірліген газдар қайта бөлініп шығады, оны десорбция деп атайды.

Кез келегн хромотографиялық жүйеде қайтымды А затының молекулаларының ҚФ-дан СФ ауысуы болады.  $A_k \leftrightarrow A_c$ .

Бұл процесс таралу коэффициенті немесе тепе-теңдік константасымен сипатталады:

$$\frac{V_k}{V_c} = K \cdot \frac{V_k}{V_c}$$

Мұндағы  $m_c, m_k$  – қозғалмалы және стационар фазадағы зат мөлшері

$V_c, V_k$  – СФ және ҚФ көлемдері

$K'$  - сыйымдылық коэффициенті

Ұсталу уақыты элюент ағынының жылдамдығына тәуелді, сондықтан бағандық хромотографияда ұсталу көлемі  $V_R$  сипаттамасын қолданады.

$V_R = t_R U$ , мұндағы  $U$  –элюенттің көлемдік жылдамдығы.

$K'$  және шығу уақыты арасында тәуелділік болады:

$$K' = \frac{t_k - t_0}{t_0}, \text{ мұнда, } t_k - \text{А компоненттің ұсталу уақыты}$$

$t_0$  – СФ –мен әрекеттескен заттың шығу уақыты.

Хромотографияның жіктелуі:

1. Әрекеттесу механизмі бойынша:

- таралмалы – стационар фазада бөлінетін заттардың ерігіштігінебайланысты;
- адсорбциялық – қатты сорбент пен адсорбцияланатын затты бөлуге байланысты;
- эксклюзионды – бөлінетін заттың молекуласының өлшемі және формаларына байланысты бөлу;

- афгеннді – кейбір биологиялық және биохимиялық процесстердің спецификалық әрекеттесуіне байланысты (антитело – антиген, фермент – субстрат т.б.)

2. Орындау техникасы бойынша:

- бағандық – арнайы бағанда орындалады
- жазықтық – 1) қағаздық – бөлу арнайы қағазда жүргізіледі

2) жұқақабатты – бөлу сорбенттің жұқа қабатында жүргізіледі

3. Мақсаты бойынша:

- аналитикалық – сандық және сапалық талдау
- препараттық – заттарды таза күйде алуға, концентреуге және микроқоспаларды бөлу
- өнеркәсіптік – процессті автоматтандыруда өнімбағанадын датчикке түседі.

4. Алу әдістері бойынша:

- элюентті
- ығыстырмалы
- фронтальді.

II. Сұйықтық бағандық хромотрафияның (СБХ) классикалық нұсқасында хромотрафиялық бағана ( $d=0,5\text{-}5$  см және ұзындығы  $20\text{-}100$  см болатын іші сорбентпен толтырылған) арқылы элюент (КФ) жіберіледі. Элюент ауырлық күші есерінен қозгалады. Оның қозғалу жылдамдығын бағананың төменгі жағында орналасқан кранмен реттеуге болады. Талданатын ертінді сынамасын бағананың үмтіңгі бөлігіне орналастырылады. Сынаманың бағана бойымен қозғалуына байланысты коспоненттердің бөлінуі жүреді. Белгілі бір уақыт өткеннен кейін элюент фракцияларын алады, одан кейін кез келген әдіспен заттардың концентрациясын анықтайды. Классикалық бағандық хромотрафияның аппаратурасын жетілдіруге келіп, оны перспективалы заманауи әдістердің біріне айналдырыды. Бұл әдіс жоғары эффектілі сұйықтық хромотрафия әждісі атауына ие болды (ЖСХ). Қазәргे кезде бұл әдіс органикалық қоспаларды талдаудың негізгі әдістеріне айналды.

Бағана тат баспайтын металлдан немесе шыныдан жасалған ішкі диаметрі  $2\text{-}6$  мм ұзындығы  $10\text{-}25$  см болатын, іші тегістелген шыны түтікше. Бағана өлшемі  $3,5\text{-}10$  мкм болатын сорбент бөлшектірмен толтырылған. Бағана арқылы толтыру үшін сорбент суспензиясын арнағы таңдалған ертікшпен  $p=50\text{-}80$  МПа қысымда толтырады. Мұндай бағаналардың бөлү қабілеттері жоғары болады, ашық бағаналардан 100 есе артық нәтиже көрсетеді. Сұйықтық хромотрафия - араласпайтын фазалар арасында заттарды бөлуді қарастырады. Заттар СФ арқылы өтеді. Сұйық хромотрафияның 3 тәсілі бар:

1. Қатты сұйықтық к-с
2. Сұйық – сұйық с-с
3. Сұйық – газ с-г

Қатты –сұйық хромотрафия – адсорбциялық хромотрафия болып табылады. Адсорбент ретінде силикогель, белсендірілген көмір,  $\text{Al}_2\text{O}_3$  алынады.

Сұйық – сұйық хромотрафия – таралмалы хромотрафия болып табылады. СФ ретінде қолданылатын ертіндіні инерпті тасымалдағышқа жағады, алынған толтырғыш қабаты арқылы сұйықтықты (КФ) өткізеді, КФ СФ-мен әрекеттеспеуі керек.

Сұйық хромотрафия сандық және сапалық анализде, ароматты көмірсүтектерде, полимерлерде, ПАВ, пестицидтерді, гердицидтерді, дәрілік препараттарды, майларды, көмірсіларды талдауда қолданады.

Хромотрафиялық детектор дегеніміз – бағанадан шығатын талданатын заттың мөлшері және таза зат мөлшерінің өзгерісіне байланысты келіп түсетін сигнал беретін құрылғы. Детектор бағанадан шығатын коспоненттерді тіркеп, мөлшерін анықтап береді. Сұйық хромотрафияда қолданылатын детекторлардың әрекет ету принципі УК және спектрдің көрінетін аймағында, жалында ионизациялауда, адсорбция жылуын, сыну көрсеткішінің ауысуына, жарық жұтылуына негізделген.

Детекторларды 2 топқа бөлуге болады:

6. Сұрыптаушы – (селективті) – олар белгілі бір класстағы қосылыстарға сезімтал
7. сұрыптаушы емес (неселективті) универсальді – олар кең диапазондағы заттарға сезімтал.

Детекторлардың негізгі сипаттамалары: сезімталдығы, детекторлау шегі, сывықтығы, жаңғыртылуы, қолданылу мен қызмет ету қарапайымдылығы.

СХ-ның адсорбциялық нұсқасында СФжәне КФ-лардың полярлығына байланысты, оларды нормальді – фазалық хромотрафия (НФХ) және қайтымды фазалық хромотрафия (КФХ) жіктейді. НФХ-да полярлы адсорбент және полярлы емес қозғалмалы фаза қолданады, ал КФХ – полярлы емес адсорбент және полярлы КФ қолданылады. Екі жағдайда да СФ-та қарағанда КФ-ны таңдау маңызды. СХ-да қолданылатын СФ КФ-мен

әрекеттеспеуі керек., талдау жағдайларына механикалық және химиялық тұрақты болуы керек, қажетті талғамдылықты және эффектілікті қамтамасыз етуі керек. СФ талданатын қоспа компоненттерін жақсы ерітіп, ҚФ-мен араласпауы керек. Әр түрлі класты қоспаларды талдау үшін бағаналардың 3 типін қолданады:

1 типті: бағаналарды силикагельмен толтырады, оған тұрақты сұйық фаза жағылған, ҚФ ретінде полярлы емес ерітіндін алады (мысалы гексан). 2 типті бағаналарды қатты тасымалдаушыға жағылған бета-оксидипропианитролмен толтырылады. ҚФ ретінде полярлы емес сұйық алынады. 3 типті бағаналарды «қайтымды фазалық» режимде жұмыстар жүргізуде ұсынылады, СФ ретінде полярлы емес ерітінді, ал ҚФ ретінде полярлы ерітінді қолданылады.


Қатты тасымалдаушы ретінде силикогель, хромосорб, белсенді көмір,  $\text{Al}_2\text{O}_3$  қолданылады. Силикогель арнайы сорбенттерге жатады. Оның бетінде адсорбция адсорбциялануши затпен беткі силаноль топтар  $\equiv \text{Si}_2\text{O}_4$  арасындағы сутектік байланыс түзілуі әсерінен жүреді. Силикогельді, көмірсуларды, спирттерді фенолдарды, альдегидтерді, органикалық қышқылдарды, аминдерді, косплексті қосылыстарды бөлуге қолданылады.  $\text{Al}_2\text{O}_3$  - бұл сорбенттің беті ( $\text{Al}^{+3}$  және  $\text{O}^{2-}$  иондарынан түзілген) поляризациялау қасиетіне ие, күшті электростатикалық алаң түзуге қабілетті. Модификацияланған сорбенттер. Ж.Эф СХ-да бөлудің көп түрлерін модификацияланған сорбенттерде жүргізеді, химиялық модификацияға тек қана силикогель үшінрайды.

Қозғалмалы фаза (ҚФ) белгілі талаптарға сәйкес болуы керек:

1. Талданатын затты еріте алу
2. Тәмен тұтқырлықты болу керек
3. Бағананың сипаттамасын өзгертуеуі керек
4. Қоспасыз құрамы болуы керек
5. Детекторға қатысты инертті болуы керек

Еріткішті екінші қайтара қолдануға болмайды. Хромотрафияда жоғары қысымда қолданылатын еріткіш құрамында газдар болмауы керек, себебі олар еріткіш детектор арқылы өткенде детектордан шығу кезінде шудың деңгейінің көтерілуіне әкеледі. Газдарды еріткішті қыздыру әдісімен немесе ваакумды пайдалану арқылы келтіреді немесе осы әдістерді аралас қолданады.

Ионалмасу хромотрафиясы (ИАХ) сұйықтық хромотографияның бір түрі. ИХ негізіне ион алмасу реакциялары жатады. Бұл процесс талданатын ерітіндімен ионалмасузың қозғалмалы иондарының арасында жүреді. Бұл процесс мына теңдеумен жазылады.



Мұнда  $\epsilon$  - индексі – еріткіш фазасы,  $u$  – ионалмасуши фаза. Ионалмасу процесі стехиометриялы, осы қасиетімен молекулалық адсорбциялық және таралмалы хромотрафиядан ерекшеленеді. ИХ бөлу талданатын иондардың қарама-қарсы белгіден иондарға ұқсастығын бөлуге негізделген. Ол ионалмасуыда (ионитте) қатаң бегіленген. ИХ-да мұндай иондарды бекітілген деп атайды. Ал олардың зарядын компенсациялаушы иондарды – қарсы иондар деп атайды. Қарсы иондар ионалмасуға қатысады, ҚФ құрамына кіреді.

Ионалмасу процесінің динамикасы хроматографиялау барысында анықталатын А ионы, сынамамен бағанаға егізілген, теңдеуге сәйкес қарсы В ионмен ион алмасады. Ион алмасу процесі элюенттің үздіксіз қозғалысында болғандықтан, тепе-тендік А иондарының десорбция бағытына қарай ығысады. Ерітіндіден түсетін бета ионына алмасады. Уақыт өткеннен кейін кері реакция жүреді. Ионит қайтадан қалпына келеді. Бұл уақытта сынама зонасы бағана бойымен қозғалып, жаңа тепе-тендік орнайды. Бағанадан өту барысында хның басқа түрлеріндегі сорбция-десорбция процесі бірнеше рет қайталанады. Бекітілген иондарға өте ұқсас иондардың зонасы аз ұқсас иондарға қарағанда қалып қояды, себебі, ҚФ

қарсы иондардан тұрады, хромотография процесі аяқталғаннан кейін ионалмастыруыш өзінің бастапқы қалпына келеді.

### **Газды хромотография .**

Газды хромотография (ГХ) аналитикалық химияның жақсы дамып келе жатқан түрлерінің бірі. Бұл әдіс тек ұна химиялық зерттеулерде ғана қолданылмай, мұнай өнеркәсібінде , медицинада, мұнай химиясы, мұнай өңдеу өнеркәсібінде, газ өнеркәсіпперінде жақсы қолданылады.

Әдістің маңызы ерекшелігі – әр түрлі заттарда , ҚО объекттерінде , материалдарда микро коспаларды анықтау. Газды хромотография әдісі 1- ші анализден бастап қоспаның сандық сапалық талдауын жасайды және 100- 200 ұшқыш компоненттерге дейін анықтайды.

Газды хромотография жеке компоненттерге немесе жеке компонеттер тобына бөлінетін күрделі заттарды бөлудің физикалық – химиялық әдісіне жатады. Бөлу бөлінетін компонеттердің қозғалмалы газдың және тұрақты фазалар арасында молекулаларының таралуына негізделген. Бұл фазалар арасында анықталатын компонент үшін динамикалық тере – теңдік орнайды . Тасығыш – газ ағыны қысымында анықталатын қоспаның компоненттері әр лүрлім жылдамдықта хромотографиялық бағана бойымен жылжиды.

Анықталатын компонент үшін қозғалу жылдамдығы газдың екі тұрақты фазалар арасында таралуының константасы бойынша анықталады.

Хромотография занының қозғалу жылдамдығы таралу константасының көрі пропорционал. Себебі, жақсы сорбцияланатын компонеттер сорбент қабаты арқылы нашар сорбцияланатын компоненттерге қарағанда баяу қозғалады.

Бөлу процесsei бөлінетін компоненттердің ұшқыштық пен ерігіштікке негізделген.

Хромотографиялық бағанадан СФ < ерігіштігі темен, берілген температурада ұшқыштығы жоғары компонент тез өтеді.

Талданатын сынаманы буландырығыш арқылы тасығыш –газ ағынына енгізеді. Тасығыш газ сынаманы бағана және детектор арқылы өтуіне қызмет өтеді. Бағана хроматографтың негізгі бөлігі болып табылады, онда талданатын сынама құрамдас бөліктерге бөлінеді. Сынаманың бөлінген компонеттері тасығыш газбен бірге бағанадан шығып, детектормен тіркеледі. Детектор сигналдары тіркегіш құрал лентасына жазылады.

Газды хромотографияның 2 түрі бар:

- 1) Газ адсорбциялық ( қатты фазалық ),
- 2) Газ сұйықтың

Газ адсорбциялық хромотографияда СФ ретінде қатты адсорбент ,газсұйықтықта бұндай фаза ретінде инерпті тасымалдаушыға жағылған сұйықтық алынады.

2) Компонеттердің бағанадан шығуы сигнал түзеді, нәтижесінде өздігінен жазғыштың лентасында хроматограмма жазылады. Анықталатын заттың хроматограммасы химиялық шыңның бітліктеріне сәйкес болоды. Сынаманың енгізілу уақытынан шыңның максимумының шығуына дінгі уақытты ұсталыну уақыты деп атайды. Бағананың толтырылған затымен сінірілмейтін кампонент (мысалы: ауа ) бағанадан тасығыш- газ жылдамдығымен температура 0 уақыт арасында өтеді. Кез –келген компоненттің молекулалары бағанадан тасығыш – газ жылдамдығымен өтетіндіктен, газ фазасында болған уақытта бұл уақытта бұл молекулалар СФ байланысады, сондықтан  $t' = t - t^o$

Алынған шаманы адсорбцияланатын компоненттің ұсталу уақытын есептемегендегі ұсталу уақыты деп атайды.

Ұсталынуды сипаттау үшін ұсталыну көлемі ұфымы **VR** қолданылады. VR- ұсталыну уақытының тасығыш-газдың көлемдік жылдамдығының айналу туындысы. (Затты элювирлеу үшін бағанада затты белгілі бір жылдамдықпен жылжымалы заттың көлемі өткізу керек. )

3) ГХ-ны препараттық мақсаттарда

химиялық препараттарды тазалауда, қоспадан жекелеген заттарды бөлуге қолданылады. Газды хроматографтың көмегімен «Венера» ғарыштың аймағында Венераның

атмосферасының құрлысы анықталған. ГХ-фтарды ғарыш кемелерінің түрғын бөліктерінде қолданылады: себебі адам организмі көптеген ЗиЗ ды бөледі және олардың көп шоғырлануы зиян, қолайсыз жағдайларға әкеледі. Шекті нормаларды бұзғанда хроматографтың автоматты жүйесі аспапқа ауаны тазалауға каманда береді. ГХ-ұшқыш заттарды бөлу әдісі. ҚФ-ретінде инертті газ (тасығыш-газ) СФ арқылы өтеді. СФ үлкен беткі бөлікті болады. ҚФ ретінде  $H_2$ ,  $He$ ,  $Ar$ ,  $CO_2$  (көмірқышқыл газы) алынады. Тасымалдаушы газ бөлінетін компоненттермен, СФ-мен әрекеттеспейді.

Бөліну процесси бөлінетін компоненттердің ұшқыштығына  $\alpha$  ерігіштігіне негізделген. Х-қ бағанадан СФ-да ерігіштігі төмен, ал берілген  $t$ -да ұшқыштығы жоғары компонент тез өтеді.

ГХ-ны органикалық қосылыстарды талдауда сериялық әдіс ретінде кеңінен қолданады. Осы әдіспен периодтық жүйенің ұшқыш комплекс түріндегі барлық элементтерін анықтауға болады. Жоғары сезімталды және сұрыптаушы детекторлар микроқоспаларды  $10^{-10}$  % концентрацияларда да тіркейді.

4) Газадсобиялық химияның ерекшелігі – бұл әдісте СФ ретінде беті жоғары активті адсорбенттерді, СФ және ҚФ арасындағы адсорбциясы электростатикалық табиғаты бар молекулаларлық әрекеттесулер есебінен жүреді.

Аналитиктер үшін тұрақты  $t$ -да адсорбцияланған заттардың мөлшері осы заттың газ фазасындағы концентрациясына тұра пропорционал болуы маңызды. Бұл жағдайда анықталатын компонент бағана бойымен тұрақты жылдамдықпен, оның концентрациясына қарамай қозғалады. Заттардың бөліну олордың әртүрлі жылдамдықпен қозғалуына негізделген. Сондықтан ГАХ адсорбентті, оның ауданы сініру бетінің табиғатын тағдау өте мағызызды.

ГАХ-да адсорбент ретінде  $Al_2O_3$ , силикогель, кеуекті шыны, белсенді көмір қолданылады. Белсенді адсорбенттердің беті тегіс болмауы ГАХ-ның негізгі кемшіліктері ГАХ-ны газ қоспаларын төмен қайнайтын көмір сутектерді, активті функционалды топтары жоқ қосылыстарды және талдауда кеңінен қолданады.

СФ сұйық фазалар. Бағананың талғамдылық пен қамтамассыз ету үшін тұрақты сұйық фазаны дұрыс таңдау керек. Бұл фаза компоненттер үшін жақсы еріткіш болуы керек, лайлы емес, химиялық инертті, тасымалдаушыға шаққанда су тұтқырлықты, жұқа қабат түзуі керек. СФ бөлу компоненті үшін бөлу қабілеттілігі максимальді жоғары болуы керек. Сұйық фазаның 3 типі болады. 1 полярлы емес, полярлы және аз полярлы.

Тұрақты скыйк фазаның және бөлінетін заттардың қасиеттерін біле отырып, берілген қоспаны бөлу үшін селективті сұйық фазаны таңдап алуға болады. Таңдау барысында компоненттердің ұсталу уақыты талдауға ыңғайлы, СФ полярлығы мен талданатын сынаманың полярлығы бір-бәрәне жуық болатындей етіп алады.

Сұйық фазаны қатты тасымалдаңышқа біркелкі етіп жаңу үшін оны ұшқыш еріткіш (әфир) пен араластырады. Бұл ерітіндіге қатты тасымалдағышты қосады, қоспаны қыздырады еріткіш ұшып кетеді, ал сұйық фаза тасымалдаушыда қалады.

5) Аналитикалық химияда практикалық газсұйықтық х-яны көп қолданады. Бұл сұйық СФ-ның көптүрлілігіне байланысты, осы талдауға қажетті сезімтал фазаны таңдауда жеңілдетеді.

Тасымалдағыш пен сұйық СФ арасында компоненттердің тарау механизімі олордың сұйық фазада еруіне негізделген.

### Бақылау сұрақтары:

6. Талдаудың хромотографиялық әдістерінің жалпы сипаттамасы қандай?.
1. Сұйықтық хромотография нені қарастырады?
2. Газды хромотография қалай жіктеледі?

## **Taқырып 1.6 : Газталдағыштар және индикаторлық түтікшелер**

**Жоспар:**

1. Газталдағыштар
2. Индикаторлық түтікшелер

I. Газталдағыштар – газды қоспаның құрамын бақылауға мүмкіндік беретін аспап. Жұмыс аймағының ауалы ортасын талдау үшін белгілі бір уақыт аралығында талданатын компоненттің концентрацияларын ұздіксіз тіркейтін автоматтандырылған аспаптар қызығушылық тудырады. Аспаптар сигналды құрылғымен жабдықталуы керек. Өндірістік автоматтандырылған газталдағыштар әрекет ету принципіне байланысты былайшы жіктеледі:

- механикалық
- дыбысты және ультрадыбысты
- жылулық (термохимиялық)
- магнитті
- электрохимиялық
- ионизациялық
- оптикалық
- жартылай өткізгіштікі
- аралас – термомагнитті және оптика – акустикалық

**Оптикалық газталдағыштар.** Олардың жұмыс істеу принципі ИК, УК және спектрдің көрінетін аймағында сәулелік энергияны газдармен таңдамалы жұтылуына негізделген. Газдар, молекулалар екі немесе одан да көп түрлі атомдар санынан тұрады. Сәулелеік энергияны спектрдің көрінетін аймағында жұтады. Осы принципке негізделген аспаптар жеткілікті талғамдылыққа ие, себебі сәулелік энергияны жұту тек белгілі бір, берілген газдың жұту спекторына сәйкес келетін толқын ұзындығында жүреді. Сәулеленуді жұтуына негізделген аспаптарға CO-ны анықтауға арналған оптикалық газталдағыштар жатады. УК сәулелерді жұту қабілетіне көптеген газдар ие, бірақ олардың кейбіреуі ғана бір бірінен ажыратылатын және жеткілікті қарқынды жұту спектрлеріне ие. Бұл әдісті қолдану аймағын шектейді. Газдармен спектрдің УК аймағында сәулелік энергияның жұтылуына негізделген газталдағыштар аудағы Hg булярын, Ni, O<sub>3</sub> карбонилдарын анықтауға қолданылады.

**Фотометриялық газталдағыштарының** әрекет етуі спектрдің көрінетін аймағында ауаның талданатын компонентімен әрекеттескенде өзінің түсін өзгеретін ерітінділермен немесе индикаторлық ленталармен сәулелік энергияның жұтылуына негізделген. Бұл аспаптар жоғары сезімталдығымен, талғамдылығымен, конструкциясын универсальдылығымен – бір аспап бірнеше токсикалық заттарды анықтауға қолданылуы мүмкін; ерекшеленеді.

Фотометриялық газталдағыштардың 2 түрі бар: сұйықтықтық және ленталық. Біріншісінде ауаның талданатын компонентінің концентрациясын ерітіндінің жарық жұтуы бойынша өлшейді, екіншілерінің әрекет ету принципі алдын ала ауаның талданатын компонентімен реакцияға түсетін ерітіндімен өнделген немесе ылғалданған индикаторлы лентаның түсінің фотометренуіне негізделген. Ленталы газталдағыштардың жұмысы сыйықтық-колористикалық әдіске негізделген. Қағаз лентаның бойына реагент ерітіндісін жағады. Зерттелетін ауа реагентпен әрекеттескенде индикаторлы лентаның бетінде боялған жолақ пайда болады, оның ұзындығы талданатын компоненттің концентрациясына пропорционал.

**Термохимиялық газталдағыштар** жұмысы ауаның талданатын компонентінің химиялық реакциясының пайдалы жылулық әсерін өлшеуге негізделген. Термохимиялық газталдағыштардың 2 типін ажыратады. 1 типке талданатын компоненттің каталитикалық тотығуы қатты катализаторда, одан талданатын ауа өткен сәтте жүретін аспаптар жатады. Каталитикалық тотығудың жылулық әсері қарсыласу термометрімен және термобатареямен өлшенеді. 2-ші типке ауаның талданатын компоненттің каталитикалық тотығуы қыздырылған белсенді, бір уақытта өлшеуіш мосттың иығы болып табылатын жіпте жүреді. 1 тип


газталдағыштары  $10*100 \text{ мг}/\text{м}^3$  қатар концентрацияларды талдау үшін, 2 тип аспаптары салыстырмалы талдау үшін қолданады, олар тез әрекет етуімен ажыратылады, бұл әсіресе, өрт және жарылуға қауіпті қаттарды бақылау кезінде маңызды.

### Электрохимиялық газталдағыштар 2 түрге бөлінеді.

1. Кондуктометриялық.

2. Гальваникалық.

Кондуктометриялық газталдағыш газ қоспасынан ( $\text{H}_2\text{S}$ ,  $\text{NH}_3$ ,  $\text{SO}_2$ ) компонентті сініру барысында ерітіндінің электроткізгіштігінің өзгеруін өлшеуге негізделген. Гальваникалық газталдағыштардың жұмысы электрохимиялық ұяшықтарда талданатын газ берен электролит арасындағы ішкі тізбекте ЕҚҚ-ін тудыра жүретін электрохимиялық реакцияға негізделген. Бұл аспаптардың әрекет ету принципі Фарадей заңына негізделгендердіктен, олар реакция нәтижесінде пайда болған ток күшін аралас және талданатын ұяшық арқылы өтетін ауа мөлшері бойынша аралас болуы мүмкін. Потенциометриялық қулонометрия негізінде атмосфералық ауадағы және өндірістік бөлменің ауасындағы  $\text{H}_2\text{S}$ ,  $\text{SO}_2$  мөлшерін анықтауға арналған «Атмосфера -1М» жасалған. Ауадағы газ  $\text{SO}_2$  анықтауда оның йодпен  $\text{H}_2\text{O}_2$  түзе жүретін реакциясын қолданады, сонынан электрохимиялық ұяшықтың электродында электрототығады. «Атмосфера-1М» қулонометриялық газталдағышы атмосфералық ауада және жұмыс орнының ауасында  $\text{Cl}_2$  және  $\text{O}_3$  мөлшерін анықтауға арналған. Бұл үздіксіз жұмыс істейтін, қозғалмалы, автоматты түрде көрсеткіштерді жазатын және сигнальдың кез келген жүйесінде жұмыс істейтін түрі. Газдық қоспадағы  $\text{O}_3$  және  $\text{Cl}_2$  анықтағанда алдын ала олардың  $\text{NaBr}$ -мен  $\text{Br}_2$  түзе жүретін реакциясын қолданады. Сонынан өлшеуіш электродта тотықсызданады, түзілген ток  $\text{O}_3$  үшін өлшеуін концентрация болады. Бұл кезде электрохимиялық ұяшық гальваникалық элемент режимінде жұмыс істейді.



«Атмосфера» типті газталдағыштары қоректену бөлігінен, зарядтаушы бөліктен, өздігінен жанғыш потенциомер, өздігінен жанғыш милливольтметр, ауыстырығыш, датчик сияқты элементтерден тұрады.

**Оптико-акустикалық газталдағыштардың** әрекет ету принципі оптико-акустикалық эффектіге, яғни газ тұйық кеңістікте УК сәулеленуде периодты түрде жылды және сүиди. Бұл кезде газды қоспаның қысымының тербелуі байқалады. Мұндай УК сініруге негізделген аспаптарға ОАГ  $\text{SO}_2$ ,  $\text{CH}_4$  анықтауға арналған ГИАМ аспабы жатады. Лазерлі газталдағыштар ауадағы  $\text{CH}_4$ -тегі көміртегі мөлшерін анықтауға арналған. Олар қалалық және трасс магистральді газ құбырларын тексеретін қозғалмалы зертхана құрамына кіреді. Олар арқылы газ құбырларында тесік, ақаулар болмауын қадағалайды. Лазерлі газталдағыштың ірекет ету принципі өлшеу әдісі тұра аборбциялық өлшеу әдісіне негізделген. Мұнда өлшеу метанның сәулеленуін  $\lambda=3,39 \text{ нм}$  резонансты сініруге негізделген. Сәулелену көзі ретінде сәулелену жиілігі  $\text{CH}_4$  сәулеленуінің резонансты сінірлуйінің жиілігімен сәйкес келетін газды лазерлерді қолданады. Газталдағыш автокөлікке жылдамдығы 10 км/сағ қозғалыста өлшеу жүргізу үшін қолданылады.

Ауадағы зиянды заттарды анықтауда қарапайым құралдар кеңінен қолданыс тапты. Олардың көмегімен жұмыс орнының ауасындағы зиянды заттарды анықтауға болады. Мұндай аспаптарға әмбебап газталдағыштары УГ-1, УГ-2 газталдағыштар, ГХ-2, көміртегін тез анықтайтын аспаптар жатады. Бұл аспаптар ауа сынамасын алатын құрылғыдан және индикаторлық түтіктер жинағынан тұрады. УГ-2 көмегімен  $\text{H}_2\text{S}$ ,  $\text{NH}_3$ ,  $\text{SO}_2$ ,  $\text{NO}$ ,  $\text{CO}_2$ ,  $\text{NO}_2$ ,  $\text{C}_2\text{H}_2$ , бензин,  $\text{HCl}$  және т.б. көптеген заттарды анықтауға болады.

II. Өндірістік орындарда зиянды заттардың ауадағы мөлшерін экспрессті әдіспен индикаторлық түтікшелер ауаны өлшеуге болады. Осы әдістің жақсы жақтары:

- Талдаудың жылдамдығы
- Талдау жасалатын жерде нәтижелерді алу

- Құрылғылардың және әдістің қарапайымдылығы
- Талдаудың қажетті сезімталдылығы және нақтылығы
- Жылулық және электр энергиясының көздері қажет емес.

Индикаторлық түтік – герметикалық шыны түтік, активті реагентпен әрекеттескен қатты тасушымен толтырылған.  $\text{Al}_2\text{O}_5$ , фосфор, шыны хроматографиялық тасушылар. Тасуышының табиғаты, құрамы индикаторлық порошоктың қасиеттеріне әсер етеді.

Индикаторлық түтіктің ішіндегі зат тұрысы аяа өткізетін гигроскопиялық мақтадан немесе стекловоломнадан жасалған прикладкамен сипатталады.

Индикаторлық түтік ені ұшынан шынымен дәнекерленеді. Оларды қолданар алдында екі ұшын сындырып, аяа сынамасын өткізеді. Зиянды заттардың концентрациясын индикаторлық парашоктың тусінің өзгеруімен немесе боялған индикаторлық парашоктың ұзындығымен анықтайды. Зиянды заттарды градуирленген шкала бойынша есептейді.

Кейбір индикаторлық түтіктер қосымша түтіктермен беріледі: қышқылдатқыш, кептіргіш және фильтрлеуші.

Кейбір индикаторлық түтіктерде бірнеше компоненттерден тұратын және ұзақ сақтау кезінде бұзылатын реагенттер қолданылады. Барлық компоненттер бөлінген және түтікті қолдану кезінде араласып кетеді. Компоненттердің біреуі ерітінді түрінде ампулада орналасады, ампула индикаторлық түтікшеде тараған және оны аяа өткізбес бұрын арнайы құрылғымен сындырады. Нәтиженің дәлдігін жоғарлату үшін температуралық түзетулердің және түзетуші коэффициенттер қолданылады.

Индикаторлық түтіктермен өлшеулер жүргізулар аяа тәрізді құрылғыға қосылады. Өлшеулерді түтікшені разирметизациялаудан кейін бір минуттан кеш емес бастау керек, ол зиянды заттардың қоршаған ортадан түтікшеге дифузиялануын болдырмау үшін керегі. Индикаторлық түтікшелерден өткен аяа мөлшері, түтікшелерді эксплуатациялау кезіндегі инструкциядағы мәліметтерге сай болуы тиіс. Бұнда осы түтіктің түріне арналған аяа тәрізді құрылғыны қолдану қажет. Бастапқы және соңғы белгідегі индикаторлық түтіктегі шекараның дұрыс көрінбеуі кезінде, зиянды заттың концентрациясы шкаладағы жоғарғы және төмен бөліктегі шекарасы алынады. Өлшеудің нәтижесіне орташа көрсеткіш алынады.

### **Бақылау сұрақтары:**

1. Газталдағыштар қалай жіктеледі?
2. Оптикалық газталдағыштардың әрекет ету принципі қандай?
3. Электрохимиялық газталдағыштар нешеге бөлінеді?

### **Сабак №13**

**Тақырып 1.7.** Суды, ауаны, топырақтың сынамасын алуға арналған аспаптар. Суды, ауаны, топырақтың сынамасын алу әдістемесі.

#### **Жоспар:**

I. Сынаманы алудың, тасымалдаудың, газды сынаманы дайындаудың техникалық құралдары.

1. Сынама алу зондылары мен сұзгыштері.
2. Сынаманы тасмалдау магистральдары
3. Сынаманы суыту құрылғылары.
4. Сынаманы аспирациялау құралдары
5. Атмосфералық ауаның сынамасын алу

II. Топырақ сынамасын алу және талдауға дайындау

III. Табиғи сулардың сынамаларын біріншілік өңдеуге және сақтауға арналған аспаптар мен алу құрылғылары.

1. Сынама алушылардың түрлері мен олардың берілуі.
2. Сынама алуға арналған аспаптарға қойылатын техникалық талаптар.
3. Физикалық және химиялық талдауға арналған сынама алу құрылғылары.
4. Сынамаға арналған контейнерлердің түрлері.
5. Сынаманы алу әдістемесі.

Сынама алынатын ауданға қажетті құрылғылар жеткізіледі. Ауа сынамасын алу негізгі және арнағы шектелген заттар. Ол үшін пневтометрикалық тұтікшені газоходтың тесігіне қояды және газды заттарды анықтайды. Шаңды анықтау үшін статикалық және динамикалық қысымды микромонометрмен, газоходтағы газдың жылдамдығын және электроаспиратор арқылы өткен ауаның көлемін есептеу. Газоходқа сонында металлды патрон орналасқан газ тәріздес тұтікшені қояды, зертханада патрон өлшеніп алыну қажет және 20 минут ішінде ауаны өткізеді.

Жарылғыш және өртқауіпті атмосферада электрлік аспаптарда сынама алуға тиым салынады.

Газды бақылау газды сынамада және газоходта жоғары температуралы ағында, ылғалдылықта, шаңданған және химиялық агрессивтілікте алынады.

Осыған байланысты сынаманы талдауға дайындауға және аспапты құру орнына деін тасмалдауға арнағы құрылғылар қолдану қажет.

Бұл құрылғыларға жатады: сынама алу зондылары, фильтрационды элемеенттер, сынаманы сұту құрылғысы, сынаманы аспирациялау құралдары. (газ шығынын тудырушы)

1. Сынаманы газоходтан тутік тәріздес тот баспайтын болаттан жасалған  $d = 10-30$  мм және ұзындығы - 0.5-2.5 м зонд арқылы алады. Газды біріншілік тазарту зондта газоходтың ішінде немесе сыртында орнатылған металды керамикалық фарфор арқылы жүргізіледі. (Ішкі немесе сыртқы фильтрация әдісі).

Ішкі фильтрация әдісін қолдануда фарфорды конденсатты болдырмау үшін қосымша қыздырудың қажеті жоқ. Бірақ бұл жағдайда фарфорға үлкен жылдамдықпен қозғалатын шаң бөлшектері әсер етеді, ол аспаптың тез бұзылуына әкеледі.

Ішкі фильтрация ұзак қолданады, бірақ тәсіл фарфорды қосымша қыздыруды қажет етеді. Бұл зонд конструкциясын қынданатады. Фильтрационоды материал ретінде талшықты және шыны маталы фарфорлар қолданылады. Сынаманы шаңнан тазарту үшін зонд конструкциясына қатысы жоқ құралдарды пайдалануға болады.

2. Сынаманы тасмалдау кезінде женіл еритін зиянды заттардың конденсаттың тұсуін болдырмау үшін сынама температурасын шық температурасынан жоғары ұстау қажет. Бұл жағдайда газ магистральдарын өнеркәсіппен шығарылған қыздыру құрылғылары бар, газоходтан сынама алуға қолайлы құрылғысы бар, газдың температурасын  $200^{\circ}\text{C}$  дейін тұрақты ұстайтын, сынаманы шаңнан жартылай және толық тазалайтын газды магистральдар қолданылады.

3. Істық сынаманы газталдағышқа берер алдында сұту қажет. Сұту кезінде түскен конденсаттағы женіл еритін зиянды заттарды зертханалық тәсілдермен анықтауға болады.

Талдау уақыты барысындағы кеткен ауа шығыны бойынша конденсаттың мөлшері және ондағы зиянды заттардың мөлшері бойынша газталдағыштың көрсетулеріне түзетулер енгізуге болады. Өнеркәсіппен арнағы сынаманы сұтуға және конденсатты жинақтауға мүмкіндік беретін тоқазытқыштар және сынаманы  $200-20^{\circ}\text{C}$  тасмалдаушы қондырғылар шығарылады.

4. Газ шығынын тудырғыш - газ сынамасын дайындау жүйесінің негізгі бөлігі болып табылады. Ол сынама алу орнынан біріншілік өлшегіш ауыстырғышқа дейін газдың берілуін қамтамасыз етеді және бұл кезде сынама алынатын магистральдарда орнатылған сынама дайындау құрылғыларының пневматикалық кедергісін боолдырмайтын қысымның белгілі төмендеуіне әкеледі.

Казіргі кезде газоаналитикалық техникада мембранның, ротационды және эжекторлы шығын тудырғыштар қолданылады. Олар газ қысымының ауытқуларын төмендетеді және газ шығынын азайтады.

5. Атмосфералық ауа сынамасын алуда бірлік және тәуліктік концентрацияларды анықтау бақылау постыларында жүргізіледі. Сынама алу ауыстырғыш және вакуумды тәсілмен аспирационды жүргізіледі.

Аспирационды тәсілде зерттелетін ауа белгілі жылдамдықта белгілі бір заттар ұсталатын жұтуши ерітіндіден өткізіледі.

Ауыстырғыш тәсілде сынаманы 10-дық көлемдегі ерітіндіде сосудтан зерттелетін ауаны жіберіп, газқабылдағыштан алады (газды пипеткалар, бутыльдер).

Вакуумдық тәсілде сынама алу зерттелетін ауданда толтырылатын сосудта жүргізіледі. Сынама алу үшін аспирантор қажет (электронды аспирантор), далалық жағдайда компрессорлық қондырғы автомашина ПХПВ – 1М, жұтқыш аспаптар, пневматикалық приборлар, микроманометрлер, газоанализаторлар қажет.

II. Топырақтың ластануын бақылау сынамасы 3 жылда 1 рет жүргізіледі. Топырақ жамылғысының техногенді ластануларының деңгейін бақылау негізінде үш негізгі параметрлер жатады:

- а) топырақ сынамасының аралас сынамасын алынатын элементарлы учаскенің мөлшері, ол топырақ ластану деңгейін бейнелейді.
- б) сынама мөлшері, ол топырақтың аралас үлгісінің жағдайын үшін қажет.

II. Топырақтың ластануын анықтайтын сынама 3 жылда 1 рет алынады. Топырақ жамылғысының техногенді ластануында зерттеуде үш негізгі параметрлер жатыр:

- а) топырақтың ластану деңгейін көрсететін, аралас сынамасын алатын учаскенің ауданын анықтау;
- б) топырақтың аралас сынамасын алуға арналған алдын ала қажетті сынама мөлшері;
- в) басты учаске – ландшафттың генезисін, топырақтың қасиетін көрсететін көрсететін геоморфологияның бірлігі;

Басты учаскеге қарап элементарлы учаскенің ауданын анықтайды, олар ластану көзінен қашықтығына байланысты, әдетте ластау көзі алыста орналасса соғұрлым учаске ауданы үлкен болу қажет деген ережеге сәйкестендіріледі. Элементарлы учаске аясында аралас сынаманы құрауға арналған сынама алышатын жұмыс ауданын таңдайды, элементарлы учаскенің ауданы үлкенірек болса, ал топырақтың жамылғысы қалың болса, онда осы учаскеге байланысты сынама учаскесін таңдайды. Ауданды және оның конфигурациясын топырақ жамылғысының, жер бедерінің және т.б. байланысты таңдайды.

Картада – ауданың жобасы көрсетілген, яғни онда желбағыты мен жер бедері басқада карталы материалдарды қолдана отырып салады.

Өнеркәсіптің алаңында сынама ауданын белгілейді. Үлкен өнеркәсіп территориясындағы желдің бағытында 20-30 км, ал аз қайталанатын жел бағытында 2 есеге аз. Зерттеу барысында учаскенің зерттеу төлкүжаты жасалады, аудан сынамасының спаттамасы, сонымен қатар талон және топырақтың сипаттамасы жазылады.

Нұктелік сынаманың аралас сынаманы алу үшін коп болса, соғұрлым топырақтағы құрамдардың ауытқуы қатты болады. Ластану көзінің ластаушылары аз болған жерде табиғидан ерекшеленеді. Олардан 20 нұктелік сынаманы топырақ тереңдігі 5 – 20 см алады. Миграцияны бақылап отыру үшін нұктелік сынаманы бүкіл топырақ профилінен алады.

Аралас сынаманы нұктелік сынамаданалады, олардың салмағы бірдей және 200 г аспау қажет, нұктелік сынаманың ауданы сынама алу тәсіліне байланысты.

Топырақ сынамасын бурмен алғанда қадама саны 20 – 40 тұрады, олар бірдей бөліктө сынама алу ауданының диагоналі бойынша ұлғая береді.

Топырақ сынамасын күрекпен алғанда конверт бойынша (25 нұктелік сынама) орналастырады. Нұктелік сынаманы крафт – қағазға немесе полиэтиленді пленкаға салады, араластырады, 3-4 ширетейді. Ширектеуден қалған топырақ біркелкіленеді 6 – 9 квадратқа бөледі.

Нұктелік сынаманы таңдағанда қосымша ластанулар болмауы қажет және сынаманы металлды емес құралдармен іріктелді.

III. 1. Табиғи суларды біріншілік өндеу жасауға және сынамаларды сақтауға арналған аспаптар мен құралдар мыналарға бөлінеді:

Сынама алу аспаптары;  
Біріншілік өндеу қондырғылары;

### **Сынаманы сақтауға арналған қондырғылар.**

Сурдың сынамасын алуға арналған аспаптар берілуі бойынша бөлінеді:

- а) суағындарынан, теніздерден алынатын су сынамаларын алуға арналған аспаптар
- б) ұңғыма, құдық және тау кен жұмыстарының суларынан алынатын сынамалар аспаптары.
- в) атмосфералық жауындардың сынамаларына арналған аспаптар.

Жұмыс істеу режиміне байланысты аспаптар бөлінеді: автоматты, жартылайавтоматты және қолмен жұмыс істейтін.

2. 1) Табиғи суларды біріншілік өндөу жасауга және сынамаларды сақтауға арналған аспаптар мен құралдар сынамамен бірге герметикалықты сақтауы қажет.

Су сынамасын беткі қабаттан алған кезде камераның герметикалығы шартты болуы міндетті емес.

2) сынама алу материалдары химиялық тұрақты және алған сынамалардың камерада болу кезінде құрамын өзгерпеуі керек

3) автоматты сынама алушылар үздіксіз және периодты әрекеттегі болу керек.

4) автоматты алушылар берілген бағдарлама бойынша жұмыс істеуге мүмкіндік беруі керек.

5) автоматты сынама алушылар 3-5 С температурасы бар термостат қондырығысымен қамтамасыздандырылуы керек.

6) автоматты сынаалушылар сынама 0,5; 1; 3л сыйымдылығын және алынған снама саны – 24 болуын қамтамасыз ету керек.

7) жартылайавтоматты сынама алушыларда сиганалды құрылғысы болу керек, олар оператордың сынама алуға дайын екенін білдіреді және берілген бағдарламаның аяқталғанын білдіреді.

8) камера сыйымдылығы барлық жобаланған құрамдарды анықтауға мүмкіндік беруі керек.

9) сынама алушылар керекті тереңдіктен сынама алуға мүмкіндік беру керек.

10) сынама алушыны бір уақытта сынманы ала отырып су температурасын өлшеуге мүмкіндік беретін модификация түрінде дайындау қажет.

11) сынама алушының ұзындығы кемдеғендеге 3м ден аспауы қажет.

12) сынама алушының автоматты басқаруы жұмыс уақытын 5 сағаттан кем болмауын қамтамасыз керек.

13) тұнбаны алушылар сұйық тұнбаларды келесі химталдау үшін жинауды, сақтауды қамтамасыз ету керек.

14) тұнбаны алушыларда беткі қабылдау қабатын жауын жауғанда ашық ұстайтын және құрғақ периодта жабықстайтын қондырығы болуы керек.

15) тұнба алушылардың қабылдау беті плошадь 100мл сынаманы алуға мүмкіндік беру керек.

3. Бірреттік сынамаларды әдетте шелекпен (қолмен) немесе бөтелкемен алынады.

Нақты сынаманы алу үшін өлшенген бөтелке тығынмен жабылып су айдынына тығылады. Шекті тереңдікте тығынды алады, бөтесін толтырады мұнда су құрамын өзгертетін ауаның немесе басқа да газдардың болмауын қадағалау қажет, сондықтан сынама алу үшін арнайы бөтелкелер қолдану керек (мысалы: ауасы алыніан бөтелкер).

Микробиологиялық зерттеуге арналған сынамаларға стерильді пробиркалар немесе пластмассалы бөтелкелер қолдану қажет.

4. көбіне жай сынама алуға, әдетте табиғи сулардың физикалық және химиялық параметрлерінде полиэтиледі және боросиликатты шынылы ыдыстар қолданылады, яғни инертті материалдан жасалған ыдыстар өолданылады.

Сынама сақталатын ыдыс және оның тығыны:

а) ластанудың себепшісі болмауы қажет

б) қандайда бір элементті абсорбирлеуге немесе адсорбирлеуге

в) сынамадағы қандайда бір элементтін реакцияға тұсуге

г) мөлдір емес немесе қаранғыланған шынылы ыдыстар жарықтың сынамаға түсүн азайтады.

Жана шынылы ыдыстарды сумен немесе жуғыш заттармен шанды жою үшін жуылады, сосын K<sub>2</sub>Cr<sub>2</sub>O<sub>7</sub> + H<sub>2</sub>SO<sub>4</sub> (хромпик) қоспасымен жуылады, сосын дистильденген сумен шайылады.

Хромды қышқылдың адам және қоршаған ортаға зиянына байланысты, оның орнына жуғыш заттарды қолдануға болады (егер олр сынаманың ластануына алып елмеген жағдайдаған).

Полиэтиленді ыдыстарды тазартады (1 моль HCl), сосын 1 – 2 күнге кебуге қояды, сосын дистильденеген суммен шаяды, балық пласттмассалық ыдыстар жоғары сезімді талдауға жарай бермейді.

Ашық сынама алушылар – бұл ашық тесігі бар ыдыстар, олар беткі сынама алуға арналғандар. Жабық – крышкасы бар жартылай корпус немесе сынаманы теренде алуға арналған шашыратқыш клапанды.

Сынама алуға арналған насостар: сорғышты, жерасты немесе пневматикалық, қолмен немесе механикалық басқарылатын эжекционды болып бөлінеді. Насостар керекті терндікке лебедка арқылы жіберіледі.

5. сынама алған кезде құжатта қарқынды сулардың әсерін анықтау үшін сынаманың орнын, сынаманы сулардың араласуы жүретін жерде және ағыс бойымен алады.

**Сынаманы жағадан жағаға дейінгі терендікте ағыс бойымен алғандағы есеп беруде келесі мәліметтер болу қажет:**

- а) өзеннің атавы
- б) сынама алған жердің нақты және толық сипаттамасын беру
- в) сынама орны
- г) сынама алынған мерзім
- д) сынаманы орындаған маманың аты жәні
- е) сынама алғандағы метеожағдайлар (температура, жауын мөлшері, ауданы)
- ж) судың сырт көрінісі мен температурасы
- з) өзеннің ағысы
- и) сынама үлгісінің сипттамасы (иісі, тұсі, мөлдірлігі)
- к) сынама алуға арналған қондырғы түрі
- л) үлгілерді консервациялау әдісі
- м) тасмалдау және сактау әдісі.

### **Талдау қорытындысын өндеу.**

Ауа сынамасының корытынтындысын өндеу.

Ауадағы анды анықтаған кезде есептеу үшін арнайы формулалар қолданылады. Бұл кезде ауа жіберу көлемі және салмағы есептелінеді.

Ауадағы шанды сынамасын алған кезде NO, NO<sub>2</sub>, CO, SO<sub>2</sub> қабатты сорбентте анықтау үшін, есептеулер әдістеме бойынша жүргізіледі.

Трубаның диаметрін біле отырып ауа көлемін есептейді, ол эл.аспиратормен анықтау үшін қажет, сосын индикаторлық түтік және АМ – 5 арқылы SO<sub>2</sub>, nO, nO<sub>2</sub>, CO өнеркәсіп шығарындыларын анықтайды.

### **Бақылау сұрақтары:**

1. Сынаманы алудың, тасымалдаудың, газды сынаманы дайындаудың техникалық құралдары қандай?
2. Табиги суларды біріншілік өндеу жасауға және сынамаларды сактауға арналған аспаптар мен құралдар қалай бөлінеді?
3. Топырақ сынамасын алу және талдауға дайындау қалай жүргізіледі?

### **Сабак №14**

#### **Зертханалық жұмыс 1.7.**

**Тақырып: Электроаспиратордың құрылышымен және жұмыс істеу тәртібімен танысу, жұмысқа дайындау. Ауа сынамасын іріктеу.**

**Тәжірибелің мақсаты:** Студенттерді жұмыс аймағының ауасынла шаңның мөлшерін анықтауға үйрету.

Жабдықтар: электроаспиратор, таразы, сұзгіштер.

### **Бақылау сұрақтары.**

1. Электроаспираторда жұмыс жасау тәртібі қандай?
2. Шаңың мөлшерін зерттеу қалай жүргізіледі?
3. Есептеулерді қай формула бойынша жүргіземіз?

**Тәжірибелің барысы.** I Ұйымдастыруышылық кезең  
II Нұсқау.


1. Электроаспиратордың міндегі. Аспиратор қоспалардың мөлшерін талдау мақсатында ауа сынамаларын іріктеуге арналады. Электроаспиратормен аудағы шанды:  $\text{SO}_2$ ,  $\text{CO}$ ,  $\text{CO}_2$ ,  $\text{NO}$  және  $\text{NO}_2$ ,  $\text{H}_2\text{S}$  анықтау мақсатында іріктейді.

2. Электроаспираторда жұмыс жасау тәртібі:

  - a) 220 V желіге қосу.
  - б) Босату клапанын тексерініз, ол ашық болу керек.
  - в) Штуцерлерге сұзгішті жалғаңыз.
  - г) Ротаметрдің вентильдерін шегіне жеткенше ашыңыз.
  - д) Тумблердің орнын ауыстырып, аспираторды қосыңыз.
  - е) Ротаметрлердің сантарымен ауа қозғалысының қажетті жылдамдығын орнатыңыз және уақытты белгілеңіз.

Рисунок 1. Передняя панель аспиратора.

1—входная колодка; 2—гнездо предохранителя; 3—тумблер включения и выключения аппарата; 4—разгрузочный клапан; 5—ротаметр; 6—ручка вентиля ротаметра; 7—винт (для крепления панели к кожуху); 8—штуцер



3. Аудағы шаңың концентрациясын анықтау тәртібі.

- а) Сұзгішті аналитикалық таразыда өлшеңіз және оның бастапқы салмағын мг жазып алыңыз.
- б) Өлшенген сұзгішті сұзгістағышқа орналастырыңыз, оны штуцерлерге жалғаңыз.
- в) 10-20 л/мин шығынмен ауаны сорыңыз, сонымен бірге секундомерді қосыңыз. Ауаны сұзгіш арқылы 20-30 мин сорыңыз.
- г) Сұзгішті сұзгістағыштан ажыратыңыз және оны қайта өлшеңіз, соңғы салмағын мг жазып алыңыз.

д) 
$$C = \frac{(q_2 - q_1) * 100\rho}{Q * t}$$
 формуласы бойынша  $\text{mg/m}^3$  шаңың (C) массалық

концентрациясын есептеңіз.

Q — ауа шығынының орташа мәні, л/мин.

t — сорылатын ауаның ұзактығы, мин.

$q_2, q_1$  - сүзгіштің соңғы және бастапқы салмағы, мг.

1000 – метрлерден куб метрлерге ауа көлемін қайта есептеу коэффициенті.

1. Өлшеулерді орындаңыз, есептеулер жүргізіңіз, жұмыс аймағының ауасында шаңың таралуы туралы қорытынды жасаңыз. Ауаның сапасы туралы қорытынды жасаңыз.

### **Сабак №15**

**Тақырып 1.8:** Өлшеу нәтижелерін өндөу және жазу формасы

**Жоспар:**

- 1.Аналитикалық сигнал. Өлшеулер жүргізу.
- 2.Химиялық талдаудың қателері. Нәтижелерді өндөу.
- 3.Талдауды компьютерлендіру
- 4.Берілгендерді басқару және жинау.

#### **1.Аналитикалық сигнал. Өлшеулер жүргізу.**

Сынаманы алып, дайындағаннан кейін химиялық талдаулар жүргізіледі. Оларды компонентті анықтау немесе оның мөлшерін анықтау үшін жүргізіледі. Бұл мақсатта аналитикалық сигнал өлшенеді. Кей жағдайда тікелей құрамды анықтайды. Мысалы гравитациялық талдауда анықталатын компоненттің массасын өлшейді. Көптеген әдістерде аналитикалық ретінде тлдаудың онғы стадиясындағы физикалық шамалардың орташа өлшеулері алынады. бұл тоқ күші, жүйенің ЭҚҚ, оптикалық тығыздығы, сәулеленудің интенсивтілігі болуы мүмкін.

Компонентті анықтау керек жағдайда аналитикалық сигналдың тұнбаның түсі, тұстің өзгеруі, спектрде сыйықтың пайда болуы және т.б. болуын белгілейді. Аналитикалық сигналдың пайда болуы нақты белгіленуі керек. Компоненттің мөлшерін анықтауда аналитикалық сигналдың шамасы өлшенеді: тоқ күші тұнбаның массасы, спектр сыйығының интенсивтілігі және т.б. Содан кейін аналитикалық сигнал анықталатын мөлшері:  $y = f(c)$  функционалдық тәуелділікті қолданып, анықталатын мөлшерді есептейді. Бұл тәуелділік, есептеу формула, кесте, график түрінде болуы мүмкін. Анықталатын құрам ан анықталатын заттың абсолютті мөлшерімен мольмен, масса бірліктерімен немесе сәйкес концентрациялармен көрсетілуі мүмкін. Аналитикалық дабылды өлшегендеге пайдалы бөлігін ескереді, себебі ол анықталатын компоненттің құрамының функциясы болып табылады. Фонның аналитикалық дабылын өлшеген ерітінділердегі бөгет жасаушы компоненттер мен анықталатын компоненттер арасында пайда болған “шулар”, күшейткіш, өлшеуіш аспатардың шулары ескеріледі. Бұл шулардың анықталатын компонентке әсері жоқ, бірақ оның аналитикалық дабылына кедергі келтіреді. Аналитиктің міндеті фонның аналитикалық дабылын бақылау (бос) тәжірибе жүргізгенд есептейді, бос тәжірибеде химиялық талдаудың барлық стадияларынан құрамында анықталатын компонентті жоқ сынама етеді. Бұл кезде өлшеген аналитикалық сигнал мен фонның аналитикалық сигналының айырмасына тең аналитикалық сигнал пайдалы сигнал болады.

Аналитикалық дабыл мен құрам арасындағы тәуелділік негізінде анықтылатын компоненттің концентрациясын табады. Калибрлік график, стандарттар және қоспа қосу әдістері қолданылады.

Калибрлік график әдісі кеңінен тараған. Координаттарға аналитикалық дабыл комплмент құрамы бойынша салыстыру үлгілерін қолданып және анықталатын компоненттің белгілі дәл құрамы бойынша қояды. Содан кейін анықталатын сынамадағы аналитикалық сигналшамасын өлшеп, анықталатын компоненттің мөлшерін градуирлеу графикінен табады.

Стандарттар әдісінде аналитикалық сигналды салыстыру үлгісінде және талданатын сынамада өлшейді:  $y_{\text{эт}} = Sc_{\text{эт}}$  және  $y_x = Sc_x$  Мұндағы  $S$  пропорционалдық коэффициент. Егер кейбір жағдайларда  $S$  шамасы белгілі болса, онда есептеулер мына формуламен жүргізіледі:

$$Cx = \frac{y_x C_{\text{ст}}}{y_{\text{эт}}} \quad (\text{мына қатынастан})$$

Егер анықталатын компонент аз мөлшерде болса, онда матрицаның аналитикалық дабылының шамасына әсерін ескеріп, қоспа қосу әдісінің есептік және графикалық түрлерін қолданады.

Құрамды есептік әдіспен анықтауда талданатын сынама ерітіндісінің екі аликвотасын алады. Тоның біреуіне белгілі құрамды анықталатын компоненттің қоспасын қосады. Екі сынамада да  $U_x$ ,  $U_x + \text{қоспа}$  – аналитикалық дабылдары өлшенеді. Анықталатын заттың белгісіз крнцентрациясын келесі формуламен есептейді:

$$Cx = \frac{Ux \cdot V_{\text{қоспа}} \cdot C_{\text{қоспа}}}{Vx + V_{\text{қоспа}} + \sqrt{Ux \cdot V_{\text{қоспа}} - Ux} \cdot V}$$

Мұндағы  $V_{\text{қоспа}}, C_{\text{қоспа}}$  – қосылған талданатын компоненттің ерітіндісінің көлемі мен концентрациясы  $V'$  – талданатын сынама аликвотасы.

Компоненттің құрамын графикалық әдіспен анықтағанда талданатын сынаманың 1,2,3...п аликвотасын алады. 2,3...п аликвоталары өсу ретімен анықталатын компоненттің мөлшерін алады. Барлық аликвоталарда аналитикалық сигнал өлшенеді және аналитикалық сигнал анықталатын компонент мөлшері координатасы бойынша график түрғызады. Шартты нөл ретінде қоспа қосылмаған аликвотаны алады (аликвота 1). Алынған координаталар бойынша сыйылған түзу бойынан таңдалған масштабта және өлшем берлігінде алынған шама () анықталатын компоненттің мөлшері болып табылады.

## 2.Химиялық талдаудың қателері. Нәтижелерді өңдеу.

Қателерді есептеу тәсәлә бойынша абсолютті және салыстырмалы деп екіге бөлінеді.

Абсолютті қателік. X шамасының орташа өлшемімен. Осы шаманың шын мәнімен айырмасына тең. немесе

Қателерді оларды тудыратын себептері бойынша жіктейді. Қателер жүйелік, кездейсоқ және дөрекі қателер болып бөлінеді.

Жүйелік қателер тұрақты әсер ететін себеппен, барлық өлшеулерде қайталанатын немесе өзгеретін және анықталып, түзелетін қателер жатқызылады. Кездейсоқ қателердің болуының себебі белгісіз, бірақ математикалық статистика тәсілімен бағаланады.

## 3.Талдауды компьютерлендіру

Бастапқы компьютерлерді үлкен «арифометрлер» деп қарастырылған. Оларды ғылыми – техникалық есептеуді автоматизациялау үшін қолданған. Ол шығаруда жоғары сенімділікпен және аз уақыт кетуімен ерекшеленеді. Оның негізгі сипаты әмбебаптылығының жоқтығы қандай да бір техника типіне және зерттелуінің нақты мақсатына негізделген.

Қазіргі кезде аналитикалық химия негізінде дисциплина қалыптасады. Аналитикалық химия компьютерлерді қолдануға негізделген. СОВАС пәндеріне көпьютерсіз шешілмейтін аналитикалық есептеулердің бәрі жатады. CRAC-та аналитикалық химияда компьютерлер қолдануға негізделген.

Хемометрика – бұл химияда дисциплина, өңдеулерге математикалық және статистикалық әдістерді немесе тәжірибе үшін оптимальды сыйбалар, сонымен қатар химиялық берілгендерден максималды мөлшерде ақпаратты алу үшін қолданады.

## 4.Берілгендерді басқару және жинау.

Әрбір аналитикалық әдістеме бұл әрекеттің бағдарламасы. Мұның бәрін аналитикалық аспап, жартылай адам орындау қажет. Аспаптың анализдің дамуына байланысты адамның функцияларының көп бөлігі аспапқа беріледі. Мысалы, тіркелмейтін спектрофотометрдегі жұту спектрінің мәндерен жазып алу үшін оператор өз қолымен барабандарды айналдырып, призманың қозғалу жүйесімен механикалық байланысқан барабанды айналдыра отырып, толқын ұзындығын өзгертеді.

Спектрдің анықтаудың жылдам және сенім қарапайым сервомеханизм қофамды қозғалтқышта жасайды. Сервомеханизмнің бағдарламасының қажетті жұмысына қосылу және өшіру командасының компьютер жадына енгізу.

### Бақылау сұрақтары:

1.Аналитикалық сигналдегеніміз не?

2. Өлшеулер қалай жүргізіледі?
- 3.Химиялық талдаудың қателерқандай?
- 4.Нәтижелерді өңдеуқалай жүргізіледі?
- 5.Талдауды компьютерлендірудің қандай бағдарламаларын білесіндер?
- 6.Берілгендерді басқару және жинау қалай жүргізіледі?

### *Сабак №16-17*

#### *II бөлім. Атмосфералық ауаны және жұмыс аймағының ауасын талдау*

**Тақырып 2.1:** Атмосфералық ауаны және жұмыс аймағының ауасын талдаудың әдістері

#### **Жоспар:**

1. Ауадағы қоспаларды анықтау формалары
2. Әр түрлі қоспалар үшін үлгіні таңдап алу әдістерін таңдау
3. Талдауды таңдау әдісі

#### **1. Ауадағы қоспаларды анықтау формалары**

Ауада ластанушы компоненттер газ, пар және аэрозольдер түрінде болуы мүмкін. Кейде бір ластанушы компонент пар түрінде де, аэrozоль түрінде де болады. Көптеген газ түріндегі келетін қоспалар аэrozольді бөлшектерге айналады. Аэrozольдердің құрылудың басты рольді күн сәулесі иеленуде.

Органикалық аэrozольдер және бейорганикалық аэrozольдер табиғи және антропогендік жолмен пайда болады. Өндірістік облыстарда аэrozольдердің құрамы өндіріс орындарының қалдықтарының спецификалық сипаттымен, атмосферадағы физико-химиялық процесстермен анықталады, ал ауадағы аэrozольдердің компоненттерінің концентрациясы 2-4 ретке дейін жететін өте кең диапазонда өзгереді.

#### *Nегізгі ластанудың түрлері*

1. Өлшенген бөлшектер
  - Ұсақ шаң: диаметрінде 100мкм-ден кем
  - Ірі шаң: диаметрінде 100мкм-ден жоғары
  - Тұтіндер: диаметрі 0,001-1мкм.
  - Тұмандар: диаметрі 0,01-10мкм.
2. Күкірт қосылыстары
3. Органикалық қосылыстар
4. Азот қосылыстары
5. Көміртектикалық қосылыстар
6. Галогендердің қосылыстары
7. Радиоактивтік заттар.

Өндірістік орындардан атмосфералық ауаға аэrozольдік бөлшектер, газдар, парлар, радиоактивтік заттар, жағымсыз иісті тасушылар бөлінеді.

Химиялық және металлургиялық өндіріс орындарынан ауаға S, Pb, Cu, Zn, As т. б. адам ағзасына, қоршаған ортаға қауіпті қосылыстар бөлінеді.

Тау өндіріс орындарынан ауаға көп шаң түседі. Автокөліктер ауаға Pb, Zn, Со сияқты қосылыстарды шығарады. Сонымен қатар ауаға ауыр металлдар және сирек кездесетін металлдар (Pb, Zn, Co, Hg, Mn, Cr), ароматтық көміртектер (бензол, толуол, ксенол), улы альдегидтер, концерогендер, күйе түседі.

Ауадағы ластанушы заттарды асперациондық алмасу және вакумдық әдістермен анықтайды.

#### **2. Ауа үлгілерін таңдау әдістері:**

Ауаны бақылау үшін автоматтық газоанализаторлар кеңінен қолданылады. Ауаның үлгілерін таңдау маңызды этап болып табылады, өйткені өте нақты, ұқыпты жасалған талдаудың қорытындысы қате жасалған үлгіні таңдауда барлық мағынасын жоғалтады.

1) Газ тәрізді немесе у тәрізді қоспаларды сұйық сіңіру ерітінділеріне және түйірленгенсорбенттерге жинаиды: кремнезем, белсенді көмір, полимерленген сорбенттенр және т.б. сонымен қатар жұқа қабатты сорбенттер, инерттік тасмалдаушылар немесе сұйық стационар фазалар, жоғары дамыған қатты тасмалдаушылардың бетіне жүргізілген. Сұйық сіңіру орталарына үлгілерді таңдау кезінде анықталатын заттар сіңіру сұйықтықтарының компоненттерімен химиялық әрекеттеседі немесе ериді (дистилденген су, қышқыл, органикалық еріткіштер, спирттер, аралас қоспалар). Ауаның үлгілерін таңдау үшін әр түрлі құрылымды абсорберлер қолданылады. Сіңіруші ерітіндін дұрыс таңдауы кезінде кейбір жағдайларда үлгілерді таңдау процесінде заттарды бөлек бөліп алу жүргізіледі.

2) Ауадағы улы заттардың тәмен концентрациясы және әдістің жеткіліксіз сезімталдығы кезінде ауаның үлкен мөлшердегі заттарды концентрлеу арқылы жүргізу керек. Заттарды қозғалмайтын және «қайнаган» қабатта жинаиды. «Қайнаган» қабатта үлгілерді таңдау кезінде сорбент ретінде кремнезем жиі қолданылады, өйткені ол керек мөлшерде механикалық беріктікке ие, ал қозғалмайтын қабаттың үлгілерін таңдау кезінде – активті көмір және т.б. қолданылады. Сонымен қатар кеуекті сорбенттер қолданады.

3) Ауадағы қоспалады тез таңдау және нәтижелі болу үшін жұқа қабатты сорбенттер қолданылады, олар диаметрі 3-5мм деін жететін шыны түйіршік түрінде ол жұқа қабатты қалыптастыратын сұйықтықпен өндөлген. Сынап буларын аудан күмістенген шыны шарлар арқылы, алтын сыммен немесе алтын қабаты жүргізілген пластиналамен жасалатын сорбция кең тараған.

4) Қантты сорбенттер кейбір заттарды селективті тартып алады. Аудан тұрақты емес және реактивті-активті қосылыстарды таңдау кезінде криогендік концентрлеу қолданылады. Суыту үшін әр түрлі қоспалар мен бөлек заттар қолданылады. Ауда аэрозольдер түрінде кездесетін заттарды концентрлеу үшін әдетте фильтрлеу қолданылады. Атмосфералық аэрозольдердің талдауы кезінде ауаны «Ватман», «Миллипор», «Тайо» сияқты әр түрлі көлемді фильтрлер арқылы тазартады. Аэрозольді фильтрлер (барлық талаптарға сай) аэродисперстік жүйелерді талдаудың барлық талаптарына сай болып келеді, фильтрлер арқылы үлкен көлемде ауаны тазартуға болады ( $10000-18000\text{m}^3$ ), ол анализге қажетті заттардың қажетті мөлшерін жинауға көмектеседі.

Атмосфералық шанды аудан электростатикалық әдістер арқылы аудан бөліп алады.

### **3. Қалдықтардың жабдықтық талдауының физико-химиялық әдістері**

Газды қоспалардың құрамының жабдықтық талдауы үшін газ анализінің бірнеше физико-химиялық талдау әдістері бар:

- Электрохимиялық
- Оптикалық
- Хроматографиялық

5) Қатты сорбентте концентренген заттарды талдау үшін көп элементті заттар қолданылады – рентгенофлуоресцентті спектроскопия, нейтрон-активациялық талдау. Осы әдістермен бір фильтрде бір уақытта 40 элемент анықталды

Сорбенттерде және фильтрлерде компоненттерді анықтауға арналған әдістер аз болғандықтан, микрокомпоненттерді қатты сорбенттерден және фильтрлерден алу қажеттілігі туады. Заттарды бөліп алушың негізгі әдістері: еріткіштермен экстракция, термодесорбция, тең мөлшердегі бу фаза әдісі. Заттарды әр түрлі инструменталдық әдістермен анықтайды: хроматографиялық, атомдық-эмиссиондық, атомды-абсорбциялық, электрохимиялық, масс-спектрометрия және хромато-масс-спектрометрия.

6) Атмосфераның ластануын стационарлық маршруттарда және қозғалмалы посттарда байқалады. Стационарлық посттар систематикалық бақылаулар жүргізу үшін қажет, олар ауа сынамасын алуға арналған сәйкес құрылғылармен жабдықталған. Қозғалмалы посттар

(бірегейлі бақылаулар) ластаушылардың әсер ететін зоналарда бірегейлі бақылаулар жүргізіледі.

#### Жалынды-ионизациялық әдістер

Электрохимиялық әдістер кондуктометриялық және кулонометриялық болып бөлінеді.

**Кондуктометриялық** анализатордың жұмысы газ қоспасын жүтудың әсерінен болатын, ерітіндінің электроткізгіштігінің өзгеруін қадағалау болып табылады. Бұл әдіс күрделі құрылғыларды қажет етпейді, құрылғылар жоғары сезімталдыққа, тез әсер етуге және ыңғайлылыққа ие. Бұл әдістің кемшілігіреактивті ион түзілу арқылы еритін газдар элементтің электроткізгіштігіне қатты әсер етеді, нақты жауапқа қоршаған ортаның температурасы әсер етеді, құрылғы электролитті жиі ауыстыруды талап етеді және сыйылмалы шкалаға ие.

**Кулонометриялық** әдіс заттың реагентпен токтаусыз автоматты титрлеу жағдайында болады, ол реакциондық сыйбада белгілі бір электродпен электрохимиялық басқарылады. Бұл жағдайда электродтық реакция анықталатын заттың, реакциондық ортада сақталу шегі б. т. кулонометриялық әдіс жоғары сезімталдықпен және кең динамикалық диапазонға ие. Қазіргі кулонометриялық анализаторлар салыстырмалы қарапайым құрылғылардан тұрады, кішкентай габариттер мен салмақ, салыстырмалы төмен бағаға ие. Кулонометриялық құрылғылардың кемшіліктеріне төмен селиктивтілік және периодты түрде электролитті ауыстыру қажеттілігі жатады.

**Оптикалық** талдау әдістері абсорбциялық және эмиссиондық болып бөлінеді. Абсорбциялық талдау әдістері спектральді диапазондарға тән сәулелі энергияны таңдал жұтадын қабілеті бар заттарды зерттейді. Өз кезегінде абсорбциондық әдістер дисперсионды және дисперсионды емес.

**Дисперсиондық** әдіс сәулеленудің спектрлерге бөлінуі нәтижесінде қажетті спектральды аймақтың бөлінуіне негізделген.

**Абсорбциондық** әдістер арасында және этаптары лазерлі әдістер бөлінеді. Әдіс лазерлік сәулеленудің спецификалық ерекшеліктерімен шартталған – монохроматтылық, жоғары энергетикалық тығыздық, бағыттылық және т. б. Бұнда газ талдауының сезімталдығын және ерекшелігін көтеретін сіңіріп алу анализденеді. Лазерлік бақылаудың мәні мында: газды ортадан өтіп, лазерлік сәулеленудің импульсі соңғысымен байланысады, өзінің артынан жарық түрінде із қалдырады, ол із белгілі бір анықталған заңмен немесе оны жұтып жарықты энергия түрінде шығаратын, молекулалар мен атомдардың энергиясы әсерінен жоғала бастайды. Әдіс күрделі құрылғыларды талап етеді, осы әдісті көбінесе атмосферадағы ластаушы заттарды бағалау үшін қолданады.

**Фотоколориметриялық** талдау әдісі – оптикалық-абсорбциондық анализдің бір түрі. Фотоколориметриялық газоанализатордың жұмыс істеу принципі өлшенетін компоненттің көмектесуші реагентпен әсерлесуі нәтижесі пайда болатын түсті қосылыстың түсінің интенсивтілігін өлшеуге негізделген. Бұл реакция жүріп жатқан ортасына байланысты фотоколориметрлер ерітінділі және ленталық болып бөлінеді.

**Эмиссионды** талдау әдістері талданатын газ қоспасының сәулелену интенсивтілігін өлшеуге негізделген. Талдауда жылу және молекулярлық люменесценциялық сәулеленудің спектрлерін қолданады. Әдіс негізі зерттелетін молекулалар әр түрлі әдістермен люменесценцияны және флуоресценцияны оптикалық қызу жағдайына апарып, олардың тепе-тең жағдайға келу нәтижесінде, интенсивтілігін бақылайды.

**Химлюменесценштық** әдіс қазіргі уақытта эмиссиондық өлшеу әдістерінің бастысы б. т., олар N оксиддерді бақылау кезінде қолданылады.

**Жалынды-ионизациялық** әдіс УВ бақылауы кезінде қолданылады. Ол жалынға органикалық заттардың сутектерін енгізу кезінде пайда болады, ионизация тоғының өзгеруін өлшеуге негізделген.

#### Концентрацияның инструментальды-лабораториялық бақылауы

Инструментальды-лабораториялық талдау үшін жұмыс зонасының ауасының ластануын бақылау үшін арналған электроаспираторлар қолданылады. ЭА-1-М-822 және ЭА-1А аспираторлары кең қолданылады.

Таңдап алған ластаушы заттардың анализі кезінде, практикада қолданылатын универсалды құрылғылар пайдаланылады, фотоэлектроколориметрлер, спектрофотометрлер, ионометрлер, полярографтар, хроматографтар және т. б. қолданады.

Сініруші ортада И-11 универсалды иономерлер қолданылады, И-120, И-130, pH-метрлер. Ионометрлер pH-метрлерге қарағанда ыңғайлырақ, өйткені олар көрсеткішті потенциал бірлікте емес, pH бірліктерде көрсетеді, мұндағы X- анықталатын ионның концентрациясы. Елеулі қателіктерді алып тастауды қайталауға болатын, сандық (И-120, И-160) құрылғыларды қалаған жөн.

Хроматография физико-химиялық әдіс, заттардың қоспаларын бөлудің физико-химиялық әдісі, 2 фазаның арасында компоненттердің таралуына негізделген, бір фаза стационар, екіншісі қозғалмалы.

### **Бақылау сұрақтары:**

1. Ауадағы қоспаларды анықтау формаларыңыздай?
2. Әр түрлі қоспалар үшін үлгіні таңдап алу әдістерін таңдау қалай жүргізіледі?
3. Қалдықтардың жабдықтық талдауының физико-химиялық әдістерін сипаттаңыз.
4. Концентрацияның инструментальды-лабораториялық бақылауы қалай жүргізіледі?

### **Сабак №18**

**Тақырып 2.2:** Ауадағы газтәрізді және аэрозольді қоспалардың болуын өлшемдік нәтижелерін өндөу

#### **Жоспар:**

1. Ауаның анықтау әдістері
2. |C|CO анықтау әдістері
3. NO<sub>2</sub>, SO<sub>2</sub>-ні сорбцияланған трубкалар арқылы анықтау әдістері
4. Индикаторлық трубкалар арқылы зиянды заттардың концентрациясын өлшеу

#### **1. Ауаның шаң мөлшерін анықтау әдістері**

Қазіргі уақытта ауаның шаңдануын сипаттауда салмақтықәдіс қолданылады (гравиметрия). Сонымен қатар реттік әдіс бар. Салмақтық көрсеткіштер ауадағы шаңның массасын анықтайтыды. Бұл шаңдануды анықтаудың тұра әдістері. Қосалқы әдістерге ауадан шаңның бөлінбеу жөнен өлшеулерді түсінеді.

Шаңның массалық концентрациясын анықтаудың кеңінен тараған әдісі – гравиметриялық әдіс. Аналитикалық фильтрлер арқылы шаңданған ауаның көлемін сорып алады. Ауалда ұшып жүрген шаңның мөлшерін фракцияларға бөлінбеуінсіз фильтрдің массасының үлкені арқылы анықтайтыды. Қоныстанған пункттерде және санитарлы қорғалған диапазоны 0,04-10мг/м<sup>3</sup> зоналарда бұл әдіс орташа тәуліктік шаңның концентрациясын анықтауға қолданылады.

#### **Нәтижелерді өндөу**

мг/м<sup>3</sup> шаңның концентрациясын мына формула арқылы өлшейді:

$$C = \frac{M}{V_0}$$

*M* – фильтрдегі шаң *m*, таза және шаңданған фильтрдің айырымына тең;

*V<sub>0</sub>* – аспириренген ауа көлемі, нольдік деңгейге келтірілген.

(Нольдік деңгейінде t°C, ауа қысымы 1013гПа/760мм рт. ст.)

$$V_0 = \frac{V_t \cdot p \cdot 273}{(273 + t) \cdot 1013}$$

*V<sub>t</sub>* – температурадағы және атмосфералық қысымдағы аспираторлық ауаның көлемі;

273 – газдардың ұлғаю коэффициенті;

1013 – нормалды қысым гПа.

## 2. СО-ны анықтау әдістері

Атмосфералық аудағы СО концентрациясын инструментальды бақылауда оптико-акустикалық газоанализаторлар және электрохимиялық газоанализаторлар қолданылады (Паладий-2М, Паладий-3).

## 6. Сорбциялық түтікшелер арқылы $\text{NO}_2$ , $\text{SO}_2$ -ні анықтау әдістері. Улгілерді сұйық ортаға алу

Бугазды заттарды сұйық ортаға алу – көп тараған әдіс. Аналитикалық заттар сініріп алушы ортамен химиялық байланысқа түседі немесе ериді.

Улгілерді ерітінділерге таңдап алу еріткіші бар құты арқылы талданатын ауаның аспирациясы арқылы жүзеге асады.

Физикалық абсорбция үшін, фазалардың эсерлесуінің қайталануы жоғары болуы маңызды. Зерттелетін заттың сініруші сұйықтықпен химиялық реакциясына негізделген, сініріп алу нақтырақ болып табылады.

$$[\text{NO}_2] = \frac{D \cdot K}{V_{\text{H}} \cdot g \cdot 1,2}$$

$$[\text{SO}_2] = \frac{D \cdot K}{V_{\text{H}} \cdot g \cdot 1,2}$$

## 4. Индикаторлық түтікшелермен зиянды заттардың концентрациясын өлшеу

Өндірістік орындарда зиянды заттардың аудағы мөлшерін экспрессі әдіспен индикаторлық түтікшелер ауаны өлшеуге болады. Осы әдістің жақтары:

- Талдаудың жылдамдығы
- Талдау жасалатын жерде нәтижелерді алу
- Құрылғылардың және әдістің қарапайымдылығы
- Талдаудың қажетті сезімталдылығы және нақтылығы
- Жылулық және электр энергиясының көздері қажет емес.

Индикаторлық түтік – геометриялық шыны түтік, активті реагентпен әрекеттескен қатты тасушымен толтырылған.  $\text{Al}_2$ ,  $\text{O}_5$ , фосфор, шыны хроматографиялық тасушылар. Тасушиның табиғаты, құрамы индикаторлық порошоктың қасиеттеріне әсер етеді.

Индикаторлық түтіктің ішіндегі зат тұрысы ауа өткізетін гигроскопиялық мақтадан немесе стекловоломнадан жасалған прикладкамен сипатталады.

Индикаторлық түтік ені ұшынан шынымен дәнекерленеді. Оларды қолданар алдында екі ұшын сындырып, ауа сынамасын өткізеді. Зиянды заттардың концентрациясын индикаторлық парашоктың түсінің өзгеруімен немесе боялған индикаторлық парашоктың ұзындығымен анықтайды. Зиянды заттарды градиурленген шкала бойынша есептейді.

Кейбір индикаторлық түтіктер қосымша түтіктермен беріледі: қышқылдатқыш, кептіргіш және фильтрлеуші.

Кейбір индикаторлық түтіктерде бірнеше компоненттерден тұратын және ұзақ сақтау кезінде бұзылатын реагенттер қолданылады. Барлық компоненттер бөлінген және түтікті қолдану кезінде араласып кетеді. Компоненттердің біреуі ерітінді түрінде ампулада орналасады, ампула индикаторлық түтікшеде таралған және оны ауа өткізбес бұрын арнайы құрылғымен сындырады.

Нәтиженің дәлдігін жоғарлату үшін температуралық түзетулдердің және түзетуші коэффициенттер қолданылады.

Индикаторлық тұтіктермен өлшеулер жүргізулер аяа тәрізді құрылғыға қосылады. Өлшеулерді тұтікшені разирметизациялаудан кейін бір минуттан кеш емес бастау керек, ол зиянды заттардың қоршаған ортадан тұтікшеге дифузиялануын болдырмау үшін керегі. Индикаторлық тұтікшелерден өткен аяа мөлшері, тұтікшелерді эксплуатациялау кезіндегі инструкциядағы мәліметтерге сай болуы тиіс. Бұнда осы тұтіктің түріне арналған аяа тәрізді құрылғыны қолдану қажет. Бастапқы және соңғы белгідегі индикаторлық тұтіктегі шекараның дұрыс көрінбеуі кезінде, зиянды заттың концентрациясы шкаладағы жоғарғы және төмен бөліктегі шекарасы алынады. Өлшеудің нәтижесіне орташа көрсеткіш алынады.

*Олиеу нәтижесі [C] зиянды заттың нөлдік деңгейге әкелінеді.*

$t = 293K$

$P_{atm} = 101,3 \text{ кПа (760мм сынап бағаны)}$

$C_h$  концентрациясын нольдік ленгейде ( $\text{влп}/\text{м}^3$ ) формула бойынша есептейді:

$$C_h = C_t(273+t)101.3K(293P)$$

$C_t$  – өлшем нәтижесі [C] зиянды заттың  $t$  температурада және атмосфералық қысымда:

$K$  = коэффициент,  $t$  және ауаның ылғалдылығының КТ көрсеткішіне әсері.

КТ арқылы анализденген ауаны өткізу үшін әр түрлі құрылғылар қолданылады. Олар аяа сынамасын алуда кішкентай қателіктерді болдыруға негізделген. Зиянды заттардың мөлшерін КТ арқылы ауаны сильфонды және поршеньды насостарға жинаиды.

### **Бақылау сұрақтары:**

1. Ауаның шаң мөлшерін қандай әдістермен анықтайды?
2. Индикаторлық тұтікшелермен зиянды заттардың концентрациясын өлшеу қалай жүргізіледі?
3. СО-ны анықтаудың аспаптарына сипаттама беріңіз.
4. Атмосферадағы зиянды қоспаларды қандай әдістермен анықтайды?
5. Посттарда қандай бақылаулар жүргізіледі?

### **Сабак №19**

#### **Зертханалық жұмыс 2.2.**

**Тақырыбы:** Сұзгілерді дайындау және орнату. Шаң-тозаңның болуына аяа сынамасын іріктеу. Ауадағы шаңның концентрациясын анықтау

**Мақсаты:** Студенттерге атмосфералық аяа талдауын сініру аспаптары, сорбциялық тұтіктер, сұзгіштер көмегімен жүргізуді үйрету.

#### **Жоспар:**

1. Сынама алу режимі
2. Аяа-райының сипаттамасы
3. Электроаспиратордың сипаттамасы
4. Ауадағы шаңды анықтауға аяа сынамасын алу
  - a) Өлшеулерді жүргізуге дайындық
  - b) Өлшеулерді орындау
  - c) Талдау нәтижелерін есептеу
5. Сорбциялық тұтіктерді талдауға дайындау
6.  $\text{NO}_2$  ні анықтауға аяа сынамасын алу
1. Атмосферадағы зиянды қоспалардың концентрациясын анықтау зертханалық әдіспен жүргізіледі. Сынамаларды алу сұйық немесе қатты сорбентпен толтырылған немесе аяа бөлшектерін ұстап қалатын аэрозольді фильтрі бар сініру аспаптарымен белгіленген аспирациялау жолымен алынады. Анықталатын қоспа ауаның үлкен көлемінен сорбент немесе сұзгіштің кішкене көлемінде жинақталады немесе концентрленеді.

Бақылауларда келесі сынама алу режимдері қолданылады: бірреттік 20-30мин созылады; дискреттік-бұл кезде сініру аспабы немесе бір сүзгішке тең уақыт аралығында тәулік бойы бірнеше рет бірреттік сынама алады (3-8рет); тәуліктік- бір сініру аспабы немесе сүзгіш үздіксіз, тәулік бойы сынама алады.

Сынама алу мен қатар желдің бағыты, ауа температурасы, атмосфералық қысым өлшенеді, ауа-райы жағдайы және топырақ бетінің жағдайы белгіленеді.

Сынама алу кезінде бақылау постында метеорологиялық параметрлерді ауа температурасын, ауа қысымын және, ауа-райының сипаттамасын кесте бойынша анықтайды.

Шифр	Ауа-райы жағдайы. Атмосфералық құбылыстар	Белгілері
0		Атмосфералық қысым, шифр 2 - 9 жоқ
1	ашық	Аспанда бұлт жоқ.
2	қараңғы (күңгірт)	Ауаның шаң, тутін, күйік әсерінен майлануы, ауа көк түсті бояуға ие.
3	бұлыштық	Ауаның ылғалдылығының жоғарылығынан атмосфераның әлсіз лайлануы. Ауа сұр түсті, 1 км қашықтықта көрінеді.
4	жанбыр	Ұсақ тамшы түріндегі жауын-шашын.
5	жанбыр ұшқыны (морось) сіргек	Ұсақ тамшы түріндегі атмосфералық жауын-шашын, олардың түсүі көзге көрінбейді.
6	шанды дауыл	Қатты желдің әсерінен шаң көтеріліп, үлкен территорияда көрудің шаңнан нашарлауы.
7	кар	Мұзды кристаллдар түріндегі жауын-шашын
8	тұман	1 км-ден аз көлденең көрінудің атмосфералық лайлануы.
9	тұман (немесе бұлыштық) жауын-шашынмен	Жауын-шашын барысында (немесе бұлыштық) әсерінен атмосфераның лайлануы

3. ЭА-1 модельді электроаспиратор сініргіш аспаптарға ауа сынамасын 1 реттік сынама (20-30 мин) алуға арналған. Алынған сынамаларды ары қарай газ тәрізді қоспалар мен күйелердің концентрациясын анықтауға алады. ЭА-1 электроаспираторымен бірреттік сынамаларды алуға болады. Автономды қоректену көзі бар. Автоматты түрде 32 сынама алады, 4 каналға бөлінеді.

Электроаспиратор ЭА-1 (суретте) күрылышы:

4 ротометрден, ротационды сораптан, реттегіш вентильдерден, уақыт релесінен α коллектор бекітілген штативтен, сініргіш аспаптары және патрондар-ауыстырыштардан тұрады. Ауыстырыштар сініргіш ерітінділерді ротометрге түсірмейді.

ЭА-1 электроаспираторы: шығым қоздырышы (ротационды сорап), 4 ротаметрден, аккумулятор батареяларынан, штативтен тұрады.

а) Сініргіш аспап арқылы өткен көлеменің анықтау дәлдігіне ауа тұтігінің герметикасының бұзылуы әсер етеді.

Ауа коммуникациясын айна 1 рет шаңнан тазалап, жылды сумен жуады, соңынан спиртпен шайқайды. Ауа тұтігін кепкен соң орнатады. Жуылған жүйе сынама алардан бұрын 20 мин ауамен үрленген болуы керек.

Сініргіштерді ажыратқаннан кейін, штуцердің гребенкасын тығындармен тығыздал жабылуы қажет. Ашық штуцерлер болмауы керек. Сініргіш аспаптар таратқышгребенкаға қысқа резина тұтіктердің көмегімен бекітіледі. Ауа тұтіктері және гребенка тек фторопласт немесе шыныдан жасалуы керек.

Сорбциялық тұтікке ауа сынамасын алуда сіңіргіш ерітіндімен ластанбауын қадағалау керек. Оларды жуу апта сайын химиялық зертханада жүргізіледі. Сынама алуда сорбциялық тұтіктер қатаң сорбент қабатымен тігінен орнатылады, ауа сорбент қабатының үстінен астына қарай өтеді. Сорбциялық тұтікті электроаспираторға жалғамас бұрын сорбент қабаты тұтіктің төменгі ұшын таза сұзгіш қағазына жеңіл соғумен тығыздалады.  $\text{SO}_2$  ні анықтауға сынама алуда сорбциялық тұтіктерге жарық көп түспеуі керек.

б) Сынама алғананнан кейін сорбциялық тұтіктерді тығындармен жабады.  $\text{SO}_2$  ге алынғансынамалар жарық түсуден сынама алуда және оны сақтауда қорғалады. Егер ауа температурасы  $25^{\circ}\text{C}$  жоғары болса,  $\text{SO}_2$  сынамасын бірден тоқзытышқа қою керек.

в) Сынама алу. Ауа сынамасын алу электроаспиратордың және көрікті аспиратордың көмегімен жүргізіледі. Электроаспиратордың көмегімен сынама алғанда шұпты алып, посттың арнайы терезесіне орнатады. Содан кейін штуцерді сорбциялық тұтіктерге қосады. Электроаспираторды қосып, 20 мин аралығында сынама алуды бақылайды. Уақыт өткеннен кейін құрығыны өшіреді.

СО-ні анықтауға сынама алуда шар мен сорапты пайдаланады. Таза шарды алып, сынама алынатын көшеге шығады, шарикті сорапқа қосады. Шарикті тез қымылмен үрлейді. Шарик үрленгеннен кейін ауа шықпас үшін оны жабады. Шарикте сынаманы алудың уақытынжәне датасын көрсетеді, жуады.

Сорбциялық тұтік ұзындығы – 17 см, диаметрі 10 мм болатын 3,5 см бөлігін шыны гранулалары толтырылған; 5 мм тұтіктің бөлігіне ерітіндіге құйылған шыны тұтік.

### **Сорбциялық тұтіктерді дайындау**

Сорбциялық тұтіктерді биік шыны стаканға салып, үстіне тазартылған су құяды. Дистельденген суды 2-3 рет ауыстырып  $100^0\text{-}200^0\text{C}$  температурада қайнатады. Эрбір талдаудан кейін тұтікті ыстық дистельді сумен жуады. Аптасына 1 рет оларды 5 % кальцийлі сода ерітіндісінде қайнатып және таза дистельденген сумен шайқайды.

Сынама олардан бұрын шыны гранулалар қабатын зертханада абсорбциялық ерітіндімен өндейді. Ерітіндінің құрғақ таза сынауыққа немесе кішкентай стаканға сорбциялық тұтікті өндеуге қажетті мөлшерде құяды. Ерітіндімен өнделген тұтікті тығынмен жабады.

### **Тұтіктерді өндіу**

1. Реактивтің абсорбциялағыш ерітіндісіне аз терендікте (3-5 мм) шыны гранулалары бар тұтіктің ұшын салады және абылап резина сорғыштың көмегімен гранулалар қабатын және жоғарғы қабат суланғанға дейін сорады. Содан кейін тұтікті ерітіндіден алады, ерітіндінің артық мөлшерін сорғыш көмегімен бірнеше рет қысып шығарып тастанады.

2. Тұтікке сорбент жағына қажетті ерітінді мөлшерін (0,2-0,3 мл) құяды. Тұтіктің бос ұшына бекітілген резина сорғыштың көмегімен ерітіндіні абылап гранула қабатына біркелкі суланатында ауыстырады. Артық ерітіндіні сорғыш арқылы шығарып тастанады. Сорбциялық тұтіктерді өндеуді қөздерге түспейтіндей, сорғыш шкафта, резина қолғаппен жүргізеді.

### **Сіңіргіш аспаптар**

Сіңіргіш аспап – воронка тәрізді, төменгі жағында кеуекті пластинкасы бар. Сынама алғанда ерітінді кеуекті пластинка арқылы көтеріледі. Сіңіргішке воронкамен бітетін ішкі тұтік арқылы түседі. Сіңіргіш тұтікке ерітінді 2-6 мл көлемде құйылады.

### **Сынама алу**

$\text{NO}_2$  нің бірреттік клинцентрациясын анықтау үшін ауаны  $0,25 \text{ дм}^3/\text{мин}$  шығынмен 20 мин бойы сорбциялық тұтік арқылы аспирациялайды. Сорбциялық сорбент қабатымен төмен вертикальді бекітіледі. Ауа үстінен астына қарай жүруі керек. Ауа сынамасын уау температурасы  $-30$  дан  $40^0$  дейін алуға болады.

### **Өлшеулерді орындау**

Сорбциялық тұтікті сынауыққа орналастырып, 6 мл су құяды. Сорбент арқылы суды бірнеше рет сорғаннан кейін (резина сорғыш көмегімен) сынаманы ерітіндіге ауыстырады, ерітіндінің қалдығын үрлеп, тұтікті сынауықтан алады. Талдау үшін ерітіндінің 5 мл-ін басқа сынауыққа ауыстырады. Бұл ерітіндіге 0,5 мл құрамдас реагент қосып шайқайды.

(Құрамдас реактив – сульфанил қышқылының және α-нафтиламиннің 1:1 қатынастағы ертіндісі) 20 минуттан кейін ертіндінің су бойынша оптикалық тығыздығын анықтайды. Өлшеулерді 10 мм кюветаларда 520 нм толқын ұзындығында жүргізеді. Нольдік сынаманы да бір уақытта өлшейді. Сынамадағы NO<sub>2</sub> массасын оптикалық тығыздықтар айырмасы арқылы градиурлеу графигі әдісімен табады.

### **Электроаспиратордың қолданылуы**

Электроаспиратор аяу сынамаларын алуға және талдауға арналған аспап. Ол санитарлы-эпидемиологиялық станцияларда, зертханаларда, ғылыми – зерттеу институттарда, өндірістердің экологиялық зертханаларында, өнеркәсіп орындарында енбек гигиенасы кәсібиже ауруларды анықтауда және т.б. қоданылады.

### **Әрекет ету принципі**

Аяу сынамаларын алу аяу ағанын арнайы фильтрлер екі сініргіш аспаптар арқылы белгілі бір жылдамдықпен өткізу арқылы жүргізіледі.

Аяу фильтр және сініргіш аспаптар арқылы өтіп, құрамындағы қоспалар қалып қояды.

Откен аяу жылдамдығын және уақытын біле отырып, фильтр арқылы өткен аяу көлемін табады. Сүзгіштердегі қоспа көлемін анықтап, аяу көлемінің бірлігіндегі қоспа мөлшерін анықтауға болады.

### **Жұмыс істеу тәртібі**

Аспираторды жұмысқа қоспас бұрын оны майлау керек.

1. Аспираторды желіге қосындар.
2. Айырғыш клапанның жағдайын қарандар. Егер клапан «1» санына қарсы жағдайда болса, онда ол ашық ауаны жібереді. Егер аяу үрлеу қуаты қажетті жылдамдығын қамтамасыз етпесе онда айырғыш клапанды «а» жағдайына қойындар.
3. Штуцерлерге фильтрлер мен сініргіштерді орнатындар. Штуцерлерді фильтрсіз және сініргіштерсіз ротаметрлердің вентильдерін ашуға болмайды.
4. Тумблердің қозғалғышын ығыстырып, аспираторды қосындар. Электрқозғалтқышты қосқанда реттегіш аяу өтуінің жылдамдығы вентильдерін толық ашу ұсынылады. Ашық вентильдерде қозғалтқыш тез қосылады.
5. Вентильдер тұтқасын бұрап қажетті аяу өтуінің жылдамдығын қойындар. Егер аяу үрлөгіштен қтетін аяу жылдамдығы 20л/мин кем болса, онда жабық клапанды үздіксіз жұмыс істеу 1 сағаттан аспауы керек. Ең ұзақ жұмыс істеу уақыты 3 сағ.
6. Аяу сынамасын алудың қажетті жылдамдығын қалып, уақытты белгілендер және сынама алындар. Ауаның ету жылдамдығының есебін қалытқының жоғарғы шетімен жүргізіндер.

### **Жұмысты орындауға дайындық**

Шаң сынамасын алуға арналған сүзгіштер нөмірленген болуы керек. Матадан жасалған ФПП немесе АФ-А фильтрінің қағаз сақиналарына қарындашпен реттік номерін жазады.

Сынама алмас бұрын сүзгіш аналитикалық таразыда өлшенеді. Өлшеу жүргізетін бөлмеде өлшеуден 1 сағ бұрын сүзгішті ұстайды. Сүзгіштің жұмыстық бетін бұлдірмес үшін барлық операцияларды оны шетінен пинцет арқылы ұстайды.

Өлшенген таза сүзгіштерді калькадан жасалған қалташаларға салады. Бұл қалталарда подлителен қапшықтарға салып, сыртына сүзгіштің реттік номерін және оның бастанқы массасын жазады.

Дайындалған сүзгіштерді аяу сынамасын алатын сәйкес посттардағы бақылаушыға береді.

### **Өлшеуді жүргізу**

1. Электроаспиратордың міндеті. Аспиратор қоспалардың мөлшерін талдау мақсатында аяу сынамаларын іріктеуге арналады. Электроаспиратормен аудағы шаңды: SO<sub>2</sub>, CO, CO<sub>2</sub>, NO және NO<sub>2</sub>, H<sub>2</sub>S анықтау мақсатында іріктейді.

2. Электроаспираторда жұмыс жасау тәртібі:
  - а) 220 V желіге қосу.
  - б) Босату клапанын тексерініз, ол ашық болу керек.
  - в) Штуцерлерге сүзгішті жалғаңыз.
  - г) Ротаметрдің вентильдерін шегіне жеткенше ашыңыз.

- д) Тумблердің орнын ауыстырып, аспираторды қосыңыз.  
 е) Ротаметрлердің саптарымен ауа қозғалысының қажетті жылдамдығын орнатыңыз және уақытты белгілеңіз.

3. Аудағы шаңның концентрациясын анықтау тәртібі.

- а) Сұзгішті аналитикалық таразыда өлшеңіз және оның бастапқы салмағын мг жазып алыңыз.  
 б) Өлшенген сұзгішті сұзгістағышқа орналастырыңыз, оны штуцерлерге жалғаңыз.  
 в) 10-20л/мин шығынмен ауаны сорыңыз, сонымен бірге секундомерді қосыңыз. Ауаны сұзгіш арқылы 20-30 мин сорыңыз.  
 г) Сұзгішті сұзгістағыштан ажыратыңыз және оны қайта өлшеңіз, соңғы салмағын мг жазып алыңыз.

- д)  $C = \frac{(q_2 - q_1) * 100\rho}{Q * t}$  формуласы бойынша мг/м<sup>3</sup> шаңның (C) массалық концентрациясын есептеңіз.

Q – ауа шығынының орташа мәні, л/мин.

t – сорылатын ауаның ұзақтығы, мин.

q<sub>2</sub>, q<sub>1</sub> - сұзгіштің соңғы және бастапқы салмағы, мг.

1000 – метрлерден куб метрлерге ауа көлемін қайта есептеу коэффициенті.

### **Тапсырма**

1. Электроасpirатордың құрылышын оқы
2. Аудағы шаңның мөлшерін анықтау.
3. Сорбциялық түтіктерді талдауға дайындауды оқы.

### **Бақылау сұрақтары**

1. Электроасpirатордың қолданылуы, әрекет ету принципі?
2. Электроасpirатордың жұмыс істеу тәртібі қандай?
3. Электроасpirатормен аудағы шаң сынамасын қалай алады?
4. Атмосферадағы зиянды қоспаларды қандай әдістермен анықтайды?
5. Постгарда қандай бақылаулар жүргізіледі?
6. Сұзгіштердің жұмысқа қалай дайындайды?
7. Сорбциялық түтіктердің жұмысқа қалай дайындайды?

### **Сабак №20-21**

#### **III бөлім. Табиғи және пайдалынылған суларды талдау.**

**Тақырып 3.1:** Су сынамасының физикалық көрсеткіштерін анықтау. Су сынамаларын талдаудың физико-химиялық әдістері.

#### **Жоспар:**

- 1.Су объектілерін ластаушы көздер және ластаушы заттар
2. Табиғи және ағын сулардың құрамы.Ағын сулардың құрамын қалыптастыру.

#### **1.Су объектілерін ластаушы көздері.**

Жер бетінің суларын ластаушы көздері.

- 1.Өнеркәсіп орындары (химиялық,мұнайхимиялық,металлургиялық,энергетикалық өнеркәсіптер көп суды қажет етеді).
- 2.Ауыл шаруашылық ағындары.
- 3.Тұрмыстық-коммуналды қызмет көрсету.
- 4.Су қоймаларының жылулық ластануы.
- 5.Су қоймаларының радиоактивті ластануы(ядролық жарылыс,апаттар,ғылыми зерттеулер, радиоактивті қалдықтарды көму және т.б.).
- 6.Су көліктері.
- 7.Атмосфералық жауын-шашынмен ластану.

### **Жер асты суларын ластау көздері:**

- 1.Өнеркәсіп өнімдерін және өнеркәсіп қалдықтарын тасымалдау және сақтау орындары.
- 2.Тұрмыстық және коммуналдық қалдықтардың жинақталған жерлері.
- 3.Минералды тынайтқыштар, лестицидтер және басқа химиялық заттар қолданылатын ауыл шаруашылық және т.б. шаруашылық салалары.
- 4.Жер бетінің ластанған участкесі.
- 5.Су тасуышы горизонттың ластанған участкесі.
- 6.Атмосфералық жауын-шашынның ластанған инфильтрация участкелері.
- 7.Өнеркәсіптердің өндірістік аландары, фильтрация аландары, бұрғылау ұнғымалары және басқа тау-кен жұмыстары.

### **Су объектілерін ластаушы заттар тізімі.**

- 1.Түскен жапырақтар, өлген өсімдіктер, жануарлар өліктерінің қалдықтары, олар органикалық ластаушылар.
- 2.Тұрмыстық және коммуналдық қалдықтардың жинақталған әсерлері
- 3.Минералды тынайтқыштар, пестицидтер немесе басқа химиялық заттар қолданылатын ауыл шаруашылық және тағы басқа шаруашылық салалары жер асты суларымен байланысқан.
- 4.Жер бетінің ластанған участкесі.
- 5.Су тасуышы горсуоттың ластанған участкесі.
- 6.Атмосфералық жауын – шашынның ластанған инфильтрация участкесі.
- 7.Өнеркәсіптердің өндірістік аландары, фильтрация аландары, бұрғылау ұнғымалары және басқа тау кен жұмыстары.

### **Су объектілерін ластаушы заттар тізімі**

- 1.Түскен жапырақтар, өлген өсімдіктер, жануарлар өліктерінің қалдықтары, олар органикалық ластаушылар.
- 2.Бейорганикалық қоспалар: күкірт қышқылын, азот қышқылы сода өндірісінің, байыту фаврикасының, металлургиялық және химиялық зауыттардың, рудниктердің, шахталардың қалдықтары. Әртүрлі металдардың қалдықтары.
3. Ағын сулардағы органикалық қоспалар: мұнай өндеуші, жеңіл тамақ өнеркәсіптерінің қалдықтары.
- 4.Қалалық жауын-шашын ағындылары, олардың құрамында автокөліктің шоғырында газдардың құрамында болатын тэтраэтил қорғасын, күкіртті қоспалар, мұнай өнімдері ауру тудыратын бактериялар болады.
- 5.Ауыл шаруашылығының ағын суларының құрамында болатын минералды тынайтқыштар, пецицидтер (сынақ органикалық, мышьяк препараттар, алдерин, диоксин, ДДТ, хлоридан).
- 6.Пайдаланылған қалдық жылы сулар.
- 7.Радиоактивті изотоптар.

### **2.Табиғи және ағын сулардың құрамы. Ағын сулардың құрамын қалыптастыру**

ҚО объектілерінің ішінде сулардың ерекшелігі – олар көп компонентті. Табиғи және ағын суларда әртүрлі органикалық және бейорганикалық, оргономинералдық заттар көп болады. Қазақстанның табиғи суларында мындаған компоненттер бар, оның көбі органикалық компоненттер компоненттер. Суқұрамында бұл зарптар шынайы еріген қүйде, суспензия, эмульсия түріндегі каллоитты ерітінділері түрінде болады. Қоспалардың және элементтердің улығына, зиянды әсеріне байланысты элементтердің қоспадағы жалпы мөлшерің ғана емес, кейде заттық талдаулар жүргізіледі. Табиғи сулардағы ауыр металдардың мөлшері, олардың қозғалыштығын анықтау ерекше қаралуда. Су қоймалары үшін ең қауіпті мұнай өнімдері, топырақ десорбциясы нәтижесінде егіс алқабы нан келетің пестицидтер, тұрмыстық және өнеркәсіптік сулар құрамындағы фенолдар.

Су сынамасын алу тәсілдері жүргізілетін талдау мақсатына тәуелді болады. Суды сақтау үшін боросиликаттық ((шыныдан (пирекс)) немесе полиэтиленнен жасалған ыдыстар қолдану керек. Талдауға алынған суларды ұзак сақтағанда құрамының өзгеруі мүмкін, сондықтан

талдауды бірден немесе сынама алғаннан кейін 12 сағатқа дейін жүргізуге болмайды. Оның химиялық құрамын тұрақтандыру үшін бұзылмайтындей етіп сақтау керек. Егер су құрамында сусpenзиялы заттар болса, оларды фильтрлеу арқылы бөледі, немесе еріген күйге ауыстырады.

Судың сапасын алдын-ала жалпы көрсеткіштері: түсі, иісі, мөлдірлігі, көбіктігі, қышқылдығы, сілтілігі, көміртегі, азот, құқірттің жалпы мөлшері, химиялық (ХПК) және биологиялық (БПК) оттекті тұтыну, ірі дисперсті фазаның көлемі бойынша бағалайды.

“Ағынды сулар” түсінігіне табиғаты және құрамы, физикалық-химиялық қасиеттері әр түрлі адамның тұрмыстық және технологиялық қолданылуында болған сулар кіреді. Бұл кезде су ластанады және оның физика-химиялық қасиеттері өзгереді. Қалдық сулар құрамы мен қасиеттері бойынша әр түрлі.

Ластау табиғаты бойынша қалдық сулар минералдық, органикалық, биологиялық болып бөлінеді.

**Органикалық ластану-** бұл өсімдік және жануарларан пайда болған қоспалар. **Минералды ластану-** кварц құмы, сілтілер, минералды қышқылдар және олардың тұздарының әсері.

**Биологиялық ластану және бактериялық** – Бұл әр-түрлі ауру тудырғыш бактериялар- іш сүзегі, паратиф, дизентерия қоздырғыштары, ұсақ балдырлар, дрожжалы және көкті санырауқұлақтар тағы басқа.

Барлық қалдық суларды табиғатына байланысты емес, олардың құрамындағы қоспалардың бөлшектерінің өлшеміне сәйкес 4 топқа бөледі:

1. **Ірі дисперсті** қоспалар суда ерімейді. Ерімейтін қоспалар бейорганикалық немесе органикалық табиғатта болуы мүмкін. Бұл топқа микроорганизмдер (карапайымдылар, балдырлар, санырауқұлақтар) бактериялар, гельмиттер жұмыртқалары жатады. Бұл қоспалар сумен тұрақсыз жүйелер құрайды. Белгілі жағдайларда олар тұнбаға түседі немесе су бетінен қалқып шығады. Бұл топтың біраз бөлігін гравитациялық тұндыру нәтижесінде судан шығарып тастанады.

2. Екінші топтың қоспаларын бөлшектерінің өлшемі  $10^{-6}$  см кем емес коллоидты дисперсті дәрежедегі заттар құрайды.

Гидрофильді және гидрофобты коллоидты қоспалар сумен ерекше молекулярлық-кинетикалық қасиеттері бар жүйелер құрайды. Бұл топқа жоғары молекулалы қосылыстар кіреді. Топтың қоспаларын өзінің агрегаттық күйін өзгерту қасиетіне ие, агрегаттың тұрақтылығы бұзылғанда қоспалар тұнбаға түседі.

3. Топқа бөлшек өлшемі  $10^{-7}$  кем емес қоспалар кіреді. Олар молекулярлы дисперстік дәрежесіне ие. Олар сумен әрекеттескенде ерітінділер түзеді. З топтың қоспаларынан суды тазарту үшін биологиялық және физико-химиялық әдістерді қолданады.

4. Топтың бөлшектерінің өлшемі 10 кем емес, иондық дисперстілік деңгейіне сәйкес. Бұл тұздар, қышқылдар және негіздер ерітінділері.

Түзілу табиғатына байланысты қалдық сулар 3 негізгі топқа бөлінеді:

- тұрмыстық-шаруашылық
- өнеркәсіптік
- атмосфералық.

**Тұрмыстық-шаруашылық** қалдық сулар су жүйесіне тұрғын үйлерден, тұрмыстық өнеркәсіп мекемелерінен, қоғамдық тамақтану комбинаттары, емдеу мекемелерінен түседі. Тұрмыстық -шаруашылық сулардың ерекшеліктері олардың құрамының салыстырмалы тұрақтылығы. Мұндай сулардың органикалық негізгі бөлігі ақуыздар, майлар, көмірсулар және олардың ыдырау өнімдерімен берілген. Бейорганикалық қоспаларды адам әрекеттері нәтижесінде түзілген тұздар, су, құм бөлшектерін құрайды.

**Өнеркәсіптік қалдық сулар** технологиялық процесстер нәтижесінде түзіледі. Қалдық сулардың сапасы және заттардың концентрациялары келесі факторлармен анықталады: өндірістік өнеркәсіптің түрімен, шикізатымен, технологиялық процесстердің режимімен.

**Атмосфералық қалдық сулар** түскен жауын-шашын нәтижесінде түзіледі. Қалдық сулар қатарына жиналған шалшық сулар, суғарудың қалдық сулары кіреді. Атмосфералық суларда кварц құмының, сазды бөлшектердің, қоқыстардың, мұнай өнімдерінің концентрациялары жоғары болады.

**Бақылау сұрақтары:**

1. Су объектілерін ластаушы көздер мен ластаушыларды атаңдар.
2. Түзілу табигатына байланысты қалдық сулар қалай жіктеледі?
3. Қалдық суларды құрамындағы қоспалардың бөлшектерінің өлшеміне сәйкескалай жіктеледі?
4. Табиғи және ағын сулардың құрамы қандай?

**Сабак №22.**

**Тақырып 3.2.** Судың физикалық көрсеткіштерін анықтау тәсілдері. Сулардың химиялық құрамын зерттеудің әдістері..

**Жоспар:**

1. Ағын сулардың ластануының санитарлы-химиялық көрсеткіштері. Ағын сулардың талдауына тән ерекшеліктер.
2. Судың физико-химиялық талдауы.
3. Нәтижелерді талдау және өндөу.

**Ағын сулардың ластануының санитарлы- химиялық көрсеткіштері. Ағын сулардың талдануына тән ерекшеліктері**

Табиғи және ағынды сулардың құрамын және қасиеттерін санитарлы – химиялық талдаулар нәтижесінде бағалайды. Санитарлы – химиялық талдаулар құрамына: стандартты химиялық тестер, физика-химиялық және санитарлы- бактериологиялық анықтаулар кіреді.

Толық санитарлы – химиялық талдау келесі көрсеткіштерді анықтауды көздейді: температура, тұсі, иісі, мөлдірлігі құрғақ қалдық, тығыз қалдық, өлшшенген заттар, массасы бойынша және көлемі бойынша, тұнба заттар, пермоганатты тотығу, химиялық оттегіні тұтыну (ХПК) биохимиялық оттекті тұтыну (БПК) азот ( Жалын, аммонийлі, нитритті, нитратты ) фосфаттар, хлоридтер, сульфаттар, ауыр металдар, ПАВ, мұнай өнімдері, еріген оттегі, микроб саны, ішек таяқшалары тобының бактериялары.

t-технологиялық көрсеткіштердің маңыздыларының бірі. Температураның функциясы болып сұйықтардың тұтқырлығы табылады, сондықтан тұнатын бөлшектерге кедергі күші болады. Сондықтан температура-седиментация процесін анықтайтын факторлардың бірі. Тазалаудың биологиялық әдістерінде температура маңызды роль атқарады, себебі биохимиялық реакциялардың жылдамдығы және оттегінің суда еруіне әсер етеді.

**Тұс –ағынды сулардың органолептикалық көрсеткіштерінің бірі.** Әртүрлі тұсті интенсивті болулардың болуы өнеркәсіптік қалдық сулардың бар екенін көрсетеді.

**Иіс-судағы** иісі бар ұшқыш заттардың барлығын көрсететін органолептикалық көрсеткіш. Иісті әдетте сапалық түрде 20 С температурада анықтайды және фекальді, шірікті, керосинді, фенолды т.б. деп сипаттайды. Егер иісі түсініксіз болса, онда анықтауды сынаманы 65 С дейін қыздырып жүргізеді.

Кей жағдайда бас санын білген жөн, себебі суды аз мөлшерде сұйылтудың өзінен, иісі жоғалады.

Сутек иондарының концентрациясы – **pH** шамасымен көрсетіледі. Биологиялық тазалау құрылғыларына берілген ағын сулардың рН шамасы 6,5-8,5 аралығында болуы керек. Өнеркәсіптік қалдық сулар су жүйелеріне құйылмас бұрын бейтараптандырылу керек.

Қаладағы ағын сулардың **pH** ортасы әлсіз сілтілі (**pH=7.2-7.8**) болады.

**Мөлдірлігі-қалдық** сулардың ерімеген коллоидты қоспалармен ластануын жалпы көрсетеді. қалалық қалдық сулардың мөлдірлігі 1-3 см., ал тазалаудан кейін 15 см. құрайды.

Құрғақ қалдық-қалдық сулардың органикалық бейорганикалық қоспалармен әртүрлі агрегаттық күйде 105 С температурада сынаманы кептіру арқылы анықтайды. 600 С температурада күйдіргеннен кейін қалған құрғақ қалдық күлін анықтайды.

**Тығыз қалдық** – қалдық сулардың сүзілген сынамасындағы органикалық және минералдық заттардың жалпы мөлшері. Құрғақ қалдық сияқты анықталады. Тығыз қалдықты 600 С күйдіргеннен кейін органикалық және минералдық бөліктерін салыстыру арқылы сулардың ластануын бағалауга болады.

**Өлшенген заттар-сынаманы** қағаз фильтрде фильтрлекенде ұстап қалынатын қоспалардың мөлшерін сипаттайтын көрсеткіш. Бұл судың маңызды технологиялық көрсеткіштерінің бірі.

**Тұнғыш заттар** – тұндырығыш цилиндрдің түбіне 2 сағат тұндырғаннан кейін тұнған өлшенген заттар мөлшері. Бұл көрсеткіш өлшенген заттардың тұну қабілеттерін сипаттайды, тыныштық жағдайда тұндырудың максимальді эффектілігін және мүмкін максимальді тұнба көлемін бағалауға мүмкіндік береді.

**Тотықтырғыштық** деп судағы органикалық және бейорганикалық тотықтаудырығыштардың жалпы мөлшерін қарастырады. Қалалық қалдық сулардың құрамындағы тотықсыздандырығыштардың көбі органикалық заттар, сондықтан тотықтырғыштың шамасы органикалық қоспаларға жатады. Тотықтырғыштық-топтық көрсеткіш. Қолданылатын тотықтырғыштың табигатына байланысты химиялық және биохимиялық тотықтырғыштар деп бөлінеді. Егер де анықтау барысында химитялық тотықтырғыш қолданылса химиялық тотығу, ал тотықтырғыш ретінде аэробты бактериялар қолданылса биохимиялық тотығу д.а.. **Биохимиялық тотығудағы көрсеткіш –БПК** (биологиялық оттегін тұтыну). Тотығуды анықтаудың нәтижелерін тотықтырғыштар түріне қарамастан 1 л ХМТ оттегін шағып қарастырады.

**Перманганатты тотығу** – тез тотығатын қоспалардың оттекті эквиваленті. Бұл көрсеткіштің негізгі жетістігі – анықтаудың жылдамдығы және қарапайымдылығы. Перманганатты тотығу салыстырмалы нәтижелерді алу үшін қолданылады.

**БПК**-қалдық сулардың биохимиялық тотықкан органикалық заттармен ластану дәрежесінің оттектік эквиваленті. БПК органикалық қоспаларды тотықтуруға қатысатын микроағзалардың өмір сүруіне қажетті оттегі мөлшерін анықтайды.

**Азот** қалдық сулар құрамында органикалық және бейорганикалық қосылыстар түрінде болады. Қалалық қалдық сулардың құрамындағы негізгі органикалық азотты қоспалар бөлігін ақызы табиғатты заттар-фекалиялар, тағамдық қалдықтар құрайды. Азоттың бейорганикалық қосылыстары тотықсызданған –аммоний ионы және аммияк түрінде, тотықкан формада нитрат және нитрит түрінде болады.

Қалдық сулардағы фосфор қосылыстарының негізгі көздері болып адамдардың физиологиялық қалдықтары, адамдардың шаруашылық қызметінің қалдықтары және өнеркәсіптің қалдық суларының кейбір түрлері болып табылады.

**Хлориттер және сульфаттар** жалпы сулардың құрамындағы тұздардың концентрациясы, көрсеткіші.

**Ауыр металдар және басқа улы элементтер тобына** темір, мыс, қорғасын, кобальт, кадмий, хром, сирап жатады. Ауыр метал емес бірақ улы элементтер: As, Sb, B, Al және т.б.

**Синтетикалық беттік белсенді заттар (СПАВ)** гидрофобты және гидрофильді бөліктерден құралған органикалық қосылыстар.

**Мұнай өнімдері-** гексанмен экстракцияланған поллярлы емес және аз полярлы қосылыстар.

**Еріген оттегі** қалдық суларды тазалау құрылғыларына келген суларда бойлайды. Аэробты процестерде оттегінің концентрациясы 2 мг-нан кем болмауы тиіс.

Қалдық суларды талдаудың ерекшеліктерінің сипаттамасы.

Әрбір стандартты анықтау әдісі анықтататын ионды н/е органикалық қоспаны қолданатын өнеркәсіптік қалдық суларында жүргізу қажет.

Аналитикалық әдістерде талап ететін негізгі 3 талаптардың –сезімталдық, дәлдік, талғамдылық-соның ішінде су талдауларында негізгісі-талғамдылық.

**Сезімталдық:** Талдаудың мақсатына жету үшін сезімталдық дәл болуы керек. Өте сезімталдық-талдау әдісін таңдаудағы жиे кездесетін қателіктердің бірі. Аса сезімталдық егер талданатын заттарды өте аз мөлшерде алған жағдайда қажет.

Бағалау кезінде анықтаудың дәлдігін есептегендеге қалдық сулардың құрамының ауыспалы тұрақты емес екенін ескеру керек.

Аз талғамдылық әдістің систематикалық, үлкен қателіктерге әкелуі мүмкін. Нәтижелері дұрыс болмайды.

Әртүрлі заттарды анықтау тәсілдерінде “бөгет жасаушы” бөлімдері кездеседі.

**Барлық бөгет жасаушы заттарды З типке бөледі:**

1. Бөгет жасаушы заттар анықталатын компоненттер сияқты әрекеттеседі.
2. Бөгет жасаушы зат белгілі компоненттерімен реакцияға түсіп, оның ерітіндідегі концентрациясын азайтады.
3. Бөгет жасаушы зат қолданылатын реактивпен реакцияға түсіп, анықталатын затпен реакциясына кедергі келтіреді.

**Бөгет жасаушы заттардың әсерін жою тәсілдері.**

1. Анықталатын компонентпен, бөгет жасаушы затты физикалық бөлу.
2. Бөгет жасаушы әрекетті тотығу н/е тотықсыздану арқылы бөлусіз жою.
3. Бөгет жасаушы затты комплексті қосылысқа сәйкес реагент қосып айналдырып, маскирлеу, бөлусіз.
4. Ерітіндінің «рн» өзгерту.
5. Ерітінді арқылы өткен жарықтың толқын ұзындығын өзгерту. (фотометриялық талдауда)

### **Суды физико-химиялық талдау әдістері.**

Судың бейорганикалық компоненттерін анықтаудың негізгі әдістері- фотометриялвқ, атомды-абсорбциялық спектрометрия, жалынды-эмиссиялық спектрофотометрия. Фотометриялық әдіспен анықтауда ФЭК, - КФК, СФ аспаптарын қолданады. Құнделікті қатарлы талдауларды жүргізуге визуальді колориметрия әдісі тиімділігі:

1. Даалық жағдайларда ж/е аз жабдықталған зертханаларда қолдану мүмкіндігі.
2. Несслер цилиндрінің биіктігі б/ша әлсіз боялған ерділердің түсінің қанықтылығын қарау.
3. Аспаптардың арзандығы мен қарапайымдылығы.
4. Кенет пайда болған әлсіз лайлануды, түсінің өзгеруін байқауға болады.

**ААС ж/е АЭС** АЭС ж/е ААС аспаптарында жүргізіледі. Аспаптардың сезімталдықтары жоғары болады.

Компоненттердің концентрациясы жоғары сулардың талдауында титрлеудің аяқталуын белгілеу үшін түсті индикаторларды қолдана отырып **талдаудың титриметриялық әдісін** қолданады. Арнайы аспаптардың көмегімен электрохимиялық ж/е оптикалық титрлеу жүргізіледі. Титриметриялық әдістерді аниондарды анықтауда қолданады.

**Гравиметриялық талдауды** сирек қолданады, себебі олардың негізгі ерекшелігі калибрлік график түрғызу керек емес. Гравиметриялық талдауды магнийді, натрийді, сульфаттарды, кремний қышқылдарын, мұнай өнімдерін, майларды анықтауда қолданады.

**Тура потенциометрияны** ерітіндінің «рн» мәнін анықтауда ж/е ион сұрыптаушы электрондарды қолданып көптеген иондарды (кадмий, мыс, қорғасын, күміс, иодидтер, сульфиттерді) анықтауда қолданады.

**Полярографиялық талдау әдістерін** түсті металургиялық өнеркәсіптің химкоаналитикалық зертханаларында мыс, никель, кобальт, цинк, висмут, кадмий, қорғасын ж/е т.б. металдарды рудаларда ж/е өнеркәсіптік қалдықтарда анықтауда қолданылады.

Судағы **органикалық** заттарды анықтауда хроматографиялық талдау әдістерінің барлық түрлірін қолданады.

**Нәтижелерді өндеу және талдау.**

Судың талдауын жүргізу үшін МЕМСЕ, ТУ ж/е т.б. норматифтік құжаттарға сәйкес реактивтер қажет. Олардың сақтау мерзімімен сақталу жағдайларына ерекше көніл бөлу керек. М/ы: құрамында 1млде. 1мг элемент ион н/е т.б. заттар бар ерітінділерді 1 жыл сақтайды. 1млде. 0,1мг болса- 3 ай (егерде лайлану, тұнба, қабыршақ ж/е т.б. жағдайлар болмаса). Құрамындағы элемент мөлшері аз болса, жаңа дайындалған ер-ділерді қолданады. Стандартты ерітінділерді сүзуге болмайды. Стандартты ерітінділер дайындау үшін реактивтерді +- 0,01г дәлдікпен алады.

Ерітінділер дайындау үшін “химиялық таза” (х.ч.), “талдау үшін таза” квалификация реактифтерді қолданады.

Калибрлік графиктерді өлшеулерді 5-10 концентрациялары б/ша 3-5 серияларының нәтижесі ю/ша тұрғызады. График 3-4 айда 1 рет 5 нүктеден кем емес тексеріледі.

Аналитикалық жұмыстың дәл нәтижесін алу үшін паралель түрде нәтижелердің ұқсастығын (Р, %) яғни өлшеу сапасын тексереді. Ол мына формуламен есептеледі.

#### **Бақылау сұрақтары:**

1. Ағын сулардың ластануының санитарлы-химиялық көрсеткіштеркандай?
2. Ағын сулардың талдауына тән ерекшеліктерді білесіңдер?
3. Судың физико-химиялық талдауы қалай жүргізіледі?
4. Нәтижелерді өндөу қалай жүзеге асырылады?

#### **Сабак №23.**

#### **Зертханалық жұмыс 3.1.**

**Тақырып:** Су сапасының физикалық қасиеттерін (температурасын, иісін, дәмін, мөлдірлігін, лайлылығын, тұсін) анықтау.

**Мақсаты:** Су сапасының физикалық қасиеттерін (температурасын, иісін, дәмін, мөлдірлігін, лайлылығын, тұсін) зертханалық әдістермен анықтау

**Жабдықтар:** Аспаптар, цилиндрлер, тамызғыштар және өзге химиялық ыдыс, реактивтер.

#### **Жоспар:**

- 1.Фотометриялық әдіспен лайлылықты анықтау
2. Иісті анықтаудың органолептикалық әдістері
3. Температура
4. Мөлдірлік
5. Тұсті анықтаудың колориметриялық әдістері

Судың физикалық қасиеттерін анықтау.

#### 1.Фотометриялық әдіспен лайлылықты анықтау.

Сініргіш жарығының қалыңдығы 3-5 мм кюветаға жақсылап араластырылған сынаманы құяды,  $\lambda = 540$  нм кезінде оптикалық тығыздықты өлшейді. Сүзу арқылы уақытша заттар алынып тасталған, сыналатын су бақылай ерітіндісі болып табылады. Лайлылықтың құрамы градустық график бойынша мг/л анықталады.

#### 2.Иісті анықтаудың органолептикалық әдістері.

60<sup>0</sup>C температура кезінде иіс анықталады. Шыны сауытқа 100мл зерттелетін суды өлшеп құяды, шыны сауыттың аузын сағаттық шынымен жабады және 60<sup>0</sup>C суда қыздырады. Шыны сауыттың құрамын бірнеше рет араластырады. Шыныны бір жаққа қарай ығыстырып, иістің сипаты мен қарқындылығын жылдам анықтайды. Иістің қарқындылығы t-20-60<sup>0</sup>C кезінде анықталады (2 кесте).

#### 3.Температура

Оттегілік режим, сонымен қатар өздігінен тазару үрдістерінің қарқындылығы тәуелді болатын, сукоймада жүріп жататын үрдістерге ықпал етеді. Судың  $t^0$  өлшеу үшін, сынамаларды іріктеу орындарында термометрді зерттелетін суға 5-10 минутқа салады.

#### 4. Мөлдірлік

Өлшеу үшін диаметрі 2,5 см, биіктігі 50 см шыны цилиндр, 3,5 мм әріптер қарпі қолданылады. Жақсылап араластырылған су сынамасын цилиндрге құяды және цилиндр түбінен 4 см биіктікте қаріптің үстінен орналастырады. Қаріптің оқылуы мүмкін болғанға дейін, цилиндрдегі суды төгеді. Сынаманың мөлдірлігі см беріледі.

Сукоймадағы судың температурасы бір мезетте өтіп жататын, күн радиациясы, булану, атмосферадағы жылу алмасу, ағыстармен жылудың тасымалдануы және басқа факторлар сияқты, бірнеше үрдіс болып табылады.

Температура – бұл оттегілік режим, өздігінен тазару үрдісінің қарқыны айтарлықтай денгейде тәуелді болатын, сукоймада жүріп жататын физикалық, химиялық, биологиялық, биохимиялық үрдістерге ықпал ететін, маңызды фактор. Температураның мәні судың оттегімен қанығу дәрежесін, сілтіліктің түрлі формаларын, карбонатты-кальцийлі күйді анықтау үшін қолданылады.

Су ағзаларының тіршілік әрекеті үрдістерінің нәтижесінде, аэробты және анаэробты жағдайларда органикалық заттардың биохимиялық ыдырауы кезінде, сукойманың құрамындағы компоненттердің, сонымен қатар химия, металлургия, азық-түлік, мұнай өндеу өнеркәсіптерінің пайдаланылған супарымен химиялық әрекеттесуі кезінде суға түсетін, иісті заттар судың іісін тудырады. Иістің түрі, қарқындылығы мен тұрақтылығы олардың құрамын негіздейтін құрам, гидрогеологиялық жағдайлар, температура, pH, биологиялық жағдай және т.б. сияқты бірқатар факторларға тәуелді.

Судың мөлдірлігі оның түсіне және лайлылығына, яғни ондағы түрлі боялған және өлшенген органикалық және минералды заттардың мөлшеріне негізделеді. Сукоймаға түсірілетін, белгілі бір мөлшердегі ақ пластина байқалатын немесе ақ қағазда белгілі типтегі және көлемдегі қаріп көрінетін бағанның биіктігі мөлдірлік өлшемі болып табылады. Судың мөлдірлігі объектідегі сұзілмеген сынамада анықталады. Өлшеу үшін түбі химиялық тәзімді оптикалық шыныдан жасалған шыны цилиндр қолданылады. Цилиндрдің градустелуі сантиметрмен беріледі. Цилиндрге миллиметрлік қағаздан жіңішке жолақ жапсырылады.

Жерүсті супарының түстілігі гумустық заттардың және  $Fe^{3+}$  болуына негізделген. Түсті анықтаудың 3 әдісі бар:

4. далалық жағдайларда бөтелкедегі су сынамасының түсін зерттеу, еріген және ерімеген өлшенген заттарға негізделген, көзге көрінетін түсті ғана анықтауға болады.
5. визуалды әдістермен су сыманысының түсін анықтау. Әдіс табиғи ауыз сұына, сонымен қатар болмашы түсі бар өнеркәсіптік супарға қолданылады. Түсті визуалды анықтауды титрлеу әдісімен жүргізеді. Ол үшін K бихроматының және Со сульфатының стандартты ерітіндісін пайдаланады.
6. КФК-2, КФК-3 оптикалық аспаптарының көмегімен түсті анықтау. Түстілік градустармен анықталады.

2 кесте

Иістің қарқындылығы	Иістің пайда болу сипаты	Балл
Жоқ	Білінбейді	0
Өте әлсіз	Маман зертханалық зерттеу жүргізген кезде ііс анықталады	1
Әлсіз	Назар аударғанда ғана іісі білінеді	2
Білінеді (айқын)	Іісі білінеді және суды құйған кезде жағымсыз күй тудырады	3
Өте күшті	Суды пайдалануға жарамсыз ететіндей, іісі күшті	5
Айқын	Іісі су жайлы жағымсыз пікір тудырады	4

*Тапсырма:*

1. Зертхананың шүмегінен су сынамасын іріктеу.
2. ЭВ-74 иономерінде судың рН анықтау.
3. Осы судың физикалық қасиеттерін анықтау.

*Бақылау сұрақтары:*

1. ЭВ-74 күрылышы қандай?
2. Судың рН қалай анықтайды?
3. Лайлылықты, істі, температуралы, мөлдірлікті қалай анықтайды?
4. Судың физикалық қасиеттері қандай мақсатпен анықталады?

*Сабак №24.*

*IV бөлім. Топырақты талдау.*

**Тақырып 4.1.** Топыраққа ластаушы заттар түсуінің табиғи және антропогендік көздері. Топырақтың негізгі ластаушы заттары

*Жоспар:*

1. Топырақты ластаушы табиғи және антропогенді көздер
2. Топырақтың негізгі ластаушылары және тусу жолдары
3. Топырақ жағдайын бақылауды ұйымдастыру
4. топырақтың құнарлылығының жоғалуы және төмендеу принциптері

**I. Топырақты ластаушы табиғи және антропогенді көздер**

Ерқашан топырақтың құрамында болатын заттарға, концентрациясы адам әрекетінің нәтижесінде артуы мүмкін, металдар мен пестицидтер жатады. Жоғары мөлшер қорда тыңайтқыштарын, пайдаланылған газдарды енгізу нәтижесінде атмосфералық эмиссиямен тудырылуы мүмкін. Топырақ өлі топыраққа айналады. Бұл қорғасын, синап, мышьяк және мыс сияқты металдарға жатады. Мышьяк көптеген табиғи топырақтарда бар, алайда оның концентрациясы тұқымды дәрілеу үшін қорғасын арсенатын қолдану есебінен 50 есе артуы мүмкін. Дағдылы топырақтардағы синап 90-250г\га мөлшерінде болады. Дәрілеу есебінен ол жыл сайын шамамен 5г\га мөлшерінде қосылуы мүмкін. Осындай мөлшері топыраққа жаңбырмен бірге түседі. Қалалар мен қара және түсті metallurgia кәсіпорындарының, химиялық жән мұнайлы химиялық кәсіпорындардың, машина өндірісінің, ЖЭС маңындағы топырақта бірнеше ондаған км қашықтықта топырақ ауыр металдармен және мұнай өнімдерімен ластанған. Өндіру және өңдеу, тасымалдау және тарату орындарындағы топырақтың ластануы фондық мөлшерден 10 есе асады. Мысалы, Атыраудан 10 км қашықтықта батыс және шығыс бағыттардағы топырақтағы мұнайдың мөлшері фондық мәннен он есе артық. Осылайша, өнеркәсіптің қарқынды дамуы өнеркәсіптік қалдықтардың артуына әкеледі, ол тұрмыстық қалдықтармен бірлесіп, сапаның нашарлауын тудырып, топырақтың химиялық құрамына ықпал етеді. Ауыр металдармен ластану күкіртті ластану аймақтарын түзеді, олар көмір жанған кезде түзіледі және микроэлементтер құрамының өзгеруіне және техногенді шөлейттердің түзілүіне әкеледі. Микроэлементтер мөлшерінің өзгеруі жануарлар мен адамның денсаулығына ықпал етіп, зат алмасудың бұзылуына әкеледі. Мысалы, йодтың жетіспеуі қалқанша безінің ауруына әкеледі, кальцийдің жетіспеуі бұындардың зақымдануына және олардың деформациясына әкеледі. Топырақтың ауыр металдармен ластануы а/ш дақылдарының ластануына алып келеді. Топырақта ісік ауруларын тудыратын канцерогенді заттар әркез кездеседі.

**II. Ластаушы заттардың топыраққа тусу жолдары.**

1. Атмосфералық жауын-шашындармен бірге көптеген химиялық қоспалар топыраққа түседі. Кәсіпорындар жұмысының нәтижесінде түзілетін шығарындылар атмосфераға түседі, содан соң атмосфералық ылғалдың тамшыларында ериді және жауын-шашын болып жауады. Бұл

негізінен газдар, күкірт пен азот оксидтері. Олардың көбі қышқылды сипатқа ие, сумен қоспалар тұздеді.

2. Шаң және аэрозоль түрінде шөгетін, қатты және сұйық қоспалар. Құрғақ ауа-райы кезінде әдетте тікелей шаң мен аэrozоль шөгеді. Автокөліктер, әсіресе қалаларда, топырақтың ластануына маңызды үлесін қосады.
3. Газтәрізді қоспаларды топырақтың тікелей сіңіруі кезінде.
4. Өсімдікке тұскенде түрлі қоспалар кез келген агрегаттың күйде саңылау арқылы жапырақтармен сіңірледі немесе бетінде шөгеді. Содан соң, жапырақтар тұскен кезде, осы қоспалардың барлығы топыраққа тұседі. .

### **III. Топырақ жағдайын бақылауды үйімдастыру**

Бақылауға келесі сатылар кіреді:

- 1) Ағымдағы және өткен жылдардағы (соңғы 5 жылдағы) бақыланатын зонадағы пестицидтар мен тыңайтқыштардың орын ауыстыруы жайлы мәліметтерді сандық және сапалық талдау;
- 2) Алдағы зерттелетін объектілерді, сипаттамасын және масштабтарын анықтау;
- 3) Одан әрі пестицидтар және тыңайтқыштардың болуына (мөлшерін) талдау жасау үшін зерттелетін участоктардан топырақ сынамаларын сынамалау;

Бақылау үшін химикаттардың басым түрін таңдаудың негізгі критерийлері:

- Жылы қанды жануарларға қатысты токсикалығының деңгейі және фитотоксикалығы;
- Коршаған орта объектілеріндегі (топырақ, өсімдіктер) персистенттілігі (тұрақтылығы);
- Алдыңғы жылдардағы және ағымдағы жылдағы қолданудың көлемдері мен масштабтары;

Бақылау түрлері ішінен ажыратады:

- 1) Біркелкі – топырақтарда химикаттар қалдықтарының жоғары мөлшері анықталған кезде ерекше жағдайларда, ластанудың масштабтарын және қауіптілік деңгейін анықтау үшін жүргізіледі;
- 2) Таңдамалы, 2-ге жіктеледі

А) ағымдағы – жаңа алқаптарда және участоктарда жыл сайын жүргізіледі;

Б) стационарлы – 2 және одан аса жылдар бойы бір участоктарда жүргізіледі, өз кезегінде жіктеледі:

- өндірістік, белгілі бір алқаптарда ұзақ уақыт бойы тұрақты және (немесе) аса токсикалық химикаттарды қолданған немесе қолданып келе жатқан жағдайда және қалдықтармен коршаған ортаның объектілерінің ластану қаупі болған жағдайда жүзеге асырылады;
- мониторингті, топырақтардың және өсімдік өсіру өнімдерінің химикаттармен, олардың жоғары тұрақтылығының және (немесе) глобалді көшіп қонуы нәтижесінде ластануын бағалау үшін жүргізіледі.

IV. Топырақтың жемістігі эрозия, тұздану, ластау, саздану және құрылымы жұмыстар әсерінен азаяды.

*Топырақтардың эрозиясы* – жел немесе еріген жаңбыр суларының әсерінен топырақтардың үстінгі жемісті горизонтарының бұзылуы.

Топырақ эрозиясымен күресу жолдары:

1. Үйімдастыру – шаруашылық шаралар – егін даласын дұрыс өндеу, топырақтың рельеф пен эрозиялық дәрежесіне қарай тынайтқыштарды енгізу, жерді дифференциялық түрде қолдануы.

2. Агротехникалық шаралар - топыраққа ауа, жылу, су режиміне оптимальдік жағдайларды қамтамасыз ету.

*Топырақтың тұздануымен күресу.*

Егер топырақта женіл еритін тұздардың мөлшері көбейсе, бұл құбылыс пайда болады. Жер астындағы сулар әсерінен, тұздардың концентрациясы көбейсе, ол бірінші реті тұздануы бол саналады. Егер дұрыс суғармағаннан болса, ол екіншілік реті тұздануы. Топырақ шөлге айналғанда, нәтижесінде аймақтардың ауа райы өзгереді, су және биологиялық ресурстар азаяды. Топырақтарды шөлден негізгі қорғау, ол топырақты еседен сақтандыру, сол себептен тоғайларды салу, бұтадан және жартылай бұтадан жасанды өрістерді құру.

*Топырақтың саздануымен курсу.*

Бұл табиғи құбылыс, егер атмосфералық жауын-шашыны жердегі су, буға айналғаннан өте артық болса, пайда болады. Сол үшін саз жерлерде дренаждық жұмыстар арқылы құргатады және тағы басқа агротехникалық жұмыстарды өткізеді (мелиорация). Бұл шаралар қоршаған органды жақсартады.

### ***Бақылау сұрақтары:***

1. Топырақты ластайтын негізгі көздер қандай?
2. Топырақтың ластануын бақылау қалай жүзеге асырылады?
3. Бақылау түрлері қалай жіктеледі?
4. Топырақтың саздануымен күресу қалай жүзеге асырылады?
5. Топыраққа ластаушы заттардың түсү жолдары қандай?

### ***Сабак №25.***

***Тақырып 4.2.*** Топырақ сынамаларын талдаудың физико-химиялық әдістері. Ластаушы заттарды топырақта анықтау әдістері

#### ***Жоспар:***

1. Топырақты талдау
2. Топырақтың пестицидтермен және минералды тыңайтқыштармен ластануын бақылау
3. Пестицидтер мен ауыр металлдарды топырақта анықтау
4. Талдау нәтижелерін өндөу

**Топырақтарды талдау:** Топырақтардың элементті құрамы – топырақтардың химиялық жағдайын, олардың қасиеттерінің, генезисінің және құнарлылығының маңызды көрсеткіші.

Топырақтағы абсолютті мөлшері бойынша элементтер үш топқа топталуы мүмкін. Бірінші топ – макроэлементтер: ең алдымен кремний және оттегі, олардың мөлшері ондаған пайызды құрайды, ал жиынтығында олар топырақ массасының 80-90%-ын құрауы мүмкін; мұнда Al, Fe, Ca, Mg, K, Na, C, жатқызылады, олардың топырақтағы мөлшері оннан бірден бірнеше пайызды дейін өзгереді. Аралыққа жатқызуға болатын екінші топқа Ti, Mg, N, S, P, H кіреді, олардың топырақтағы мөлшері пайыздың жүздік және ондық бөліктерінде. Микро- және ультрамикроэлементтер топырақта  $n \cdot 10^{-10}$  -  $n \cdot 10^{-3}$  мөлшерінде болады; бұл ең алдымен биологиялық белсенді элементтер B, Cu, I, Mn, Mo, Zn, аса жиі Cl, Cr, Ni, V және ең соңында ластану жолымен енген As, Be, Br, Cd, F, Hg, Pb, Sb, Se және басқалары кездеседі.

Элементтің мөлшері қандай да бір топырақта қорларды толық мобилизациялау шарттары кезінде өсімдіктерді потенциалды қамтамасыз ету мүмкіндігін көрсетеді. Сондықтан топырақтардың жағдайын әрдайым және үлкен аудандарда аналитикалық бақылауды жүзеге асыру қажет.

Топырақтар химиясында аса маңызды физиологиялық роль ойнайтын микроэлементтер ерекше орын алады.

Бұл микроэлементтер жеткілікті тәмен мөлшерде топырақтардағы ағзалардың дамуына он әсерін тигізеді, бірақ көп мөлшерде – токсикалық әсер етеді.

Әсіреле топырақтағы өндірістік өнеркәсіптердің және көліктің шығарындыларымен, тұрмыстық қалдықтармен, сондай-ақ топырақтардағы минералды тыңайтқыштардың

компоненттерінің қалдық мөлшерлерінің жинақталуымен шартталған техногенді түзілген микроэлементтердің концентрациясының есіү қауіпті.

Элементтердің жалпы мөлшерін анықтаудың барлық әдістері үлгінің қышқылдармен ( $H_2SO_4$ ,  $HNO_3$ ,  $HClO_4$ ,  $HCl$ ,  $HF$ ) сілтілермен алдын ала ыдырауына және одан әрі ерітіндідегі элементтерді химиялық және инструменталды әдістермен анықтауға негізделген.

Әдетте, микроэлементтерді анықтау алдында олардың концентрлеу және бөлу сатылары болады. Ол үшін әр түрлі әдістерді қолданады – жиірек сорбционды және экстракционды және сирегірек электрохимиялық және тұндыру.

Маңыздылары топырақтардың заттық және молекулярлық талдауы болып табылады – топырақ массасын анықтайтын жеке органикалық, минералды және оргоминералды заттардың түрлі формаларын идентификациялау және сандық анықтау.

Топырақтардың құрамына енетін органикалық заттардың жинағы өте үлкен, ал жеке қосылыстардың немесе қосылыстар топтарының мөлшері бүтін пайыздардан іздік мөлшерге дейін өзгереді. Спецификалық органикалық қоспаларды ажыратады – олар гумусты қышқылдармен және прогуминде заттармен келтірілген.

Басты көзі ретінде өсімдік және жануар қалдықтары қызмет ететін спецификалық емес органикалық заттарға пигменттер, липидтер, көмірсулар, ақуыздар, нуклеин қышқылдары кіреді. Спецификалық емес заттарға тек топырақта бос күйінде немесе өсімдік және жануарлардан түзілген күрделі заттардың құрамында болатын, гумусты қышқылдар құрамына кірмейтін компоненттер жатады.

Топырақтардың органикалық заттарының топтық және фракционды құрамын анықтау үшін бірнеше әдісті қолданады, олардың негізін заттардың фракцияларын әр түрлі еріткіштермен бірізді еріту құрайды.

Талдаудың термиялық әдістері гумусты қышқылдардың элементті құрамы жайлы ақпарат алуға мүмкіндік береді. Элементті құрамы бойынша гумусты қышқылдардың құрылымының түрі жайлы немесе алифатикалық және циклдық компоненттерінің қатынасы жайлы тек жалпы көрінісін алуға болады.

Топырақтардың органикалық компоненттерінің молекулярлы және құрылымдық-топтық талдауларын молекулярлы абсорбционды спектроскопия, хромотография, масс-спектрометрия, ЯМР әдістерімен жүзеге асырады. Гумусты қышқылдардың молекулярлы массаларын оптикалық әдістермен және гель-фильтрациямен анықтайды; молекулалардың мөлшері мен формалары жайлы мәліметтерді электронды микроскопия әдістерімен алуға болады. Гумусты қышқылдарды идентификациялау үшін әдетте бір уақытта бірнеше химиялық және физикалық көрсеткіштерді анықтауды қолданады.

Кез келген топырақтың тән сипаты – оның көп фазалылығы; бір қосылыс әр түрлі фазалардың құрамына кіруі мүмкін және сондыктan бірдей деңгейде химиялық реакцияларға қатысады.

Топырақтың қасиеті оның фазалық құрамына тәуелді болады. Фазалық талдаудың тәсілдерінің бір фазалардың жеке құрамдастарының таңдаулы ерітуінен тұрады.

Топырақ ерітінділерінің толық талдауы иондардың және қосылыстардың белсенділігін анықтауға және олардың ерітіндіде болатын формаларының барлық түрлерін есепке алуға негізделген. Топырақ ерітіндісі – бұл табиғи жағдайлардағы топырақтың сұйық фазасы. Сулы, тұзды араласқан және қышқылды сірінділері қандай да бір деңгейге дейін топырақ ерітінділерін имитирлейді. Топырақ ерітінділерінде маңызды биохимиялық үрдістер жүзеге асырылады; өсімдіктер және микроағзалар оларға қажетті заттарды басты түрде топырақ ерітіндісінен алады.

Топырақ ерітінділеріндегі иондардың белсенділігін анықтау үшін ион-селективті электродтарды қолданған тиімді. Топырақ ерітінділерінде сілтілі және жер сілтілік элементтердің концентрациясын жалынды фотометрия әдісімен анықтайды; элементтердің үлкен тобын анықтау үшін – атомды-абсорбционды спектроскопия әдісі.

Топырақтардың химиялық жағдайына үлкен әсерді тотықтырғыш-калыпқа келу үрдістері тигізеді. Әдетте екі тәсілмен топырақтардағы тотықтырғыш-калыпқа келу үрдістерді бақылауды жүзеге асырады: тотықтырғыш-калыпқа келу потенциалын потенциометриялық

әдістермен тұра анықтау және элементтері тотығудың әр түрлі деңгейлерінде болатын қосылыстардың түрлі формаларының концентрацияларын химиялық және инструменталды әдістермен анықтау.

### **Топырақтың пестицидтермен және минералды тыңайтқыштармен ластануын бақылау**

II. Табиғи ортаның жағдайын және ластану деңгейін бақылау және тексерудің жалпы мемлекетік жүйесі бар. Бақылаудың жалпы жүйесінің бөлігі болып топырақ мониторингі табылады, ол топырақтардың және топырақ жамылғысының жербетілік бақылаулар және аэроғарыштық әдістер көмегімен жағдайларын кешенді бақылауды қамтамасыз етеді.

Топырақтардың пестицидтармен және минералды тыңайтқыштармен ластануын бақылау

Табиғатты қорғау жүйесінде топырақтардағы пестицидтар және минералды тыңайтқыштардың мөлшерін бақылау келесі максаттарда жүргізіледі:

А) Тасымалдау, сақтау, дайындау және препараттарды енгізу, сондай-ақ олардың қалдықтарын, пестицидтар мен тыңайтқыштардың тарларын көму ережелерін қоса отырып, өсімдіктерді және тыңайтқыштарды қорғау үшін химиялық құралдарды қолданған кезде технологияларды және регламенттерді сақтауды тексеру;

Б) топырақтардың пестицидтар және тыңайтқыштардың қалдықтарымен ластануының іс жүзіндегі масштабтарын және деңгейлерін, олардың мөлшері жоғары болуы мүмкін участоктарды, яғни потенциалды технологиялық ластанған участоктарды қоса анықтау;

В) орталардың және табиғи обьектілердің ластанған топырақтармен араласқан пестицидтар және тыңайтқыштар қалдықтарымен екінші реттік ластанудың потенциалды қауіпшілігін анықтау

### **III. Пестицидтер, топыраққа тұсуи**

Ауыл шаруашылық топырақты ядохимикаттарды, пестицидтерді кең қолдану нәтижесінде ластанады. Көптеген пестицидтер сыртқы ортада өте төзімді. Олар топырақта ыдырамайды және бірнеше жылдар бойы сақталады. Осының нәтижесінде топырақта улы заттар жинақталады, сатылап су қоймаларына таралады (жауындар), атмосфералық жауын шашындармен жерасты суттүкіш қаттарға өтеді, өсімдіктермен сінірледі, ауада шаңмен таралады. Олар таңдамалы түрде микроағзаларға әсер етеді және топырақ түзуге қатысады. Улы заттар табиғаттың бір бөлігіне айналады және заттар айналымына қатысады.

Тағамдану тізбегі: ДДТ → топырақ → өсімдік → жануарлар → адам.

Пестицидтер бүкіл экожүйенің терең өзгерісін тудырады. Пестицидтердің ішінде хлорорганикалық аса қауіпті, себебі олар топырақта көптеген жылдар бойы сақтала алады. Топырақта ауыр металлдардың жинақталуы олардың өсімдіктердегі концентрацияларының жоғарлауына алып келеді, ол тұргандар денсаулығына әсер етеді.

Топыраққа тұсетін элементтер қатарын ластаушылар деп айтуда келмейді, себебі олардың көбі өсімдіктерге қажетті микроэлементтер, сол кезде топырақты ластанатын химиялық элементтердің біршама бөлігі ауыр металлдар болып табылмайды.

Топырақ ластаушы элементтерге жатқызады: фтор, ванадий, хром, марганец, кобальт, никель, мыс, цинк, мышьяк, молибден, кадмий, сирап, қорғасын және басқалары.

Топырақтардың ластануы бірнеше жолдармен болады. Олардың барлығын техникалық жатқызуға болады – бұл өнеркәсіптік шығарындылар, жана майдық жану өнімдері, ауыл шаруашылық химизациялау құралдары, қарқынды сулар. Тыңайтқыштарды қолдану да топырақтардың ластану қаупін тудырады.

Техногенезис өнімдерінің топырақта жиналуы топырақ ерітінділерінің және топырақтардың реакциясын өзгертеді, топырақ-жұту кешенін бұздады. Қарқынды ластану кезінде өсімдіктер өсүі әлсірейді немесе тіпті жойылады, ол эрозионды үрдісті қүшетеді.

Топырақтың құрылымын жоғалтуын байқайды және соның нәтижесі ретінде - борпылдақтығының азаюы, су өтімділігінің төмендеуі және сулы – ауа режимінің нашарлауы. Ауыр металлдармен ластану кезінде топырақтардың идентификациялау қабілетінің жедел төмендеуіне көрсетеді. Өсімдіктер үшін топырақтағы ауыр металлдардың мөлшерінің деңгейінің жиналатын өнімді төмендететін немесе өсімдік биіктігін 5-10 %-ға

төмендететін шамасы токсикалық болып табылады. Жанама түрде ауыр металлдар ШМК-сын олардың өсімдіктердегі мөлшері бойынша белгілеуге болады.

**IV Талдау нәтижелерін өндөу.** Жерлердің табиғи-экологиялық жағдайы және олардың ресурстық-экономикалық потенциалы бойынша ақпарат болатын жерлердің мониторингі бойынша мәліметтер банкін құру бүгінгі күннің бірінші кезектегі тапсырмасы болып табылады. Накты физико-химиялық сипаттама беретін топырақтардың және табиғи жем өсімдіктердің зертханалық талдау бойынша мәліметтер жерлер мониторингі бойынша мәліметтер банкінің базалық ақпараты болып табылады.

Топырақтардың және табиғи жем өсімдіктерін зертханалық талдауларының мәліметтерін ары қарай жинақтаумен және компьютерлік технология негізінде ақпаратты жүйелендірумен автоматтандырылған өндөу жер кадастрының және жер мониторингінің автоматтандырылған ақпараттық жүйесінің бастанқы құраушысы болып табылады (ЖҚААЖ).

Топырақтардың және өсімдіктердің зертханалық талдауларының нәтижелерін автоматтандырылған өндөу аналитикалық анықтауларға және оларды ары қарай нәтижелерді есептеулерге және оларды бақылауға кететін уақытты қысқарту есебінен өндөуге, алынған мәліметтерге тұтынушылардың кең ауқымына кіруді қамтамасыз етуге, әр түрлі аспектілерде ақпаратты қоپ ретті қолдануға шығындар әсерлігін біршама үлғайтуға мүмкіндік береді.

Зерттеу объектілерін координатты байлау мәліметтер банкінің жерлер мониторингі бойынша түрлі тапсырмаларды шешуге мүмкіндік беретін бірінғай топографо-геодезиялық негізін береді: әкімшілік облыстар, табиғи-ауылшаруашылық зоналар, аумақтар бойынша мәліметтерді таңдау және топтау жүргізу; көрсеткіштердің статистикалық талдауын жүргізу; топырақ және өсімдік параметрлерінің кеңістік және уақыт аралығында өзгергіштігін анықтауға. Топырақтардың және табиғи жем өсімдіктерінің зертханалық талдау нәтижелерін автоматтандырылған өндөу бойынша бағдарламалық кешен жерлер мониторингі бойынша мәліметтер банкінің ақпараттық блоктарында ақпаратты ұйымдастыруды қамтамасыз етеді, сондай-ақ тұтынушыларға аналитикалық анықтаулардың нәтижелерін кестелер түрінде береді.

Ақпарат көзі болып талдауларға ұсыныстар ведомствасы және жұмыс зертханалық журналдары табылады. Ақпарат объект бойынша келесілерді көрсете топталады: облыс, аудан, шаруашылық, табиғи ауыл-шаруашылық зона, зерттеу түрі және жұмыс жүргізу жылы. Мәліметтерді ұйымдастыру кестелік. Бастанқы мәліметтер кестесіне енгізіледі: топырақ қималарының номерлері; топырақ қималарының координаттары ( $x, y$ ) ; ауыл шаруашылық жарамдық түрі; топырақ түзілім типі; топырақ түрі және тұрасты; генетикалық көкжиектер (индекс, жатыс терендігі, сынамаларды сынамалау терендігі); сынамалардың зертханалық номерлері; аналитикалық мәліметтер.

Түрлі аналитикалық анықтаулар бойынша бастанқы мәліметтер сатылы енгізіледі, ақпаратты жоғалтусыз енгізуі үзү мүмкіндігі қарастырылған.

Берілген алгоритм бойынша анықтамалық мәліметтерді қолданумен материалдарды өндөу жүргізіледі. Топырақтар мен өсімдіктердің есептелген параметрлері ағымдағы бақылауға ұшырайды – олардың әрекеттегі нормативтармен сәйкес шынайылығы анықталады. Мәліметтерді дұрысағаннан соң (енгізу қателерін түзету, дұрыс емес аналитикалық анықтау) ақпарат жерлер мониторингі бойынша мәліметтер банкінің блогына келіп түседі. Зертханалық анықтаулардың нәтижелері басып шығарылады және бекітілген формадағы кесетелер түрінде ары қарай қолдануға мамандарға тапсырылады.

### **Бақылау сұрақтары:**

1. Топырақты талдау қалау жүзеге асырылады?
2. Топырақтың пецифтермен және минералды тыңайтқыштармен ластануын бақылау қалау ұйымдастырылады?
3. Пестицидтер мен ауыр металлдарды топырақта анықтау тәсілдері қандай?
4. Талдау нәтижелерін өндөу қалай жүргізіледі?

## **Сабак №26.**

### **Зертханалық жұмыс 4.2.**

**Тақырып:** Топырақта ауыр металдардың болуын сандық анықтаудыңәдістері. Талдау нәтижелерін өндөу. Топырақ сынамаларын химиялық талдауға дайындау.

**Тәжірибелің мақсаты:** Топырақ сынамаларын нүктелік іріктеуге, таңбалауға және талдауға дайындауга, топырақтарды қаптауға үйрету.

**Жабдықтар:** Күрек, қораптар, жолдама талон, қаптар.

### **Жоспар:**

1. Жұмысқа дайындық
2. Сынама алу орнын таңдау
3. Топырақ сынамаларын алу
4. Сынамаларды тасымалдау және сақтау
5. Сұлы және тұзды сіріндіні дайындау.

### **Бақылау сұрақтары.**

1. Жұмыстарды орындауға сынамаларды қалай дайындаиды (іріктеїді)?
2. Жарлықтың қандай формасы топырақтың біріккен сынамасы үшін қолайлы?
3. Сынама алаңы үшін бөлікшені қалай таңдайды?
4. Топырақтың нүктелік сынамаларын қалай іріктеїді?
5. Топырақтың бірікке сынамаларын қалай құрады?
6. Топырақтың біріккен сынамасын қалай тасымалдайды?
7. Қандай ластанулар жергілікті болып табылады?

### **Тәжірибелің барысы:**

1. Ұйымдастыруышылық кезең.
2. Нұсқау.

### **Жұмыстарды орындауға дайындау.**

1. Пестицидтердің қалдық мөлшерін химиялық талдауға ауылшаруашылық пайдаланылатын жерлердің сынамаларын іріктеу жылына 2 рет жүргізіледі.

- a) көктемде – пестицидтерді енгізгенге дейін қар жамылғысы кеткен өріс;
- b) күзде - өнімді жинағаннан кейін.

Метеорологиялық жағдайға қарай, ауылшаруашылық пайдаланылатын жерлерді бақылауға арналған агрохимиялық шараларды жүргізу есебінен, топырақ сынамаларын іріктеудің нақты күнтізбелік мерзімдері әр агрохимиялық аймақта белгіленеді.

2. Дағалаға шығу үшін ГОСТ 17.4.4.02-84 сәйкес аппаратураны, материалдарды, реактивтерді дайындау бойынша жұмыстар жүргізіледі.

3. Жолдама талондар қосымшасына сәйкес біріккен сынамалар үшін жарлықтар дайындаиды.

### **Топырақтардың біріккен сынама жарлығының формасы.**

Топырақты іріктеудің орны мен үні, негізгі бағдарлар.

Дақылдар.

Тексерілген алаңның ауданы және оның нөмірі.

Іріктеу тәсілі (күрекпен, бұрғымен).

Топырақтың нүктелік сынамаларының мөлшері.

Топырақ сынамасын алудың терендігі.

### **Тексерілетін аланға келісті бөлікшені таңдау.**

1. Топырақ сынамаларын іріктеудің алдында зерттелетін жерді, тексерілетін аландардың іргесі қаланатын, бөлікшелерге шартты түрде бөлу керек.

2. Топырақтардың кеңістіктік ластануы келісті бөлікшениң тексерілген алаңынан іріктелген, топырақтардың бір біріккен сынамасындағы пестицидтердің қалдық

мөлшерімен немесе ауылшаруашылық пайдаланылған жердің көлеміне қарай, бірнеше бөлікшенің тексерілген аландарынан іріктелген, топырақтың бірнеше біріккен сынамасындағы пестицидтер мөлшерінің орташа арифметикалық мәнімен сипатталады.

3. Келісті бөлікшелердің ауданы, жердің келесі санаттардың біріне жатуына қарай белгіленген, нормалардан аспау керек:

I – Орманды аймақ, бедері толқынды, топырақ жамылғысының құрылымы біртекті емес. Бір біріккен сынамамен сипатталатын келісті бөлікшенің ауданы – 1-ден 3 га дейін;

II – Орманды-далалы және далалы аудандардың бедері бөлінген, бөлікшенің ауданы – 3-тен 6 га дейін;

III – Далалы аудандар, бедері жазықты және сәл бөлінген, бөлікшенің ауданы – 10-нан 20 га дейін;

IV – Таулы аудандар, ауылшаруашылық пайдаланылған жерлерінің ареалдары ұсак, топырақ жамылғысының құрылымы біртексіз, бөлікшенің ауданы – 0,5-тен 3 га дейін;

V – Суландырылатын егін шаруашылығының аудандары, келісті бөлікшенің ауданы – 2-ден 3 га дейін.

4. Зерттеу нәтижелерінің келістілігін бөлікше шектеріндегі физикалық-географиялық жағдайлардың (микробедер, ылғалдылық, микроклимат) біртектілігі қамтамасыз етеді.

5. Келісті бөлікшені мезобедердің бір элементінде ғана (беткей, төбе, шың, бөктер және т.с.с.) орналастыру қажет.

6. Бөлікшенің шектерінде бір тексеру алаңы орнатылады.

7. Ауданы 100x100 м немесе 200x200 м тексеру алаңы келісті бөлікшенің орталық бөлігінде орналасады.

8. Топырақ сынамаларын іріктеудің алдында тексеру алаңының орталығын көзмөлшермен байланыстыру жүргізіледі, бұл оны жергілікті жерде қайта табуды қамтамасыз етеді. Негізгі бағдарлар топырақтың біріккен сынамасының жарлығында көрсетіледі. Мысалы: өрістің оңтүстік-батыс бұрышынан солтүстікке қарай 300 м, жыра төбесінен оңтүстікке қарай 400 м және т.б.

#### Топырақ сынамаларын тасымалдау және сақтау.

1. Топырақтың іріктелген сынамаларын журналға тіркеу және номірлеу қажет. Олардың әрбіреуіне жолдама талон толтырылуы тиіс.

2. Алдағы өндеу, тасымалдау және сақтау кезінде топырақ сынамалары атомды қалдықтардың және екінші қатарлы ластанудың өзге көздерінің ықпалына түспеу керек.

3. Топырақтың іріктелген біріккен сынамалары ауалы-құрғақ күйге дейін  $30^{\circ}\text{C}$  аспайтын түн көзінен қорғалған жерлерде бір тәуліктен кейін кептірілу керек.

4. Топырақтың ауалы-құрғақ сынамаларын маталы қапшықтарда, қағаз пакеттерде және топырақ сынамаларын ластамайтын өзге ыдыста сақтайтын және тасымалдайды.

Зерттеу мақсаты	Тексеру алаңының ауданы, га		Сынамалардың саны
	Біртекті топырақ жамылғысы	Біртексіз топырақ жамылғысы	
Топырақтағы химиялық заттардың мөлшерін анықтау	1-ден 5 дейін	0,5-тен 1 дейін	Бір біріккен сынамадан кем емес
Физикалық қасиеттердің мөлшерін анықтау	1-ден 5 дейін	0,5-тен 1 дейін	Бір топырақ көкжиегіне 3-тен 5 нүктелік сынамаға дейін
Патогенді ағзалар мен вирустарды анықтау	0,1-ден 0,5 дейін	0,1	Әрбіреуі 3 нүктелік сынамадан тұратын, 10 біріккен сынама

### **Топырақ сынамаларын іріктеу.**

1. Нүктелік сынамаларды, қазбалардан пышақпен немесе қалақпен немесе топырақ бұргысымен іріктейтін, диагональ бойынша конверт әдісімен бір немесе бірнеше қабатты тексеру аланында іріктеіді.

2. Химиялық талдауға біріккен сынаманы, бір тексеру аланынан алғынған, 5-тен кем емес нүктелік сынамалардан құрастырады. Біріккен сынаманың массасы 1 кг кем болмауы тиіс.

Жеңіл көшіп-қонатын заттармен ластануды бақылау үшін, нүктелік сынамаларды (әрбіреуінің массасы 200 г аспайтын, 0-10 және 10-20 см терендікте қабат-қабат сайын) топырақ кескінің бүкіл терендігінде генетикалық қекжиектер бойынша іріктеіді.

3. Барлық біріккен сынамалар журналға тіркелу және нөмірлену керек. Міндепті қосымшаға сәйкес әр сынамаға жолдама талон толтырылу керек.

4. Химиялық талдауға арналған топырақ сынамаларын ауалы-құрғақ күйге дейін кептіреді, оларды маталы қапшықтарда, картон қораптарда, шыны ыдыстарда сақтайды.

Ширектеу – топырақ сынамасын механикалық ортайту тәсілі. Ұсақталған топырақ материалын мұқият араластырғаннан кейін шаршы түрінде қағазға орналастырады және диагональ бойынша 4 бірдей бөлікке бөледі. Екі қарама-қарсы бөлікті алдағы операциялар үшін алады, ал қалған екеуін қайталап қосымша анықтау үшін сақтайды.

### **Топырақтардың тұздылығын анықтау үшін су сорындысын талдау.**

Суда еритін тұздары көбірек – 0,2% топырақтарды тұзды деп есептейді. Осы тұздардың ішінен тұздалған топырақтарда көбінесе  $\text{NaCl}$ ,  $\text{NaSO}_4$ ,  $\text{Na}$  гидрокарбонаты ( $\text{NaHCO}_3$ ),  $\text{Ca}$  сульфаты,  $\text{Ca}$  хлориді,  $\text{Mg}$  сульфаты,  $\text{Mg}$  хлориді кездеседі. Топырақтардың тұздылығын анықтау үшін, су сорындысындағы құрғақ қалдықты анықтайты, яғни суда еритін хаттардың жалпы сомасын және аниондардың (карбонат иондар  $\text{CO}_3^{2-}$ ,  $\text{HCO}_3^-$ ,  $\text{Cl}^-$ ,  $\text{SO}_4^{2-}$ ) және катиондардың ( $\text{Na}^+$ ,  $\text{Ca}^{2+}$ ,  $\text{Mg}^{2+}$ ,  $\text{K}^+$ ) құрамын анықтайты. Қысқартылған талдау кезінде құрғақ қалдықты,  $\text{Ca}^{2+}$ ,  $\text{Mg}^{2+}$  катиондарын,  $\text{HCO}_3^-$ ,  $\text{Cl}^-$ ,  $\text{SO}_4^{2-}$  аниондарын анықтаумен шектеледі. Алғынған мәліметтерді 0,001 дәлдікпен % және 0,01 дәлдікпен миллиэквиваленттермен білдіреді.

#### **Су сорындысын дайындау.**

1. мм елеуіш арқылы өткізілген, 100 г ауалы-құрғақ топырақты өлшеп алады, оны шыны сауытқа салады және  $\text{CO}_2$  жоқ, 500 мл тазартылған су құяды.
2. Шыны сауытты тығынмен жабады, құрамын 3 мин шайқайды және сорындыны қалың қағаздан жасалған сүзгішпен сүзеді. Талдау үшін тек мөлдір сүзіндіні алады.
3. Сүзу аяқталған соң, сүзіндінің булану мүмкіндігін болдырмау, сонымен қатар зертханадағы түрлі газдармен ( $\text{NH}_3$ ,  $\text{HCl}$  булары және басқалары) ластануын азайту үшін, шыны сауытты тығынмен жабады.

#### **Құрғақ қалдықты анықтау.**

1. Тамызғышпен 50 мл су сорындысын алады, алдын ала құрғатылған және аналитикалық таразыда өлшенген шағын фарфор шыны аяқта көшіреді және суға құрғағанға дейін буландырады.
2. Буландырудан кейін шыны аяқтың сыртын сүртеді, содан соң  $105^{\circ}\text{C}$  температурада 3 сағат бойы құрғату шкафында кептіреді.
3. ... салқындастылған қалдығы бар шыны аяқты аналитикалық таразыда өлшейді.
4. Құрғақ қалдықты есептейді  $A = a \cdot 10$   
мұнда A – құрғақ қалдық.  
a – 50 мл су сорындысындағы құрғақ қалдықтың алғынған массасы (г).  
10 – 100 г топырақты қайта есептеу коэффициенті.

### **Жалпы сілтілікті анықтау.**

Метилоранж қосып, 0,01 н H<sub>2</sub>SO<sub>4</sub> ерітіндісімен су сорындысын титрлеп, жалпы сілтілікті (HCO<sub>3</sub><sup>-</sup>) анықтайды.

1. тамызғышпен 25 мл су сорындысын көлемі 100 мл екі конустық шыны сауытқа іріктеиді, әрбіреуіне 1-2 тамшы метилоранж қосады.

2. шыны сауыттардың біріндегі сорындыны H<sub>2</sub>SO<sub>4</sub> ерітіндісімен әлсіз қызғылт түске боялғанға дейін титрлейді. Түсінің сарыдан әлсіз қызғылтқа өзгеруі қын байқалады. Сондықтан титрлеудің соңын дәл анықтау үшін, 2-ші шыны сауытты алады. Ол титрленетін сұйықтық түсінің өзгеруін салыстыру үшін қызмет етеді. Екі шыны сауытты да ақ қағазға қояды. Қышқыл құйған шыны сауыттағы түстің өзгеруін бақылайды. Сұйықтық қызғылт түске боялған сәтте-ақ, титрлеуді тоқтатады.

3. Жалпы сілтілігін HCO<sub>3</sub><sup>-</sup> %-бен және 100 г топырақтағы милиэквиваленттермен есептейді. % HCO<sub>3</sub><sup>-</sup> мөлшерін формула бойынша есептейді:

$$HCO_3^- \% = 0,0006T \cdot a \cdot K_{H_2SO_4} \cdot 2O,$$

мұнда 0,0006 T – сілтілікті қайта есептеу коэффициенті, өйткені 1 мл 0,01 н H<sub>2</sub>SO<sub>4</sub> 0,0006 T HCO<sub>3</sub><sup>-</sup> сәйкес келеді.

a – 25 мл су сорындысын титрлеуге шығындалған, 0,01 н H<sub>2</sub>SO<sub>4</sub> мл мөлшері.

K<sub>H2SO4</sub> – құқырт қышқылының титріне түзету.

2O – 100 г топырақты қайта есептеу коэффициенті.

Милиэквиваленттердегі HCO<sub>3</sub><sup>-</sup> мөлшерін формула бойынша есептейді:

$$\frac{HCO_3^- \% \cdot 1000}{61} = 100 \text{ г топырақтың милиэквиваленті.}$$

Мұнда 1000 – қайта есептеу коэффициенті (м.экв)

61 - HCO<sub>3</sub><sup>-</sup> экв. Массасы.

Реактивтер: 1. 0,01 н H<sub>2</sub>SO<sub>4</sub> титрленген ерітіндісі


2. метилоранж.

### **Хлор ионын анықтау.**


1. HCO<sub>3</sub><sup>-</sup> анықтаған шыны сауыттардағы бейтараптандыру аяқталған соң, оларға индикатор ретінде 1 мл 10%-қ хромқышқыл калий ерітіндісін (K<sub>2</sub>CrO<sub>4</sub>) қосады.

2. Бір бөлігін 0,01 н AgNO<sub>3</sub> ерітіндісімен қызыл-қоңыр түске дейін титрлейді. Ерітіндінің екінші бөлігі әркез жаңында болу керек, онымен титрленетін сұйықтықтың реңкін салыстыру керек.

Титрленіп жатқан сұйықтыққа AgNO<sub>3</sub> қосқан кезде хлорлы Ag ерімейтін ақ тұнбасы түзіледі:



Хлор-ионы толықтай хлорлы Ag айналған соң, AgNO<sub>3</sub> әрбір келесі тамшысы K<sub>2</sub>CrO<sub>4</sub>reakцияға түседі және араластырған кезде сұйықтыққа қызыл-қоңыр түс береді, бұл түзілетін хромды-қышқыл Ag қызыл түсіне байланысты.



Жойылмайтын қызыл-қоңып түстің байқал бастауы титрлеудің аяқталғанын көрсетеді. Cl<sup>-</sup> % мөлшерін формула бойынша есептейді:

$$Cl\% = a^* KAgNO_3 * 0,0003555 * 50$$

мұнда а – 10 мл су сорындысын титрлеуге шығындалған 0,01 н AgNO<sub>3</sub> ерітіндісінің мл мөлшері.

KAgNO<sub>3</sub> – азотқышқыл Ag титріне түзету.

### **Сабак №27.**

#### **V Бөлім. Радиобелсенді ластанулар және оларды өлиеу.**

**Тақырып 5.1:** Иондаушы сәулеленулердің физикалық табигаты және олардың затпен әрекеттесуі. Иондаушы сәулеленулердің биологиялық әрекеті.

#### **Жоспар:**

1. Радиобелсенділік. Радионуклиидтер
2. Иондаушы сәулелер табигаты
3. Сәулелену көзінің белсенділігін өлшеу
4. Сәулелену дозасын өлшеу.
5. Сәулеленулердің тірі ағзаларға әсері.

#### **Радиобелсенділік. Радионуклиидтер.**

Табигатта, төзімді (тұрақты) нуклиидтермен қатар төзімсіз радиобелсенді нуклиидтер де (радионуклиидтер) бар. Төзімді нуклиидтердің ядролары іс жүзінде өзгеріссіз күйде болады, олардағы протондар мен нейтрондар саны шексіз ұзақ өзгермегендеге. Төзімсіз радионуклиидтердің ядролары өздігінен ыдырайды. Жалпы, нуклид ядроларының тұрақтылығы атомдық ядродағы протондар мен нейтрондардың санының қатынасына тәуелді.

Протондар меннегейтрондардың артық болуы атом ядроның төзімсіз қылады. Олар артық энергияға ие және аз энергиямен төзімдірек жағдайға көшуге ұмтылады. Кез келген мұнданың ядролық түрленулердің өздік үрдістері қоршаған ортаға иондық сәулеленулер түрінде энергия бөлінумен жүреді. Нәтижесінде бір атом ядролары энергетикалық төзімдірек басқа атом ядроларына айналады.

**Радиобелсенділік** – бұл тұрақсыз атом ядроларының басқа төзімдірек ядроларға қоршаған ортаға иондаушы сәулелену түрінде энергия бөлінумен өздік айналуы болып табылады.

**Радионуклиидтер** (латын тілінен «radiare» сәуле шығару, «nucleus» ядро) – бұл тұрақсыз ядролары бар атомдар, олар өздігінен басқа химиялық элементтің немесе сол химиялық элементтің басқа изотоптарының төзімдірек ядроларына қоршаған ортаға иондануши сәулелену түріндегі энергия бөлінумен айналады.

Барлық изотоптары радиобелсенді химиялық элементтерді *радиобелсенді элементтер* деп атайды. Радиобелсенді элементке мысал болып уран табылады. Егер сутегі және уранның изотоптарын салыстырсақ, онда сутегінде 2 тұрақты изотобы бар (протий және дейтерий) және біреуі радиобелсенді (тритий), ал уранда тұрақты изотоптары жоқ, оның барлық изотоптары – радиобелсенді екенін көруге болады.

*Радиобелсенді* болып элементтердің Периодтық жүйесінде реттік номері 83-ге тең висмуттан кейін орналасқан барлық химиялық элементтер табылады. Қалған химиялық элементтер тұрақты да, радиобелсенді де изотоптарға да ие.

Шамамен 1700 қазіргі уақытта белгілі нуклиидтерден тек 256 ғана тұрақты. Қалғандары радиобелсенді болып табылады және тұрақты нуклиидтерге айнала отырып өздігінен ыдырайды.

II. Өзінің табигаты, энергиясы, затқа ену тереңдігі және тірі ағзаларға әсер ету деңгейі бойынша ажаратылатын иондаушы сәулеленудің әр түрлі түрлері бар. Иондаушы сәулеленудің екі тобын ажыратады: *корпускулярлы* и *электромагнитті* (фотонды).

**Корпускулярлы сәулелену** (альфа-, бета-, протонды, нейтронды және басқа) тез қозғалатын бөлшектер ағымы болып табылады.

**Электромагнитті (фотонды) сәулелену** (рентгендік, гамма-сәулелену) - бұл электромагнитті толқындардың әр түрлілігі. Электромагнитті толқындардың барлық түрлері сәулеленеді және кеңістікте энергияны қatal анықталған мөлшерде тасымалдайды – *кванттармен немесе фотондармен.*

Ядролардың радиобелсенді ыдырауы кезінде ионизациялық қабілетіне ие α-, β-, γ-сәулелер шығарылады. Сәулеленетін ортаның бір бөлігі жұтылған сәулелермен иондалады. Бұл сәулелер сәулеленетін заттың атомдарымен әрекеттеседі, ол атомдардың қозуына және олардың электронды қабаттарынан жеке электрондарды жұлып алуына алып келеді. Нәтижесінде атом оң зарядталған ионға (*бірінші реттік иондану*) айналады. Жұлынып алынған электрондар, өз кезегінде, қарама-қарсы атомдармен өздері әрекеттеседі, *екінші реттік иондануды* тудырады. Барлық энергияларын жұмсаған электрондар нейтралды атомдарға «жабысады», теріс зарядталған иондар түзеді.

Әр түрлі сәулелердің иондаушы қабілеті бірдей емес. Ол α-сәулелерде жоғарырақ, β-сәулелер заттың азырақ ионизациясын тудырады. Ең төмен иондаушы қабілетке γ-сәулелер ие. Отіп кету қабілеті γ-сәулелерде жоғары, ал α-сәулелерде төмен.

Барлық заттар сәулелерді бірдей жұтпайды. Жоғарғы жұту қабілетіне қорғасын, бетон және су ие, оларды көбінесе иондаушы сәулелерден пайдаланады.

Жердегі барлық тіршілік иелері әрқашан *радиациялық фонды* қалыптастыратын ИС табиғи және жасанды көздері есебінен ішкі және сыртқы сәулелену жолдарымен иондаушы радиация әсеріне ұшырайды.

**ИС табиғи көздері** – бұл ғарыштық сәулелену және атмосферада, литосферада, гидросферада жайылған және биологиялық ағзалар құрамында болатын табиғи радионуклидтерден сәулеленулдердің жиынтығы: барлық осы сәулеленулер *табиғи радиациялық фонды* құрайды, олардың орташа эффективті дозасы бір адамға жылына 2 000 мкЗв құрайды.

**ИС жасанды көздері** – бұл ИС және ядролық жарылыстар, АЭС әрекеті, пайдалы қазбаларды Жер қойнауынан шығару, медицинада, ғылымда және адамны шаруашылық әрекетінің басқа салаларында пайдалану салдарынан пайда болған радиобелсенді заттар жиынтығы. Бұл көздердің жиынтығы *жасанды радиациялық фонды* құрайды, ол қазіргі уақытта Жер шары бойынша жалпы табиғи радиациялық фонға тек 1-3 % қосады.

### **Сәулелену көзінің белсенділігін өлшеу**

Радиациялық құбылыстарды өлшеудің екі түрі бар: 1) сәулелену көзінің белсенділігін өлшеу; 2) сәулелену дозасын өлшеу.

**Белсенділік** – бұл уақыт бірлігінде ыдырайтын ядролар саны. ХБЖ жүйесінде белсенділіктің өлшем бірлігі болып **Беккерель** (Бк) табылады. Радиобелсенді затта 1 Бк белсенділікпен орташа секундына бір аяқ асты ядролық айналу жүреді. **1 Бк = 1 распад/с.**

Белсенділіктің жүйеден тыс бірлігі – **Кюри** (Ки). 1 Кюри 1г радиийдің белсенділігіне сәйкес келеді.

$$1 \text{ Ki} = 3,7 \cdot 10^{10} \text{ Бк.}$$

1Ки-ге сәйкес келетін радиобелсенді заттың салмағы баяу ыдырайтын және жылдам ыдырайтын изотоптарда ажыратылған. Мысалы, радий үшін 1 Ки белсенділік 1 г сәйкес келеді, ал қысқа өмір сүретін радиобелсенді натрий үшін –  $10^{-7}$  г. Белсенділіктің одан да кіші бірліктері бар: *милликюри (мКи) =  $10^{-3}$  Ки; микрокюри (мкКи) =  $10^{-6}$  Ки; нанокюри (нКи) =  $10^{-9}$  Ки; пикокюри (пкКи) =  $10^{-12}$  Ки.*

Заттағы радионуклидтің концентрациясын *меншік* немесе *көлемдік* белсенділік бойынша бағаланады.

**Меншік белсенділік** – заттың, оның массасының бірлігіне есептегі белсенділігі, ал **көлемдік белсенділік** – заттың көлем бірлігіне. Мысалы: Например: Кюри квадрат километрге (Ки/км<sup>2</sup>); Беккерель 1 г затқа (Бк/г); Беккерель 1 мольге (Бк/моль).

Меншік белсенділікті (Ат, Бк/кг) әдетте қатты заттардағы радионуклидтердің болуын бағалағанда қолданады, ал көлемдікті (Ав, Бк/м<sup>3</sup>) – сұйық және газ тәрізді (су, ауа және т.с.с.) заттардағы радионуклидтердің болуын бағалау кезінде қолданады.

Объекттің бетіде радионуклидтердің таралуын *объект бетінің аудан бірлігіндегі радионуклидтің белсенділігі* бойынша сипаттайты. Бұл өлшем әдетте территорияның радионуклидтармен ластану деңгейін сипаттау үшін пайдаланады, оны көбінесе *ластану тығыздығы* деп атайды. Эта величина обычно применяется для характеристики уровня загрязнения территории радионуклидами, часто ее называют *плотностью загрязнения*.

### **Сәулелену дозасын өлшеу.**

Сәулелену көзі белгілі бір белсенділікке ие бола отырып, сәулеленетін ортамен оның ионизациясын тудыра отырып өсерлеседі. Бұл кезде сәулеленетін ортамен сіңірлетін энергия *радиациялық эффектті* анықтайты. Радиациялық эффекттің сандық сипаттамасы сәулелену дозасымен анықталады. Осылайша, *сәулелену дозасы* – бұл радиobelсенділік әрекеттің (белсенділіктің) нәтижесі.

Радиobelсенді бөлшектер затпен әрекеттескен кезде иондардың пайда болуы, сәулежүту және серпімді жайылу жүреді. Ауаның ионизация мөлшері *экспозициялық дозамен* сипаталады ( $D_{\text{Э}}$ ), оны өлшеу үшін жүйеден тыс бірлік *рентгенді* ( $P$ ) қолданады. 1 Р доза ауаның  $2,08 \times 10^9$  ион/см<sup>3</sup> жұбына сәйкес келеді. Бұл 1 см<sup>3</sup> сәулеленгенде онда  $2,08 \times 10^9$  жұп ион пайда болды дегенді білдіреді. Тәжірибеде рентгеннен 1000 рет кіші бірлік *миллирентгенді* ( $mP$ ) және рентгеннен миллион рет кіші *микрорентгенді* ( $\mu\text{kP}$ ) қолданады.

Халықаралық бірліктер жүйесінде (ХБЖ) экспозициялық доза *кулон килограммаға* (Кл/кг) өлшенеді. *Кулон килограммаға* – бұл рентгендік және гамма сәулеленудің экспозициялық дозасы, ол кезде 1 кг құрғақ атмосфералық ауада әр таңбаның 1 кулон электр токты заряды бар иондар пайда болады. Рентгениң және кулонның килограммға қатынасы:  $1P = 2,57976 \times 10^{-4}$  Кл/кг (ауа) немесе  $1\text{Кл}/\text{кг} = 3876$  Р.

Кез келген радиobelсенді заттың гамма-сәулеленудің ионданушы әрекеті оны радийдің эталонды көзінің әрекетімен салыстырумен бағаланады және *радийдің миллиграмм-эквивалентімен* ( $\text{мг-экв Ra}$ ) немесе *радийдің грамм-эквивалентімен* ( $\text{г-эквRa}$ ) көрсетіледі.

Уақыт бірлігінде алынған экспозициялық доза *сәулелену интенсивтілігі(қуаты)* деп аталады. Ол өлшенеді: *рентген сагатына* ( $P/\text{саг}$ ), *миллирентген сагатына* ( $mP/\text{саг}$ ), *микрорентген сагатына* ( $\mu\text{kP}/\text{саг}$ ).

Экспозициялық доза ( $D_{\text{Э}}$ ), доза интенсивтілігі ( $P$ ) және сәулелену уақыты арасындағы қатынас былай көрінеді:

$$D_{\text{Э}} = P * T$$

Осылайша, экспозициялық доза *радиациялық өрісті* сипаттайты, яғни ионданушы сәулеленудің тірі ағзаға потенциалды әсер ету деңгейін. Бірақ сәулелік әсер сатысы, сәулелік жарақат тереңдігі және формасы *жұтылған сәулелену энергиясына* немесе иондаушы сәулеленумен сәулеленетін затқа немесе адам терісіне енгізілетін энергия мөлшеріне тәуелді. Сәулеленетін дененің масса бірлігімен жұтылған энергияны *жұтылған дозамен(Дж)* сипаттау қабылданған – бұл элементар қөлемдегі затқа иондаушы сәулеленумен берілген энергияның осы қөлемдегі зат массасына қатынасы. ХБЖ-де жұтылған доза ( $\text{Дж}/\text{кг}$ ) өлшенеді және арнайы атауға ие – *Грей* ( $\text{Gr}$ ). 1 Гр = 1 Дж/кг. Жұтылған дозаның жүйеден тыс өлшем бірлігі – *рад*. 1 рад 1 кг затпен жұтылған 100 эрг сәулелену энергиясына сәйкес келеді: 1 рад = 100 эрг/г =  $1 \times 10^{-2}$  Дж/кг =  $1 \times 10^{-2}$  Гр. 1 Гр = 100 рад.

Элементар бөлшектер бірдей емес ионизациялық қабілетіне ие. Сәйкесінше, әр түрлі бөлшектермен тірі ағзалардың сәулеленуі кезінде *радиобиологиялық эффектті* бірдей жұтылған дозалар кезінде де әр түрлі болады. Сондықтан тірі ағзалардың сәулелену мөлшерін өлшеу үшін *эквивалентті доза* ( $D_{\text{экв}}$ ) түсінігі енгізілген, ол сәулеленудің *сана*

коэффициентін(СК) есепке алады. **Эквивалентті доза**— бұл органда немесе теріде сәулеленудің берілген түрі үшін сәйкес келетін сапа коэффициентіне көбейтілген жұтылған доза. Эквивалентті доза **бәрмен** өлшенеді (рентгеннің биологиялық эквиваленті деп бажайланады). Бұл бірлік жүйеден тыс. Рад пен бәр арасындағы қатынас мына түрге ие:

$$1 \text{ бәр} = 1 \text{ рад} * \text{КК}$$

Халықаралық бірліктер жүйесінде эквивалентті доза **Зивертпен** (Зв) өлшенеді.

$$1 \text{ Зв} = 1 \text{ Гр} * \text{КК}$$

Бәр және зиверт арасындағы қатынас:

$$1 \text{ Зв} = 100 \text{ бәр}$$

Адамдар тобының радиациялық жақақттануы жағдайында **коллективті эквивалентті дозаны** есептейді, ол адам-зивертпен өлшенеді (ад-Зв).

Уақыт бірлігінде қабылданған дозаны белгілеу үшін **доза қуаты** бірлігін қолданады, мысалы: бәр/сағ; Зв/сағ; Гр/с; Зв/с.

**Эффективті эквивалентті доза** – адамның органдарының радиосезімталдығын есепке алатын, сәулеленудің жеке нәтижелерінің пайда болу тәуекелінің өлшемі болып табылады. Зв-пен өлшенеді.

### Сәулеленурлердің тірі ағзаларға әсері.

Радиацияның күшті дозалары тірі ағзаның жасушаларын өлтіреді. Аз дозалары жасушаны толығымен бұзбайды, бірақ оны сезілетіндегі өзгертерді. Тірі ағзалардың жасушаларында радиацияның әсерінен жүріп жататын бірінші реттік физико-химиялық үрдістер оларға иондаушы сәулеленудің тікелей және жанама әсеріне міндетті.

Сәулелердің *тікелей әсері* олармен ақызыз молекулаларын ыдыратуында және жасуша ядроларында ДНК-ны бұзуда жатыр. Сонымен бірге, сәулелердің жасуша ядронына тұсу мүмкіндігі иондаушы бөлшектің өлшеміне тұра тәуелді.

Сәулеленудің ағзаға *жанама әсері* дene массасының 75%-ын құрайтын су молекулаларының, сондай-ақ жасушаларда болатын O<sub>2</sub> молекулаларының иондануы түрінде көрінеді. Пайда болған H<sup>+</sup>, OH<sup>-</sup> иондары және радикал O<sub>2</sub><sup>-</sup> ионы ақызыз молекулаларын тотықтырады және оны бұзады.

Иондаушы сәулелену ағзаны әлсіретеді және иммунитетті, яғни оның инфекцияларға қарсылық көрсету қабілетін төмендетеді. Радиацияның үлкен дозалары түрдің уақытша немесе толық стерилизациясына, сондай-ақ келесі ұрпақтарда көрінуі мүмкін генетикалық өзгерістерге алып келеді.

Аса сезімтал болып кейбір органдардың (жұлын, көкбауыр) тез жаңаратын тіндердің жасушалары табылады. Жасушалардың өлімі жеке органдардың функцияларының бұзылуына алып келеді, ол ары қарай бүкіл ағзаның өмір сұру үрдістерінің бұзылуынан көрінеді.

Радиациялық сәулеленудің тірі ағзаларға әсері сәулелену түріне (α-, β-, γ-сәулелер және т.с.с.), сәулелену жолына және оның ұзақтығына тәуелді. Егер сәулелену көзі ағзадан тыс орналасса, онда тіндерге, басты түрде жоғарғы өтіп кету қабілетіне ие γ-сәулелену әсер етеді. Радиация көзі ағза ішіне түскен жағдайда тек γ-сәулелер ғана емес, сондай-ақ әсірісе толығымен тіндермен жұтыллатын α-, β-сәулелер қауіпті болады.

Қысқа уақыт ішінде (минуттар мен сағаттар) ағзамен қабылданатын үлкен дозалар ағза ұзақ ұстап тұратын созылмалыларға қарағанда *кушті* деп аталады.

Tірі ағзалар бір бірінен қандай да бір сәулелену дозаларын ұстау қабілеті бойынша қатты ерекшеленеді. Төмен сезімталдыққа вирустар, бактериялар, бүргілер және лишайниктар ие. Олардан кейін жәндіктер тұр. Жануарлар сәулеленуге көбірек сезімтал.

### Бақылау сұрақтары.

1. Радиациялық құбылыстарды өлшеудің қандай түрлері бар?
2. Белсенділікке анықтама беру.
3. Белсенділікті өлшеудің негізгі бірліктерін атау.
4. Заттағы радионуклидтің концентрациясын қандай көрсеткіш бойынша бағалайды?

5. Ауаның ионизация мөлшері қандай күрсеткіш бойынша сипатталады? Оның анықтамасын беру.
6. Экспозициялық дозаны өлшеу бірліктері.
7. Сәулелену қуаты деп не аталады?
8. Жұтылған доза анықтамасын беру.
9. Жұтылған дозаның өлшем бірлігі.
10. Эквивалентті доза деп не аталады?
11. Эквивалентті дозаның өлшем бірлігі.

### *Сабак №28.*

**Тақырып 5.2:** Радиоактивті сәулеленулерді анықтау және өлшеу әдістері.

**Жоспар:**

1. Иондаушы сәулеленулер детекторлары
2. Ионизациялық камералар
3. Ионизациялық камераның құрылышы
4. Газразрядты есептеуіштер және олардың жұмыс істеу принципі.
5. Сцинтиляционды детекторлар.

### I. Иондаушы сәулеленулер детекторлары.

Детектор – бұл иондаушы сәулеленулерді анықтау, олардың энергиясын және басқа қасиеттерін өлшеу үшін қолданылатын аспатардың бөлігі (элементі). Детектор көптеген зерттелетін сәулелерді өлшеуге арналған аспаптар және күрделі құрылғылардың маңызды элементі болып табылады. Детектордың жұмыс істеу принципі біршама деңгейде сәулеленудің детектордың затымен әсерлесуінен туындаған әсердің сипатымен анықталады, ал сәулеленулерді детектрлеу осы әсерді анықтаумен және өлшеумен байланысты.

Білетініміздей, иондаушы сәулелердің зат арқылы өтуі олардың энергиясын атомдардың электрондарымен және ядроларымен әрекеттесуінің түрлі үрдістерінде жоғалтуымен қатар жүреді. Детектор өзінде жұтылған энергияны түркеу үшін ынғайлы энергияның қандай да бір басқа түріне айналдырады. Әдетте, сәулелену энергиясы электрлік дабылға айналатын детектор қолданылады.

Көптеген детекторлардың әрекеті иондаушы сәулеленумен заттың атомдарын немесе молекулаларын иондаудан немесе қоздырудан болған әсерді анықтауға негізделген. Газда ионданудан болған әсерді анықтауға негізделген детекторларға иондаушы камералары және газразрядты есептеуіштері жатады.

Ионизациялық камераада электрондар және сәулеленумен туындаған оң иондар электрлік өріс күштерінің әсерінен сәйкес келетін электродтарға ығысады, бұл сыртқы тізбекте токтың пайда болуына алып келеді. Бұл токтың шамасы ионизациялық әсердің шамасы ретінде қызмет етеді.

### II. Ионизациялық камералар

**Ионизациялық камералардың жұмыс істеу принципі.** Ең қарапайым ионизациялық камера екі параллель металл пластинадан – электродтардан тұрады, арасындағы кеңістік ауамен немесе басқа газбен толтырылады және камераның сезімтал көлемі болып табылады. Камера электродтарына тұрақты кернеу көзінен қандай да бір потенциалдар айырымы қойылады.


Егер камераға радиобелсенді көзді жақыннатса, онда оның сәулеленуі сезімтал көлемді толтыратын газдың атомдарымен және молекулаларымен әсерлесе отырып, олардың иондануын жүзеге асырады. Электродтар арасындағы кеңістіктеге газдың электрлік нейтралды атомдары және молекулаларынан электрондар және оң иондар түзіледі. Өзгермейтін шарттар кезінде уақыт бірлігінде сезімтал көлемнің  $1 \text{ см}^3$ -да түзілген иондар жұптарының саны экспозициялық және жұтылған дозалардың түрі және қуатымен анықталады.

Егер электродтар арасында потенциалдар айырымы болмаса, онда иондар камерада хаостық жылулық қозғалыс жағдайында болады, бұл кезде олар өзара соқтығысады және қайтадан электрлік нейтралды атомдар және молекулалар түзе отырып рекомбинацияның дәрежесіне пропорционал:  $n_p = \alpha n_+ n_- = \alpha n^2$ , мұнда  $\alpha$  – рекомбинация коэффициенті, камерадағы газдың температурасына, физико-химиялық қасиеттеріне, қысымына тәуелді.

### III. Ионизациялық камераның құрылышы.

Ионизациялық камералар түрлі формаларға және құрылышқа ие болуы мүмкін. Өскери дозиметрлік аспапта цилиндрлік және жазық (тікбұрышты) формалы камералар кең қолданыс тапты.

Цилиндрлік ионизациялық камералар құрылымдық жағынан босденелі электротрізгіш цилиндр және коаксиальді орналасқан электротрізгіш стерженьнен тұратын жүйе болып табылады. Сыртқы электрод камераның коректену көзінің оң полюсімен қосылады. Цилиндрлік камераның құрылышының нұсқаларының бірі 4 суретте көрстілген.



Камера алюминий цилиндрден 1 және цилиндр осі бойынша орналасқан алюминий стерженьнен 2 тұрады. Стержень изоляторда 3 бекітіледі. Бұл изоляторда тағы корпуспен жалғанған алдыналағыш сақина бар.

Сипатталған құрылымды камера ДП-3 және ДП-3Б рентгенметрдің қабылдағышы ретінде қолданылады.

Жазық ионизациялық камералар құрылымдық түркисынан тіктөртбұрышты қорап ретінде орындалады, оның ішінде стержень немесе пластина орналасады. Өте жиі қораптар пресс-ұнтақтан дайындалады. Графит қабаты оң электрод, ал стержень немесе пластина – камераның теріс электродының қызметін атқарады.

Сәулелену дозасын өлшеуге арналған конденсаторлы камералар құрылымы олардың эксплуатациялау ерекшелігімен анықталады.

Конденсаторлы ионизациялық камералар қолдану ынғайлылығы мақсатында кіші өлшемді және кіші массалы болып орындалады. Құрылымдық жағынан мұндай камералар электротрізгіш материалдан жасалған кішігірім өлшемді тұтік болып табылады, оның ішінде металл стержень орналасады. Өлшеулер шегін кеңейту үшін электродқа паралельді жоғары сапалы диэлектрикі бар конденсатор қосылады.

5 суретте жеңілдетілген түрінде ДП-22В, ДП-24, ДП-23А, ДК-02 сәулеленуді жеке бақылау дозиметр комплектісі ретінде қолданылатын конденсаторлы ионизациялық камера көрсетілген.

### IV. Газразрядты есептеуіштер және олардың жұмыс істеу принципі.

Газразрядты есептеуіштер иондаушы сәулелердің әр түрлерін тіркеу үшін дозиметрлік аппаратураларда кеңінен қолданылады. Жоғары сезімталдық, үлкен шығыс сигналы, тіркеуіші

электронды сызбалардың қарапайымдылығы, құрылымының оңайлығы, кіші габариттер және эксплуатациядағы ынғайлылық газразрядты есептеуіштерді ионизациялық камералардан ажыратады. Газразрядты есептеуіштің ионизациялық камерадан принципиалды айырмашылығы газразрядты есептеуіште соққылы ионизация құбылысы есебінен ионизациялық токтың күшеюі қолданылады.

Соққылы ионизациялық құбылыстың мәні келесіде жатыр. Потенциалдардың қандай да бір айырымы қосылған есептеуіштердің электродтары арасындағы кеңістікте орналасқан электронға  $F=eE$  ( $E$  – электрлік өрістің кернеуі) тең күш әсер етеді.


Күш әсерінен орын ауыстыру үрдісінде электрон жылдамдығы ұлғаяды, ал сәйкесінше, оның кинетикалық энергиясы да ұлғаяды. Өзінің қозғалыс жолында электрон нейтралды атомдармен немесе молекулалармен қақтығысады және оларға қақтығыстар арасында алған энергия қорын береді. Электростатикалық өрістің кернеулілігінің үлкен мәндегі кезінде электронның бос жүріс ұзындығында алынған кинетикалық энергиясы есептеуіштің газды толтыру молекулаларының иондану потенциалынан асуы мүмкін.

Бұл жағдайда электронның нейтралды молекуламен қақтығысуы ионданумен жүретін болады және есептеуіштің жұмыс көлемінде тағы бір иондар жұбы пайда болады. Соққылы иондану нәтижесінде түзілген электрондар үлкен электрлік өрістерде өз кезегінде соққымен иондану үшін жеткілікті энергияға ие болуы мүмкін.

Құрылымдық түрғыда газразрядты есептеуіш металл немесе шыны, іші металл қабатпен жабылған цилиндр түрінде орындалады, оның осі бойынша жіңішке жіппе тартылады. (6 сур). Жіппе қоректену көзінің оң полюсіне қосылады және анодтың қызметін атқарады, ал металл цилиндр – қоректену көзінің теріс полюсіне қосысылып, катод қызметін атқарады. Анодты жіңішке металл жіппе ретінде дайындау есептеуіш электродтарында салыстырмалы үлкен емес кернеуі кезінде соққылы иондану шартын жасау үшін қажетті электрлік өрістің кернеулілігінің үлкен мәнін алуға мүмкіндік береді.

Толтырғыштар ретінде көптеген жағдайларда асыл газдарды, аргон және неон қолданады. Газды есептеуіште толтырғышты таңдау кезінде жүгінетін негізгі талап газдар электрондарының жеткілікті аз жабысу коэффициентіне ие болуында жатыр. Бұл талапты орындау кезінде теріс зарядтарды есетеуішке көшіру бос электрондармен жүзеге асырылады. Есептеуішті толтыру үшін ауаны қолдану тиімсіз, себебі ауа құрамына кіретін оттегі электрондармен оңай қосылады және баяу қозғалатын теріс электрондарды түзеді.

**Гейгер-Мюллер есептеуіші** аргонның және галоид қосындысы бар спирттің газды қоспасымен толтырылған герметикалық баллон (трубка) болып келеді. Трубка осі бойынша анод ретінде қызмет ететін жіп тартылған. Баллонның ішкі металл жабыны катод болып табылады. Электродтарға тұрақты тоқтың жоғары кернеуі беріледі (400-1000 В). Есептеуіштің қабыргаларынан гамма-сәулелермен шығарып алынған бета-бөлшектер немесе электрондар баллон ішіне түскен кезде газ ионизациясы жүреді. Нәтижесінде электрондар арасында иондар тасқыны пайда болады, және қысқа уақытты электрлік заряд болады. Есептеуіш тізбегінде кернеу импульсі тіркеледі. Есептеуіштердің сезімталдығы ең алдымен гамма-сәулелер электрондарды шығырып алатынкатодтың материалына тәуелді.



Счетчик Гейгера-Мюллера


### Сцинтиляционды детекторлар.

Сцинтиляционды есептеуіштің жұмысының мәні кейбір кристаллдарда, органикалық сүйкіткіштердада немесе пластмассаларда оларға зарядталған бөлшектер немесе гамма-кванттардың түсіі кезінде пайда болатын **люминесценция** жарқылдарын тіркеуде жатыр.

Кристалдардағы жарқылдар **фотокатодпен** фиксацияланады және тізбекте электр тогының импульсі туындаиды.

Алайда, өздерінен өзі жарқылдар өте әлсіз болуы мүмкін. Оларды фиксациялау үшін **фотоэлектронды көбейткіштер (ФЭК)** қолданылады. Олар фотокатодтың бетінен жарық жарқылымен шағылған электрондарды көбейту жүйесі бар вакуумды электронды аспаптар болып табылады. Көбейткіш жүйе арнайы қабатпен жабылған бірнеше бірінен соң бірі орналасқан **динодтардан** (эмиттерден) тұрады. Диодтарды атқылайтын электрондар саны бірінші реттік электрондардың санынан минимум 2 есе асатын олардан екінші реттік электрондарды шығарады. Осылайша, әр келесі динод электрондар санын көбейтеді. Соңғы динодтан аспаптың күшеткіш-өлшеу сырбасына электрондардың ағыны келіп түседі. ФЭК арқасында сцинтиляционды есептеуіштер газ толтырылған есептеуіштермен салыстырғанда аса көп сезімталдылықта ие.

Альфа-бөлшектерді тіркеу үшін сцинтиляторлар (люминофор) ретінде күкіртті цинкты жүқа қабатын қолданады, ал бета-бөлшектерді тіркеу антраценнің, стильтеннің кристаллдарының, сондай-ақ сцинтиллайлайтын пластмассалардың көмегімен жүзеге асырылады. Гамма-кванттарды кезінде таллиймен белсендірілген йодты натрий және йодты цезий монокристаллдары қолданылады.



*Фотоэлектронды көбейткіш сырбасы:*

1 – гамма-квант; 2 – кристалл-люминофор; 3 – фотокатод; 4 – эмиттерлер (динодтар); 5 – коллектор.

### **Бақылау сұрақтары.**

1. Қандай детекторлар бар?
2. Ионизационды детекторлардың жұмыс сырбасы.
3. Гейгер-Мюллердің есептеуішінің жұмыс істеу принципі.
4. Жартылай өткізгіштікі детекторлардың жұмыс сырбасы.
5. Сцинтиляционды есептеуіштің жұмысының мәні неде жатыр?
6. Фотоэлектронды көбейткіштің жұмыс сырбасы.

### **Сабак №29.**

#### **Тақырып 5.3: Дозиметрлік аспаптар, олардың қолданылуы мен сақталуы**

**Жоспар:**

1. Дозиметрияның мақсаттары.
2. Дозиметрлік аспаптар. Дозиметрлік аспаптардың арналуы және жіктелуі
3. Дозиметрлік аспаптардың қолданылуы.
4. Құрылғыларды орналастыру және химико-радиометрлік зертхананы жабдықтау.

### **1.Дозиметрияның мақсаттары.**

Дозиметрияның негізгі мақсаты иондаушы сәулелердің радиациялық жағдайлардың түрлі шарттарында әрекетін қамтамасыз ету мақсаттарында тұрғындар, әскерилер және әскери емес АҚ күрылымдары үшін қауіптілік деңгейін анықтау және бағалау болып табылады.

- ✓ Оның көмегімен жүзеге асырылады;
  - ✓ Зақымдану орталықтарында тұрғындардың өмір сүру қабылетін және құтқару жедел апаттық-қалыпқа келтіру жұмыстарын сәтті жүргізуді қамтамасыз ету үшін сәулеленудің экспозициялық жұтылған дозасының қуатын анықтау және өлшеу;
  - ✓ Дезактивация және санитарлы өндөуді жүргізудің қажеттілігін және толықтылығын анықтау үшін, сондай-ақ залалданған тағам өнімдерін пайдалану нормаларын анықтау үшін радиобелсенді заттар белсенділігін, түрлі объектілердің тығыздығын, ИС ағымын, меншікті көлемділік, беттік белсенділігін өлшеу;
  - ✓ Радиациялық қатынаста тұрғындардың және жеке тұлғалардың жұмыс істеу және өмір сүру қабілетін анықтау мақсатында сәулеленудің экспозициялық және жұтылған дозаларын өлшеу;
  - ✓ Тағам өнімдерінің, судың, фураждың радиобелсенді заттармен заладану деңгейін зертханалық өлшеу.

2.Дозиметрлік аспаптардың жіктелуі және құрылғының жалпы принциптері.

Дозиметрлік аспатарды арналуы, датчиктердің түрі, сәулелену түрінің өлшеуі, электрлік дабылдардың сипаты, аспаптың қайта өндөлу сыйбасы бойынша жіктеуге болады.

- **Индикаторлар** – радиациялық барлаудың қарапайым аспаптары; олардың көмегімен сәулеленуді анықтау және басты түрде бета және гамма сәулеленулердің дозасының қуатын бағдарлы анықтау тапсырмалары шешіледі. Бұл аспаптар дыбыстық және жарықтық дабылы бар қарапайым электрлік сыйбаға ие. Индикаторлардың көмегімен доза қуатының кемуін немесе өсуін белгілілеуге болады. Датчик қызметін газразрядты есептеуіш орындаиды. Аспаптардың бұл тобына ДП-63, ДП-63А, ДП-64 индикаторлары жатады.
  - **Рентгенометрлер**- рентгендік және  $\gamma$ -сәулеленудің дозасының қуатын өлшеуге арналған. Олар сағатына рентгеннің жүзден бір бөлігінен бірнеше жүз рентгенге дейін өлшеу диапозонына ие.  
Бұл аспаптарда датчиктер ретінде иондаушы камералар немесе газразрядтыесептеуіштер қолданылады. Мұндай аспаптар жалпы әскери ДП-2 рентгеномері, «Кактус» типті рентгеномері, ДП-3, ДП-3Б, ДП-5А, Б жіне В, т.б. болып табылады.
  - **-Радиометрлер-** ( радиобелсенділікті өлшеуіштер)-басты түрде  $\alpha$  және  $\beta$  бөлшектермен беттердің, құрамдардың, қарудың, киімнің, ауа көлемінің радиобелсенді залалдануын табу және анықтау үшін қолданылады. Радиометрлермен  $\gamma$ -сәулеленудің үлкен емес деңгейлерінде өлшеу мүмкін бола алады.  
Радиометрлердің датчиктары болып газразрядты және синтиляционды есептеуіштер табылады. Бұл аспаптар көп тараған және кең қолданысқа ие.Мұндай аспаптар болып базалық-әмбебап ДП-12, «Луч-А» бета-гамма радиометрі, «Тисс» радиометрі, ДП-100М және т.б. табылады.
  - **-Дозиметрлер-** әрекет ету ауданында өту уақытында жеке құраммен қабылданатын жиынтық сәулелену дозасын анықтауға арналған, басты түрде  $\gamma$ -сәулеленуді жеке дозиметр кіші өлшемді ионизациялық камералар не болмаса пленкалы фотокассеталар болып табылады. Камералар және зарядты өлшеуіш құрылғылар комплектісін тұратын жинақты индивидуалды дозиметрлік бақылау комплектісі деп атайды. Индивидуалды дозиметрлік бақылау комплектісі деп аталауды. Индивидуалды дозиметрлер комплектісі болып ДК-02,

ДП-22В, ДП-24, ИД-1, ИД-11 және басқалары болып табылады. Датчиктар типі бойынша аспаптарды ионизациялық камераларды, цилиндрлік немесе торцты газразрядты, сцинтиляционды есептеуіштерді және фото қарсыласудағы есептеуіштерді қолданатын деп ажыратуға болады.

Сәулелену түрін өлшеуі бойынша аспаптарды гамма-сәулелерді, бета және альфа бөлшек терді, нейтронды ағымды өлшеуге арналған деп бөлуге болады. Бірінші топқа бақыланатын сәулеленудің бөлшектері немесе фотондары детекторлармен бірінғай қысқа электрлік дабылдарға (импульстерге) айналатын аспаптар жатқызылады. Бұл топта электрлік сызба импульстерді айналдыру және күшету функциясын орындайды. Екінші топтқа детектор өзіне әсер ететін сәулеленуді үздіксіз тұрақты тоққа айналдыратын дозиметрлік аспаптар жатады. Бұл жағдайда электрлік сызба тұрақты тоқты күшету және айналдыру қызметін атқарады. Түгел дерлік қазіргізаманға дозиметрлік аспаптар ионизациялық әдіс негізінде жұмыс істейді. Аспаптың негізгі түйіндері болып табылады:

- Сәулелену детекторлары датчиктардың негізгі құрамдас элементтері ретінде, ғұни ионизациялық камералар, газразрядты есептеуіштер немесе сцинтиляторлар;
- Импульстерді айналдырығыш электрлік сызба;
- Өлшеуіш және тіркеуіш аспаптар (аспап арналған физикалық шамалар бірлігінде градуирленген).

Аспаптың типтік сызбасының жалпы бейнесі 17 суретте көрсетілген.

#### **Дозиметрлік және радиометрлік аспаптардың қолданылуы.**

Азаматтық қорғаныс жүйесінде табельді дозиметрлік аспаптардың бірқатары қолданылады. Халық шаруашылығында радионуклидтерді кең қолданумен байланысты отандық өнеркәсіп түрлі мақсаттардағы дозиметрлік аспаптардың үлкен санын шығарады (радиометрлер, рентгенометр, дозиметрлер, дозиметрлік дабылдағыштар, ені бар атомдардың интенсиметрі, спектрометрлер және басқалары. ) Олардың бір бөлігі қажет болғанда үлкен сәттілікпен азаматтық және жергілікті қорғаныс мақсаттары үшін қолданылуы мүмкін. Негізгі бөлімде азаматтық қорғаныс жүйесінде халық шаруашылығы үшін шығарылатын дозиметрлік аспаптардың қолданылуы бойынша нұсқаулықтар келтірілген және мүмкіндіктер қарастырылған. Мұндай аспаптар санына ПМР-1 типті қозғалмалы медициналық рентгенометр, МРМ-1, МРМ-2 типті қозғалмалы медициналық микрорентгенметр, РП-1 қозғалмалы рентгенметр, «Карагач-2» гамма-рентгенметр, тасымалданатын универсалды РУП-1, РУСИ-7 радиометрлері, РВ-4 типті тасымалданатын аэрозольді радиометр, ГБР-3 тасымалданатын гамма-бета радиометрі, ДП-100, Б-3 типті стационарлы радиометрі, ПС-5М типті есептегіш аспап, ПП-16, ПП-9-2М, ПС02-4 типті декодты есептегіш аспап, ТИИ типті қозғалмалы универсалды радиометр, КИД-4, КИД-6, ИФКУ-1, ИКС, ГНЕЙС және басқа типті жеке дозиметрлік бақылау комплектілері жатады.

Аталған аспаптардың кейбіреуі қандай да бір құрылымдық өзгертулерсіз радиациялық бақылауды жүргізу кезінде иондаушы сәулеленулерден экпозициялық дозасының қуатын өлшеу шін, адамдардың сәулеленулерден жұтылғандозасының қуатын өлшеу үшін, сондай-ақ адамдардың сәулеленуінің жұтылған дозасының қуатын өлшеу, сондай-ақ радиобелсенде шашындар түсүі жайлы дабыл беру үшін қолдануға болады. Кейбір аспаптарды шамалы өзгертуден соң түрлі орталардың радиобелсенде заттармен ластану деңгейін және экпозициялық дозалардың қуатын анықтау үшін қолдануға болады. Аспаптарды жұмысқа зауыттық нұсқаулармен сәйкес дайындаиды. Азаматтық қорғаныс жүйесінде қолдану үшін олар орындарда алдын ала дайындалады.

#### **Құрылғыларды орналастыру және химико-радиометрлік зертхананы жабдықтау.**

Зертхананың радиометрлік бөлімін орналастыру.

Радиометрлік зертхана ғимараты қызмет көрсетілетін объектілерге жақын орналасуы керек, бірінші қабатта және түрғын ғимараттан алыс. Зертханада жұмыс көлеміне тәуелді барлық қажетті ғимараттар (соның ішінде қосалқы) қарастырылады, олар радиобелсенде заттармен қалыпты жұмысты қамтамасыз ету қажет.

